

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Атырауская область

Абат Ботагөз	3
Айсина Нұргүл	6
Амангелді Дина	9
Амирханова Айжан	11
Әліпмұратова Құралай	13
Базарғалиев Сұлтанбек	16
Бекежанова Сымбат	18
Бекесов Мейірхан	27
Ғаділова Бибінұр	30
Даулетқалиева Фариза	33
Есенқұлова Мадина	36
Ержанғалиев Ерғанат	40
Ермекова Гүлайна	43
Жақсыбайқызы Қаракөз	46
Жанатова Данагүл	48
Жолдыхайыр Перизат	51
Жүлдасова Асем	54
Ізбай Іңкәр	56
Қабдиева Ғалия	59
Қабекеш Ақжол	62
Құбашева Жібек	65
Құрақ Гүлбарам	68
Құрманша Жалғас	70
Құтжан Қымбат	72
Мәлікұлы Мырзахан	74
Наурызбай Нұрай	78
Нұрлыбекқызы Фариза	80
Өмірзақова Інжу	85
Сатенова Аружан	87
Сатымова Айкөркем	89
Сәтібек Айкөркем	92

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Сырым Алтынай.....	95
Толепбергенқызы Аяжан	98
Төлеуғали Асыл.....	101
Тұралова Гүлсезім.....	103
Шалхарова Жаннұр.....	106

Абат Ботагөз

10- сынып, Б. Бегалиев атындағы орта мектебі,
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы
Жетекшісі: Бактигереева Жанар Мендихановна

Жасасын Жеңіс!

Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!
Болмасын соғыс!
Болмасын!

Соғыс! Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені соғыс атаулы адамзатты қырып – жоюға бағышталған. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді – мекендерді тып – типыл етті. Сөйтіп соғыс әр үйге, әр отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар ол халықтарымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бі ғаламат соғыс басталды. Сол түні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диқаншы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды.

Аналар қоштасқанда асылымен,
Арулар қош айтысты ғашығымен
Балалықтың базарын ерте жауып,
Талай жұмыс істеді бала өркен.

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыста қазақстандықтардан жасақталған әскери бөлім ата – бабаның ежелгі қаһармандық дәстүріне адал бола білді. Сол бір сұрапыл да отты жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандардың ерлік істері де ешқашан да ұмытылмақ емес.

Ешкім де ұмытылмайды,
Еш нәрсе де ұмытылмайды

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалын бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жер төлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлы байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған.

Соғыс бітті... Ауыр да азапты жылдар артта қалды,біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы анадан айырған сұм соғысқа жол жоқ....

Күткен Жеңіс жарқ етті сәуле шашып,
Жеңіс келді, қуандық көңіл тойып,
Жауды жойып батырлар елге оралды,
Ата-анамен қауышты құшақ жайып.
Аз емес зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс.
Қирады талай арман көңілге алған

Міне Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні – түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні ел мен жері үшін жанын пидә еткен, туған –туысқандарын , жақын-жарандарына, туған жеріне ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы Кеңес Одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Бүгінгі күн - көптен күткен салтанатты күн, зымыраған уақыттың қанатында.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Айсина Нұргүл

9-сынып, Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебі
Атырау облысы Исатай ауданы
Жетекшісі: Агисова Шынар Габбасовна

Ұлы Жеңіске 71 жыл

1941 жылғы 22 маусым – тарихта мәңгі есте қалатын қасіретті күн. Осыдан жетпіс бір жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды.

Ұлы Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз. Соғыс салған зардап әлі күнге толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әр қадамы, жеңісті жақындата түскен әр күні ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысы дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің қырық мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл апатта 60 млн адам қаза тапқан. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 млн. деп есептелінді. Әлем 1941 жылы соғысты кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын - соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезген.

Соғыс жылдары Қазақстанға Кеңес Одағының аудандарынан көптеген өнеркәсіп көшірілді. Ауыр машина жасау зауыттары, сондай-ақ тоқыма, мақта-мата аяқкиім фабрикалары Қазақстан жеріне өнім беріп, майдан қажетін өтеуге кірісті. Қазақ халқының да Жеңіс күнін жақындату үшін қосқан үлесі зор болды. Біздің республикадан майданға 1,7 млн азамат шақырылған. Мәскеу түбіндегі шайқастарда генерал И. Панфилов басқарған 316 – дивизия қимылдары атақты 28 жауынгердің 50 танкіге тойтарыс беруі, жас офицер Бауыржан Момышұлы бастаған батальон ерлігі әлемге жайылды. Қазақтың үш бірдей ару қыздары: Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова Кеңес Одағының батыры, ал Хиуаз Доспанова Халық қаһарманы деген атаққа ие болды. Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен қазақ Р. Қошқарбаев еді.

Әлия Молдағұлова 1943 жылдың тамыз айынан 2-Прибалтика майданында 26 атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түсті. Новосокольники темір жол станциясы маңында болған ұрыста Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап қаһармандықпен қаза тапты. Санкт Петербург және Мәскеу қалаларындағы ондаған мектептер, көшелер Молдағұлова есімімен аталады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Мәншүк Алматы медициналық институтында оқып жүрді. 1942 жылы ол өз еркімен Қызыл Армия қаталына алынып, 21-ші атқыштар дивизиясы құрамында ұрысқа қатысты. Аға Сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк Мәметова ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен көз жұмды .

Бауыржан Момышұлының әскери өмірбаянында Москва түбіндегі шайқас ерекше орын алады. Одан басқа да ерліктері аз емес. Тек 19-гвардиялық атқыштар полкінің батальон командирі ретінде Москва түбінде 27 сәтті ұрыс жүргізді. Волоколам бағытында Крюково қонысы үшін шайқаста 19-полкты басқарып, сол жерде ауыр жарақат алғанына қарамастан, күресті әрі қарай жалғастыра береді. Момышұлының осындай көптеген әскери ерлігін ескеріп, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі полковник И.И.Серебряков 1942 ж. тамызда оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Бірақ бұл наградау қағазы жоғалып кетеді.

1944 ж. шілде айында Серебряков КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына үндеу хатында: "Жолдас Момышұлына құрмет көрсетуді... өтінемін және мұны жеткізуді өзімнің парызым деп білемін... әділдік менен осыны талап етеді", — деп жазды. Бұл да аяқсыз қалады. Жерлесіміздің одан кейінгі ерліктері де ескерусіз қалады. Момышұлы полк командирі, кейін дивизия бастығы бола жүріп, Калинин майданында, Курляндиядағы неміс басқыншыларын талқандау операцияларына белсене қатысады.

1941 жылдың қыркүйек айы. Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылының басталып жатқан кезі. Ал жастардың көпшілігі Отанды жаудан қорғау үшін майданға аттанып жатқан шақ.

Бұл кезде Хиуаз да майданға медбике, тегі болмаса, санитар болып кетсем бе деп, талпынып жүрген. Сөйтіп жүргенінде ол әйгілі Марина Раскованың қыз-келіншектерден авиаполк құрып жатқандығын естиді. Бұл Хиуаз сияқты нағыз өршіл жас үшін өзінің кім екендігін көрсетіп қалатын жақсы мүмкіндік еді. Бұны Хиуаздың өзі де жақсы түсінеді. Көктен сұрағаны жерден табылған қайсар қыз ойланбастан, бірден аталған полк басшысына келеді. Қазақ қызына полк басшылығы алғашында сенімсіздікпен қараса да жауынгерлер құрамына қабылдайды. Сөйтіп, жауынгер қыз Саратов қаласының әскери әуе училищесіне жіберіледі. Мұнда штурмандар даярлайтын арнайы курсты аяқтаған жас қыз 1942 жылдың көктемінде сол кездегі авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау шептерін бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады.

Ұлы Отан соғысы ардагері Ақтай Кәкенов атамыз :Ол күнді ешқашан ұмытпаймыз . Көзімізге жас ала еске аламыз , -деді .

Ұлы Отан соғысы аяқталып , Жеңістің туы желбірегеніне міне , биыл -71 жыл ! Жеңіс күні- бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке !Ұлы Отан соғысы әрбіріміздің жүрегімізге ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы бір жүрегімізге жара салған соғыста қаншама адам қаза тауып , қаншамасы мүгедек атанып , көптеген аналар мен балалар жетім – жесір қалды .Оңай келмеген жеңісте ерен – ерлігімен көзге түскен ата – апаларымыз қазіргі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

таңда ерекеше сый –кұрметке ие !Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырларымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан , қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз .Ұлы Жеңіс - біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы .

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз . Оны жас ұрпақ білу керек . Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері , негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Амангелді Дина

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы

Кіші өнер академиясы,

Атырау қаласы

Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

ЕР ЕСІМІ, ЕЛ ЕСІНДЕ...

Биыл Ұлы отан соғысының өткеніне 71 жыл. Кейінге шегінсек, Ұлы отан соғысында қазақ халқы көп зардап шекті. Көптеген балалар жетім қалды, мүгедектер атанды, өз өмірлерімен қоштасты. Бұның барлығы тек тәуелсіздік алып, болашақты жарқын ету жолындағы күрес еді. Ер азаматтар елін, жерін қорғау үшін қасық қаны қалғанша күресті. Біз бәлкім бұл қиындықты сезіне алмайтында болармыз, бірақ соғысқа қатысқан ата-әжелеріміз көзіне жас алып еске түсіреді. Біздің еліміздің жеңіске жетуінің бірден бір себебі- намысты қолдан бермеу, ел намысын жоғары қоятын біздің ұлттық мінезіміз, ерекше қасиетіміз болып табылады. Ұлы отан соғысында қазақ халқы өзінің аз екендігіне қарамастан, ерлігін, батырлығын көрсете білді.

Ұлы отан соғысына батырлар, тіпті ерлермен қатар әйел адамдарда қатысты. Олар ерлік көрсете білді. Қазақ қыздарының арасында 19 жасында «Отан үшін» деп соғысқа аттанған Әлия мен Мәншүк бар. Олар ауыр мылтықты арқалап, соғысқа аттанды. Әлия қан майданға шығып, 78 немісті жоюы, қайран қалатын ерлік емес пе? Оның өмірі қысқа болғанымен, даңқы ұзақ. «Батырдың өзі өлсе де, аты өлмейді» дейді дана халқымыз. Сол себепті қазақ халқының батырларының есімі қазақ елінің жүрегінде мәңгі сақталады. Қазақ халқының жүрегінде өшпейтін тағы бірден- бір нәрсе қазақ батырларының ерлігі. Оларды жазықсыздан жазықсыз жазалап отырды. Бірақ бұларға қарамастан қазақ жастары ерлігімен, елдің атын шығара білді. Сонымен қатар Ұлы отан соғысына Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Мәншүк Маметова сияқты соғыста тағы да басқа апа-ағаларымыз қатысқан екен. Ұлы жеңістің ұмытылмайтыны секілді, соғыста ұмытылмастай ізін қалдырды. Ұлы отан соғысы 1941 жылы басталып, 1945 жылы аяқталды. Осы 4 жыл ішінде қазақ батырлары талай қиындықты көрді. Осы жылдар халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Ерлік елдің рухын асқақтатып, айбынын асырады. Олардың бірі әрі соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Тарихта қара таңбамен ізін қалдырған соғыс зардабынан қазақ жастарының көрген қиындығын сөзбен айтып жеткізу қиын. Оларды аямай жазаласа да, қазақ халқы мойымай, елін, жерін қорғай білді. Олардың ерен еңбектерінің арқасында біз ең бақытты балалармыз. Өмірдің қиындығын сезінбей, тату- тәтті өмір сүрудеміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Осы батырлар арасында менің үлкен атам да бар. Мен өз атамды мына өмірде көрмесемде, ол кісінің соғысқа қатысқанын әкем айтты. Мен оны елі үшін, жері үшін еңбек еткені үшін мақтан тұтамын. Әкемнің айтуы бойынша атам әскери бөлімді басқарған. Менің атам фашисттердің атқан оғынан басынан жарақат алған. Соғыс кезінде тіпті азық- түліктері де болмаған екен. Ерлікке қалай жеткендерін сөзбен айтып жеткізу қиын. Атамның соғыс кезіндегі ерен еңбегі үшін алған медальдары әлі күнге дейін үйде бар. Ол соғыс ардагері. Олардың арасында тіпті әжем де бар. Ол тылда жұмыс жасаған. Әжемнің айтуы бойынша оларды мектепте жүрген кезінде соғысқа алып кеткен екен. Сол кезде олар жас бала еді. Олар еңбекке жас кезінде араласқан. Балалық шақтың қызығын көре алмады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранған екен. Соғысты есіне түсірсе көзіне жас алып «сендердің бастарыңа мұндайды бұйырмасын» деп жиі айтып отыратын. Сол ата әжелеріміздің арқасында Ұлы жеңіске жеттік.

Биыл сол Ұлы жеңіске жеткенімізге 71 жыл толады. Жеңіс күні бұл мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке бейбітшілікмерекесі және қазақ батырларының ерлігінің мәңгі өшпейтіндігі. Біздің парызымыз олардың ерен еңбектерін естен шығармау. Өмірінің соңына дейін лайықты өмір сыйлау. Олардың көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге болып қала береді. Олардың ерен еңбегін ұмыту мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіп, еліміздің әр жерінде көптеген іс- шаралар, мерекелер өткізілуде. Әр қазақ елінің қара домалақ баласы бізді осындай күнге жеткізген соғыс ардагерлерін құрметтеп, оларды еш уақытта ұмытпауы керек, өз отанын анасындай сүюі керек. Ардагерлеріміздің арқасында біз бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Біздің қазір алаңсыз күліп – ойнап, қвзвқтап, тату- тәтті, мектеп оқушысы атанып жүргеніміздің бәрі осы соғысқа қатысқан апа- ағаларымыздың арқасы деп білемін. 9 мамырды біз тек мереке деп қана білмей, бұл халықтың ерен еңбегі. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан соғысқа қатысқан қазақ батырларына басымызды иіп, оларға құрмет көрсеткеніміз абзал. Ендігі біздің көздеген мақсатымыз ата- бабамыздың сенім артып тапсырған, асыл қазынасын көміздің қарашығымыздай сақтауымыз керек. Өйткені бізді осы күнге жеткізген ардагер ата- әжелеріміз. Ардагерлерімізді қадірлеп, олардың алдындағы борышымызды ақтайық, ағайын!

Амирханова Айжан

3 сынып оқушысы

С.Сейфуллин атындағы орта мектеп

Атырау облысы, Индер ауданы

Жетекшісі: Жаксымбетова Майя Абубакировна

Оққа төселген от кеуде!

Жеңіс күні! Бұл сөз менің бала санамда өте ғаламат сөз ретінде әсер қалдырады. Біз бұл мерекені жыл сайын 9 мамырда атап өтеміз. Мен «Жеңіс күнін» аға- апалардың, ата – әжелердің және мектептегі мұғалімдеріміздің әңгімесінен, сыныптан тыс тәрбие сағаттардан көріп білдім. Бала күнімнен бері жылда Жеңіс мерекесін атап өтсек те, оның шын мағынасын түсінбейтінмін. Өсе келе балабақша, содан соң мектепке келдім. Жасым есейе, ержете келе «Жеңіс күні» мерекесін жете түсіндім.

Жеңіс күні – адамзат аңсап жеткен күн, жеңістің туын тіккен 1945 жылғы 9 мамыр – азат күресінің айбынды күні. Менің бейбіт өмірде алаңсыз өмір сүріп, білім алып, болашаққа жоспар құруымның кепілі болған күн.

Ол ата – бабамыздың, ана- әжелеріміздің көзінің жасы, мандайының тері, қаны аққан күн. Міне сол жеңіске биыл 71 жыл.

Ешкім де, ешнәрседе ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Иә, ол барды жоқ етті, тауды жер етті емеспе? Жер бетіндегі бүкіл тіршілікті өлтірді.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының батырлықтарын паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді көзі көрген аталар мен әжелер тойлайды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – бірлік болатын. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды, сондықтан бұл мереке одақтас болған он бес мемлекеттің мерекесі.

Мен осы жазғалы отырған шығармамды Жеңіс күніне, жерлес батырымыз Боран Нысанбаевқа арнаймын. Ең алғаш мен Боран есімін мұғалімімнің өткізген тәрбие сағатында танысып білдім. Тәрбие сағатында Боран атам менің жерлесім екені, ол өзіміздің Көктоғай ауылында дүниеге келгенін білдім. Оның елімізді қорғауда қосқан үлесі орасан. 1943 жылы Ресейдің Орел облысы Лески деревнясы жанындағы ұрыс кезінде жау дзотын кеудесімен жауып, өзі ерлікпен қаза тапты. Жерлес бард ақын Табыл Досымов ағамыз:

Батыр болдың да, іштегі шерді қозғадың,
Жақсы ғой шіркін қатардан ер боп озғаның,
Не айтсам екен, не десем екен сен жайлы,
Боранда туып, боранда өлген боздағым,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

- деп өлеңге қосса, батырдың осы ерлігі үшін 1943 жылы 23 қыркүйек күні КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. «Ол жауырынды келген, орта бойлыдан гөрі биіктеу, жазық маңдайлы, қою қасты, жалын атқан өткір көзді, ұстамды, қайратты, адамға үйірсек жігіт дейді білетіндер. Оның домбыраға қосып, ән салатын өнері де болған», - деп жазады есболдық Қ.Сейітов ағамыз.

Менің, тіпті, менің ата – анам куә болмаған бұл Жеңіс, менің бойыма қуат беріп, Отаным – Қазақстанның қадірін арттыра түседі. Себебі, осы соғысқа аттанған әр азамат «Анамды қорғаймын, жау қолына бермеймін!» деп аттанған еді ғой. Сол апа – ағаларымыздың саны өкініштісі сиреп барады.. Мен әдебиеттік оқу сабағын өте жақсы көремін. Мұқағали ақын өзінің бір шығармасында :

Неменеге жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр,
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп әнекей, жағада тұр ,

-деп жырға қосады. Біз әрдайым қарияларымызды ардақтап, жыл сайын мерекелерімен құттықтап, құрмет көрсетуіміз керек деп ойлаймын.

Бұл Жеңісті көзім көрмесе де, менің бала жүрегімде үлкен орын алады. Менің әжем сонау соғыс жылдарында балалық шағы өткен адам. Ол Жеңіс күнін еске алса , көзіне жас алады. Оның айтқан әңгімесі бойыма үлкен әсер, мақтаныш сезімін ұялатады. Осындай азат, әрі тәуелсіздікті ту еткен елде өмір сүріп жатқаным үшін Ұлы Отан соғысында жер жастанған ағалар мен аталарға, әпке – әжелерімізге алғысым шексіз. Мен де қалыс қалмай, елім үшін соғысқа аттанбасамда, сабағымды жақсы оқып, еліміздің дамуы үшін болашақта қызмет етемін деп серттенемін. Бұл мереке бір емес бірнеше халықтың, әрі Ұлы атанған Жеңіс!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Әліпмұратова Құралай

7-сынып, Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебі

Атырау облысы Исатай ауданы

Жетекшісі: Агисова Шынар Габбасовна

Ауылымның мәртебелі азаматы

Жас ұрпақтың туған елге, оның тарихы мен мәдениетіне, жастарды бүкіладамзаттық деңгейдегі тұлға етіп тәрбиелеу, ұлы адамдарға еліктеп өсуге жетелеу және әрбір жасты ғылым мен өнерге баулу, ар-ұяты мен намысы биік нағыз адам етіп өсіру деген мақсатта мен де тұлға болып тәрбиеленуші қазақтың қызының бірімін. Бұл шығармамда нақты тұлғаның туған ел тарихындағы үлесін айтқым келеді.

Менің ауылым ертеректе балық шаруашылығымен айналысқан. Атам Рахметов Жұқалтай 1905 жылы Атырау облысы Исатай ауданы Манаш ауылында Қызылбалық ұжымшарында дүниеге келген. Әкесі Құрманғазиев Рахмет өмір бойы балық шаруашылығымен айналасқан. Еңбек жолын 1920-29 жылдары №4 жүзбелі балық зауытында жұмысшы болып бастаған. 1919-1923 жылдары бастауыш кластық білім алып, 1935 жылы Астрахань қаласындағы кооператив техникумында оқып, бухгалтерлік мамандық алады. 1929-33 жылдары есепші, 1936-40 жылдары бухгалтер қызметін атқарған. 1940-41 жылдары Манаш балықшылар кооперативінің төрағасы, 1941-54 жылдары Забурын балықшылар кооперативінің төрағасы қызметінде болған. Соғыс жылдарында халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңызы өте зор болды. Осыған байланысты осы жердегі ұжымшардағы балықшыларды әскер қатарына алмаған. Забурын балықшылар кооперативі Новобогат (қазіргі Исатай), Теңіз (Құрманғазы) аудандарының тұрғын халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуде көп еңбек сіңірген. Атам өзінің жеке шаруасындағы малын сатып, одан түскен қаржыны Отан қорғау қорына жұмсайды. Бұл турасында Жоғарғы Бас қолбасшы И.В.Сталиннің атына жолданған жеделхатында көрсетілген.

Москва Кремль.

Председателю Государственного Комитета

Товарищу Сталину И.В

Воодушевленный грандиозными победами доблестной Красной Армии на всех фронтах и вашим историческим докладом и приказом к двадцать седьмой годовщине Великой Октябрьской социалистической революции, я вношу приобретенные мною из лишних сбережений облигаций третьего военного государственного займа в сумме сорока пяти тысяч рублей на покупку самолета «Казахстан» и прошу вручить его герою-летчику

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Гурьевской области для ускорения окончательной победы над фашистской нечистью.

Имею желание вручить его лично.

Рахметов Джукалтай

Председатель Забуруньского рыбокооп
Гурьевского облрыболовпотребсоюза
Поселок Забурун, Новобогатинского района
Гурьевской области. 15.12.1944 г.

Атамның бұл еңбегі қолбасшы тарапынан арнайы алғыс хатпен марапатталған. Бұл хат біздің әулеттің ең құнды жәдігері ретінде атадан балаға мирас болып сақталуда. Оны біз отбасы тарихының бір бөлшегі ретінде мақтаныш етеміз.

Из Москвы №16435 36 слов 27.12.1944 г.

Высшая Правительственная
Забурунье Гурьевской области

Председателю Забурунского рыбокооп Гурьевского
рыболовпотребсоюза тов. Рахметову Д. Примите мой привет и благодарность
Красной Армии, тов. Рахметов, за вашу заботу о воздушных силах Красной
Армии. Ваше желание будет исполнено.

И.Сталин

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдарда тұтыну тағамдары мен товарлардың жеткіліксіздігінен туындайтын жауапкершілікті жергілікті мекеме басшысы ретінде атам өз міндетіне алған. Тағамның басқа түрлерін айтпағанның өзінде нанның жетіспеушілігі 1947 жылға дейін орын алған және халықтың күйзелісін тудырған. Осындай жағдайда қатаң тәртіппен карточка арқылы ұн, қант, шәй дүкендерден жергілікті кеңестің бақылауымен сатылған. Бұндай тәртіпті бұзғандар аяусыз жазаланған.

Сол жылдарда осы жұмыстардың басы-қасында болған, балықшылар кооперативін басқарған атам халықтан еш жаманат алған жоқ, қайта әділдігімен, жанашырлығымен елдің алғысына бөленді. Жоқшылық пен ауыр еңбек еңсесін басып, соғыс тауқыметі тұралатқан халықты бір отбасының адамдарындай болуға баулыды. Бейбіт заманда да атам өз еңбегімен көп алғысына бөленіп, ұйымдастырушылық қабілеті мен ыждағаттылығы, қонақжайлылығы мен ақ жарқын мінезінің арқасында елдің ілтипатын иеленді. Атам 1954-68 жылдары Новобогат аудандық өндіріс комбинатының директоры болып, халыққа тұрмыстық қызмет етуде көп еңбек сіңірді. Ауданда, облыста бірінші болып киіз үй, киім тігу, кірпіш шығару және тағы басқа қызметтерді ұйымдастырды. Сол уақытта атам Новобогат ауданында халықтың тұрмыстық қажетін өтеу үшін құрылған Промбыткомбинат ұжымы соғыстан күйзелген, әл-ауқаты нашарлау елдің қамын ойлап, үй тұрмысына,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жанұяға қажет бұйымдар шығаруды ойластырды. Тұрмыс қажетіне керекті бұйымдар еш жерде табылмайтын, тек қана сол ұжымда қолдан жасалып шығарылған. Ол өте ауыр жұмыс болатын. Сонымен қатар сол ұжым аудан орталығындағы халықты жылумен қамтамасыз ету үшін отын дайындайтын. Сол уақыттағы отын түрлері теңізден қамыс орып, баулап, соны тасып әкеліп сату және қарамай (мұнай) дайындау болатын... Көп болмағанымен тәулігіне шамамен бес жүз-мың литрдей өнім алу мүмкіндігі болған. Бұл үшін Новобогат селосының шетінде бұрынғы ағылшындардан қалған (1917 ж), көп жылдар бойы пайдаланылмай жатқан ескі мұнай көзін жөндеп, қол күші арқылы мұнай ағызып, халыққа отынға пайдалануға мүмкіндік жасаған. Осы жұмыстармен қатар аудандағы шопандар қауымына жазғы жайлауға керекті киіз үйлердің ағашын дайындау және басқа жердің киізін әкеліп құрастырып, шопандары киіз үймен түгелге жуық қамтамасыз етуге көп еңбек сіңірген. Басқа жақтан иленген қой терісін алдыртып жылы шолақ тондар тіктіріп, колхоз-совхоз жұмысшыларын қамтамасыз етіп отырған. Комбинат жас кезінде өзектер мен жайылма сулардан арнаулы бригада шығарып, балық аулап, қымбат емес бағамен сатқан. Сарыала сазан мен жалтыраған көксерке, аққайраңның сорпасына халық екі-үш ай бойы қарық болған. Сонымен қатар бұл комбинатта шаш қию, ер-тұрмандарды даярлау жұмыстары да атқарылған. Осы еңбектері үкімет тарапынан бірнеше рет Мақтау қағаздарымен марапатталды, Атам 1954 жылы осы комбинаттан зейнеткерлікке шыққан. Атам жолдасы Рәпіш екеуі 15 баланы дүниеге әкеліп, оларға жақсы тәлім-тәрбие беріп, білім алуларына жағдай жасаған. Ат Мен атамның шөбересімін. Әжем Рәпіш бізбен бірге тұрып, 95 жас өмір сүрді. Осы жайларды мен әжемнен естіп білдім. Атам 1968 жылы қайтыс болған. Әжем 15 бала тәрбилеп өсірген. Ұрпақтары Қазақстанның әр түкпірінде. Атамның елге еткен еңбегі мен халық жадында сақталған жақсы атағы маған қалдырған мол мұрасы деп санаймын. Атамның халыққа, Отанға адал қызмет еткен азамат болғанын мақтан тұтамын.

Базарғалиев Сұлтанбек

Атырау облысы

Қызылқоға ауданы Жасқайрат ауылы

Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебі 4 сынып оқушысы

Жетекшісі: Жұмаш Майра

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Иә, биылғы жылы талай ұл-қызды әкесіз талай ата-ананы баласыз қалдырып, етігімен су кешкен зұлмат соғыстың аяқталғанына 71жыл. Қаншама ержүрек батыр ата-әжелеріміз басын қаперге тігіп, ұрпақтарға бейбіт өмір сыйлайды. Ал, ол ел үшін кеудесін оққа тосып, ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ізгілікті ісінің арқасы. Демек, Ұлы Отан соғысына қатысушы майдангерлер ерлігін бүгінгі және кейінгі ұрпаққа насихаттап, оларды өнеге тұту парыз. Ерлік мәңгі ескірмейтін, ұрпақтар жанында сақталатын қасиетті іс. Осы ерлік көрсеткен батырлардың бірі –жерлесіміз «Даңқ» Орденінің толық иегері Ш.Т.Еркіновте бар.

Ол 1924жылы Ойыл ауылдық кеңесінде Даулетиман елді мекенінде дүниеге келіп, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Саралжын ауылындағы бастауыш мектептен дәріс алады. Миялыдағы Орлыкөл мектебінде білімін жалғастырып, үздік бағамен бітіреді. 1942жылдың 18 тамызында Ақтөбе облысы, Қобда аудандық әскери дайындық тан өтіп, 1943 жылдың шілде айынан бастап, ұрыстың қызған жері Батыс майданының құрамында Сталинград шайқасында шыңдалады. Соғыста ол бірден командирлердің көзіне түсіп, алғыстар алады. Сөйтіп ерлігімен көзге түскен барлаушы Еркінов Днепр өзеніндегі жау бекінісін талқандап, Могилев, Быков қалаларын неміс басқыншыларын азат етудегі әскери батыл қимылдары, Неман өзенінен өтудегі Берлин қаласын Брандербург қақпасын алудағы ерен ерліктері үшін Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрықтарымен 8 дүркін Алғыс хат иеленіп, «Даңқ» орденінің 3 бірдей дәрежесімен наградталады. Оған қоса «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», ерлігі үшін медальдарын, «Үздік барлаушы», «Үздік артиллерист», «Үздік гвардияшы» белгілерін кеудесіне жарқырата тағып оралады. Бірақ Шүкір Еркінов соғыста алған жарақаты салдарынан 25 жасында қайтыс болады. Әйтсе де «Ер есімі-ел есінде» деген емеспе халқымыз. Батырдың есімін ұрпақтар жадында мәңгі сақтау үшін Миялыдағы дене шынықтыру сауықтыру кешенінің жанында мемориал тақта орнатылады. Қазіргі таңда Атырау қаласында Ақтөбе облысының Ойыл ауданында Миялы селосында Жасқайрат ауылында бір-бір көше Ш.Т.Еркінов атымен аталады. Мәскеудегі «тағзым» тауындағы мәрмәр тақтада, Ақтөбе қаласында батырлар қатарына есімі жазылған іздері жайлы мақалалар өте

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көп. Соның бірі жерлесіміз ауданның құрметті азаматы, жазушы, журналист Төлеген Жаңабаевтың «Шүкір батыр » кітабы кейінгі ұрпаққа үлкен сабақ. Мен сол Ш.Т.Еркінов атындағы мектепте оқып, жерлесі болғанына мақтанамын.

Бекежанова Сымбат

9-сынып, Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебі
Атырау болысы Исатай ауданы
Жетекшісі: Агисова Шынар Габбасовна

Өлкеміздің Ұлы Жеңісті жақындатуға қосқан үлесі

Туған жер! Бұл осы өңірде туып-өскен ұрпақтың мәңгі есінде қалар сурет екені даусыз. Туған жердің жұпар ауасы кеуденді керіп, алыс кетсең сағындырады. Туған жерін сүймейтін тіршілік иесі жоқ. Біздің өлкенің жерін сүймейтін тіршілік иесі жоқ. Біздің өлкенің жері бай, тарихы терең. Сол тарихта Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев (Новобогат, Қамыскала) ауылының алатын орны ерекше.

Оның өткеніне көз жіберіп, арғы шежіреге үңілсек, қалың қыпшақ даласы болған, кейін Ноғай ордасы құрамына кірген қалмақтар жайлап, олар Қытайға көшкенде, отыз жылдай жүгірген аң мен ұшқан құстан өзге жан иесі мекендемеген бос жатқан өңір ойға оралады. Еділ мен Жайық аралығындағы осынау кең далаға қоныстануға 1801 жылы орыс патшасынан рұқсат алған Бөкей сұлтан бес мың шаңырақпен көшіп, Жайық өзенінен өтіп, ат басын осы Қазіргі Хамит Ерғалиев, бұрынғы Новобогат жеріне тіреген Новобогат ауданы еңбекшілерінің ұйымшылдығы мен тамаша патриоттық бастамалары ел басына қатер төнген Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше көрінді. Фашист басқыншыларының айуандық, жауыздық әрекеттеріне ыза болған новобогаттықтар алғашқы күндері-ақ митингілер-жиналыстар өткізіп, берік топтасып, Отанымыздың күш-қуаты мен қорғаныс қабілетін нығайту үшін жан аямай еңбек ететіндіктерін білдірді.

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы бүкіл елдегі сияқты Новобогат ауданында да қауырт жағдай туғызды. Ер-азаматтар әскери комиссариаттың алдында лек-лек болып майданға аттанып жатты. Елдің бүкіл қам-қарекеті соғыс жағдайына бейімделді.

Ауданда 4 балықшы ұжымшарының балықшылары Каспий флотилиясы қарамағына беріліп, дивизион құрамында әскери тәртіппен жұмысқа көшті. Олар қыста мұз астынан (арқан тартып), ал жазда теңіз тереңінен балық аулады. Балықшыларды соғысқа жібермеді.

Сол 1941-1945 жылдары ауылдағы тыл еңбеккерлерінің ерлігін көзімен көрген бозбала, кейін кеңес, комсомол, кәсіподақ мекеме жұмыстарында басшылық қызметтер атқарған, бұл күндері ардагер-ұстаз атанған Әнуарбек Зайдуллин ағамыз былайша еске алады:

-Ол кез ел басына қатер төнген жыл еді. 1941 жылғы сұмдық соғыс басталды. Аңыраған ана, зар илеген жар, шырылдап жылаған сәбилердің үндері жалпақ Нарынды күңіrentіп кетті. Қолына қару алуға жарайтын азаматтардың барлығы соғысқа аттанды. Менің әкем – Заһидолланы «үстінде жұқпалы

жара бар», Үйшіктегі дәрігерлер соғысқа жарамайды деп емдеуге алып қалды. 4-5 ай емделгеннен кейін соғысқа тамақ керек деген қатаң шешім шыққан соң, балық аулауға теңіз үстіне шығарып жіберді. Содан соғыс аяқталған соң 1945 жылдың күзінде бір-ақ келді. Келген соң «біздің аулаған әрбір шабағымыз неміске атқан оқ» деп отыратын-ды»

Ер азаматтар соғысқа кетіп, артта қалған кемпір-шал, әйел, бала-шаға қиыншылықта өмір сүрді. Қаншалықты қиын болса да ағайын-туыс, ауылдас адамдар бір-біріне қол ұшын берді, жәрдемдесті, қолтығынан демеп, сүйеу болды.

Халық қиналды, қатты күйзелді. Ішерге тамақ, киерге киім жетіспеді. Теріден шалбар, аяқтарына шарық тігіп киді. Өлген малдың терісін үйтіп жеді. Бір үйде кем дегенде 3-4 отбасы мүшелері тұрды. Астарына төсегені көк қияқ, басына ақселеу шөпті түйіп салады. Бір аяқ сүтті (айранды) түгел үй ішіндегі адамдар бір-бір ұрттап ішеді. Бір кесек нанды бәрі бөліп жейді.

Жазда сұлы, (қияқтың басы) құмаршық қағып, қысқа дайындайды. Балалар болса желкек, шырмауық (жерге шығатын табиғи шөптер) жеп күнелтті. Сиырды сауып, майын, сүтін 3 майданға жіберді. Есеп өте қатты, бақылау өте күшті. Дайындаған сүттен, майдан пайдалануға, малды сойып жеуге болмайды. Міне, осындай жан түршігерлік азаппен жетімдер өмір сүріп, соғыс жүріп жатты,-дейді.

Мал шаруашылығымен айналысатын ұжымшарларға мал басын көбейту, ет, сүт, жүн өнімдерін мол өндіру міндеттелді. Қызыл армия қажеттілігіне іріктелген аттар үздіксіз жіберіліп жатты. Осыған байланысты жылқы малына соғыс көлігі ретінде ерекше маңыз берілді. Жылқыны шығынға ұшыратқандар былай тұрсын, жауыр еткен, мініске тай, құнан, биені пайдаланғандар да жауапқа тартылды. Ұжымшардың көбі Нарын құмында орналасқандықтан, пішен дайындау мүмкіндігі шектеулі болып, мал жыл бойы өрісте жайылып, бағылды. Сол тұста малды алыс жайылымдарда жайып, бағу әдісін облыста алдымен новобогаттықтар қолға алды. Ауданның батыс Қазақстан облысымен шектесетін Қара түйе, Бәсібек, 12-ауыл, 24-ауыл, Ақбалық, Үштаған жайылымдарына үйір-үйір жылқы, табын-табын ірі қара, отар-отар қой айдап апарылды. Шалғай жайылымдарды игеру жөнінде аудандық партия, атқару комитеттері үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Шалғай жайылымдарға мал айдап апарып, орналастыру үшін көшетін малшылардың жолы белгіленіп, құдықтар әзірлеу, киіз үйлер бөлу, жайылым орталығында қызыл отау, бастауыш мектеп, дәрігерлік пункт, дүкен ашу, т.б. ұйымдастырылды. 1941 жылы 5 ақпанда баспасөзде Новобогат ауданы малшыларының мал шаруашылығын өркендету жөнінде республикалық социалистік жарысты өрістету туралы үндеуі және оны мақұлдаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы жарияланды. Бұл бүкіл елді елең еткізген ерекше оқиға болды.

-Соғыс кезеңінің аса қиын жағдайында,- делінді Үндеуде,-өткен 1943 жылы біз ірі қараны -4 200 басқа, қой мен ешкіні – 13 мыңға, жылқыны – 1350-ге, түйені 210 басқа жоспардан артық өсірдік. Мемлекетке мал өнімдерін түгел тапсырып, алдағы жылдың есебіне өнім өткіздік... «Үндеуде ауданның 30 колхозы түгелдей міндеттемесін орындағаны, әсіресе, «Қызыл балық», «Бірлік ту», «Алғашық» колхоздарының табысы атап көретілген.«Қызыл балық» ұжымшарының жылқы фермасы меңгерушісі Хансұлтан Теміров шалғай жайылымда мал бағуды ұйымдастыруда үлкен шеберлік танытты. 1355 жылқыны шығынсыз сақтап, 357 құлын алды, майданға 450 сәйгүлік жөнелтті, соңғы жеті жыл қатарынан балық аулау жоспарын асыра орындады...» Бұл үндеу жер-жерде қолдау тапты, ал бастама иелері уәделеріне сай жұмыс істеп, бұрынғыдан да үрдіс қимыл танытты. «Жаңа талап» (Жанбай ауылдық Кеңесі), «Алғашық» (Мынтөбе ауылдық Кеңесі), «Қорық» (Орпа ауылдық Кеңесі), Карл Маркс атындағы (Тұщықұдық ауылдық Кеңесі), «Жаңа тұрмыс» (Айбас ауылдық Кеңесі) ұжымшарларының мал өнімін өндіру, мал басын көбейтіп, шығынсыз сақтауда айтарлықтай табысқа жетті. «Жаңа талап» ұжымшарының аға жылқышысы Шипа Шұғайыпова майданға кеткен әкесінің орнына мал бағып, мал басын сақтау тапсырмасын асыра орындады. Карл Маркс атындағы ұжымшардың ферма меңгерушісі Мактым Оспанова ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. «Қызыл балық» колхозының белгілі малбегілері – Айталы Ғабдуллин («Забурын» совхозында атақты шопан болған Ғилаж Айталиевтің әкесі), Ерғазы Еркәлиев , Құбаш Мақаев, Ыбраш Мұқанбетов, Қарабала Ержанов, Байдолла Зинуллин, Сәли Заханов және басқалары мал басын шығынсыз сақтай отырып, төл алу міндеттемесін де артығымен орындады, колхоздың жылқы фермасын басқарған Хансұлтан Теміров ақсақал ат үстінен түспей, шалғайдағы жылқышылар ауылын аралап, олардың зәру қажеттерін өтеу үшін мігірсіз қызмет еткенін білеміз.

Есірік жау ентелеп, Астарханның батыс бетіндегі Моздокқа, Қалмақ қырына келгенде,Сталинградта кескілескен шайқастар жүріп жатқанда айтулы 1942 жылдың күзінде Қазақстанның бүкіл батыс аймағы «Майдан алқабы» деп жарияланған төтенше жағдайда, одан кейін де новобогаттықтар ерекше күш-қайрат танытты. Олар қоғамдық мал басын төл есебінен өсіру, ет, сүт, жүн өнімдерін мемлекетке барынша көп беру үшін жан аямай еңбек ете отырып, майдандағы жауынгерлерге жылы киім, таңдаулы аттар жөнелту, жау тырнағынан босатылған аудандарға туысқандық көмек көрсету міндетін де абыроймен атқарды. Тек 1943 жылдың күзінде Орел облысына 1 665 бас мл, 24 центнер тамақ өнімдері, 1 100 әртүрлі үй бұйымдары, 100 мың сом ақшалай көмек жөнелтілді. Соғыс жылдарында ауылдық кеңес төрағаларына үлкен құқылық уәкілет берілді. Ауыл көлемінде істелетін жұмыстардың бәрі ауылдық кеңес арқылы жүрді.Ол шын мәнінде штаб болды. Арнайы көліктермен шапқылап, аудан орталығына не алыс учаскелерге соғыс

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жағдайының шұғыл тапсырмаларын жеткізетін еді, адамдарды әскер қатарына шақыру, түрлі науқандық жұмыстарға адам, көлік күштерін ұйымдастыру хабарын да солар әкелетін. Ауылдық кеңес төрағаларынан Батырбай Бозтаев (Манаш), Рахметолла Жүнісбаев (Забурын), Абдолла Құрманов (Айбас), Мардаш Нұрекешов (Орпа), Ідіркен Кенжеғалиев (Жамбыл), Әбутәлі Неталиев (Бегайдар) сынды елге беделді, іске мығым азаматтар ауданның экономикалық дамуына елеулі үлес қосумен бірге ауыл-аймақтың бірлігі мен ұйымшылдығының ұйытқысы болды.

Соғыс жағдайында ішкі мүмкіндіктерді пайдалануға ерекше көңіл бөлінді. «Ағайынды Нобельдер» серіктестігі тапқан кен орнын қайта жаңғыртты. Ембі жұмысшысы Жұмағали Иманғалиев басқарған аудандық өндіріс комбинатында оның басшылығымен шағын зауыт (мұнай айыратын) іске қосылып, мазут, бензин, керосин шығарылды. Тері илейтін цех ашылып, киім тігу, байпақ басу жолға қойылды. Бақсай өзенінен балық ауланып, аудан орталығына беріліп тұрды. Жергілікті тұрғындар Досмұхан, Хасай, Әбежан, Сапи, Емеш және басқа шеберлерді аса қадірлейтін. Комбинаттың шығарған керосині түйеге теңделіп, сонау алыстағы Айбас, Бабандағы тұрғындарға жеткізіліп тұрды.

1940 жылдан бастап Новобогат кентіне таяу Ақкүтір учаскесінен (Бақсай өзегі алқабында) ұжымшарлар жер алып, тары егуді қолға алған болатын, кейін азық-түлік тапшылығы жағдайында мұның пайдасын ел көрді. Өмірінде егін егуді білген құм тұрғындары диқаншылық кәсіпті игере бастады. Соғыстың ауыр жылдарында Нарынның жаздағы қияқтың сұлыбасы мен күздегі құмаршығы, тұщы суы адамдар мен малды жан сақтауына демеу болды.

Негізгі өндірістік істерді тоқтаусыз жүргізумен қатар ауыл адамдары майдандағы әскерлерге жылы киім, тамақ өнімдерін, майдан қорына елден ақша қаражатын жинауға үлес қосты. Облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің 1941 жылы 13 желтоқсандағы санында жарияланған ауатком төрағасы Қ. Қазиевтің мақаласында соғыстың алғашқы айларында Новобогат ауданы бойынша қызыл жауынгерлер үшін 368 тон, 505 пар байпақ, 6 248 әртүрлі киім және Отан қорғау қорына 48 бас мал, 59 063 сом ақша жиналып тапсырылғанын айтады.

Майданға көмектесу бағытындағы жұмыстар жалғаса берді. Майдандағы жауынгерлерге жылы киім мен сыйлық жіберу кезінде, Отан қорғау қорына, оның ішінде «Қазақстан колхозшысы», «Қазақстан балықшысы» танк коллонасын жасақтау кезінде тыл еңбеккерлері ерекше белсенділік танытты. «Отан қорғау қорына көмектесуден қаржыны да, еселі еңбегін де аямайтын мұндай патриоттарды мақтан етеміз» деп жазды сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мадияр Қостанбаев.

1943 жылы аудан еңбекшілері «Қазақстан колхозшысы» танк коллонасына 2 млн. 600 мың сом ақша жинап тапсырды. Қызыл Армияның қуатын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

нығайтуға арналған мемлекеттік заемға 1 млн 500 сомға қолма-қол жазылды. Сыйлықтарға қосыла жіберген хаттарда: «Жауды жеңіп, тездетіп жерімізден қуып шығыңыздар», «Сіздердің Жеңіспен 5 қайтуларыңызды күтеміз» - деген ел аманаты жазылды. Бұл хаттар жауынгерлердің жігеріне жігер, күшіне қуат қосып, жауға деген ыза-кегін үдете түсті. Ауданның 85 комсомолы Қорғаныс қорына бір бастан мал өсіріп беруді өз міндеттеріне алды Халықтың осындай жанқиярлық еңбегі үшін 1944 жылдың қорытындысы бойынша ауданға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы мен 1-дәрежелі ақшалай сыйлығы берілді. Бұл Туды сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрағасы Шынғожа Бөрібаев аудан малшыларына 1944 жылдың 31 желтоқсанында тапсырды. Новобогат кентіндегі шағын клубта өткен салтанатты жиналыста еңбек озаттары Дайыр Сақымбаев, Айман Сүйінәли, Сұлташ Бұланбаев, Бағила Дабылова, Шипа Шұғайыпова, Мақтым Оспанова Қызыл Туды алып шыққанда залда көздеріне жас алмаған ешкім қалмады. Одақтық Қызыл Туды облыстық атқару комитетінің сол кездегі төрағасы Шынғожа Бөрібаев аудан басшыларына табыс еткен кезде, аудандық атқару комитетінің төрағасы Қаухар Бекешов Ту алдында тәжім етіп, 1945 жылы аудан малшылары бұдан да жоғары табысқа жетеді деп уәде берді. Салтанатқа ҚКП (б) ОК хатшысының ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары С. Мәмбетов, облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Н. Қамбаров қатысты.

Аудан малшылары жоғары наградаға жауап ретінде қабылданған көтеріңкі міндеттемелерін орындауға жаңаша шабыт-жігермен кірісті. 1945 жыл новобогаттықтар үшін жемісті жыл болды. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша Одақтық Қызыл Ту ауданға екінші рет берілді. Аудан Қорғаныс Комитетінің Қызыл Туын екі мәрте жеңіп алып, мәңгі ескерткішке сақтап қалды. Бұдан кейін аудан КСРО Министрлер кеңесінің Қызыл Туына ие болды. Сөйтіп, новобогаттықтар Одақтық қос Туды иеленіп, тарихқа аты жазылды. Қоңыр қызыл барқыт екі Ту облыстық тарихи –өлкетану мұражайында сақтаулы тұр.

Орталық «Правда» газеті өзінің 1945 жылғы 2 тамыздағы «Колхозды деревнядағы социалистік жарыста жаңа табыстарға жетейік» атты бас мақаласында Новобогат ауданы малшыларының ерлік еңбегіне әдейі тоқталып, атақты жылқышы Шипа Шұғайыпова, ферма меңгеушісі Тұрағал Сүлейменов және басқа азаматтардың есімдерін өзгелерге үлгі етіп ұсынды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауданның осындай жасампаз еңбегіне үлес қосқан азаматтардың бір тобы 1945 жылы Қазақстанның 25 жылдығына орай мемлекеттік жоғары наградалармен марапатталды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбектері үшін 1948 жылы мал шаруашылығын өркендетудегі үздік табыстары үшін ферма меңгерушілері 6 Тастан Башпанов, Мағаз Есқалиев, Тайыр Нысанов, Көбен Жұмалиев, ұжымшар төрағалары Арон Аюпов, Мұхиден Ғалиев, жылқышылар Қапизолла

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Каримов, Айтан Ысмағұлов Социалистік Еңбек Ері атанып, омырауларына Алтын жұлдыз тақты. Ұжымшар төрағалары Ө. Есқалиева, Қ. Нұғыманов, «Бірлік Ту» ұжымшарының шопаны Ө. Сүйінов, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Мадияр Қостанбаев Ленин орденімен марапатталды. Сол кездегі даңқы жайылған атақты малшылар қатарында жылқышы Мәкия Ибрашева, сауыншы Злиха Қасимова, Нұрым Бекешова, шопан Минаш Марданова, Закария Жетпісов, бақташы Нақпат Смағұлов, Дүйсекеш Алагөзов есімдері аталды. «III Интернационал»

Соғыс жылдарында жау уақытша басып алған аудандардан көшірілген малды орналастыру, эвакуацияға ұшыраған адамдарды (соғыстың ілкі жылдарында) паналату, жұмысқа орналастыру жөнінде көп іс тындырылды. 1942 жылы Ганюшкин мен Новобогат арасында телефон желісі жүргізілді. Осы жылы «Гурьев-Астрахан» темір жолы құрылысы басталды. Новобогат ауданы аумағында құрылыс жүргізетін бірнеше ұйымдар болды. Мұның орталығы «Қызыл балық» ұжымшарының кеңсесінде орналасты. Темір жол құрылысына ауылдардан көп адамдар тартылды. Қазіргі Таскран төбесінің баурайында брезент шатырлар тігіліп, жұмыс жүргізілді. Құрылыста негізінен әйелдер, жасөспірімдер, шеттен келген басқа да ұлт өкілдері далалық жағдайдың қиындықтарына қарамастан жұмыла еңбек етті. Осы теміржол құрылысына қатысқан Х.Ерғалиев ауылының тұрғыны Айсұлу Сыдиқова әжеміздің әңгімесінен:

1941 жылдың жазынан бастап шалғымен пішен шабудан бастадым. Әлі есімде, ауылда қалған ер-азамат Ұқырмен жарыса шабатын едік. Көбінесе мен берілген норманы артығымен орындап, алда жүретінмін. Содан кейін есте қалған ауыр жұмыс – 1942 жылдың жазында «Бекбикеге» жол салуға апарды. Алғашында бригадиріміз Дәлдірбаев Жұмағали деген кісі болды. Жолға биіктеп төселген топырақты нығыздау (трамбовка) кезінде бригадиріміз: «мұқият істеңдер, мықшыңдар, мықшыңдар» деп айтып отыратын еді. 2-3 айдан кейін бригадирлікке Құлпейісов Мырзағали келді. Сол кезде ауылдан бірге барып істегендерден есімде қалғаны Құсимова Жанипа, Құспанова Қалима, Нұралиева Жамиға. Теміржолға жол салудың қиындығын ауызбен айтып жеткізе алмаспын.

Майдан даласы Сталинград жеңісінен кейін батысқа қарай ығысуына байланысты енді теміржол қажеттігі болмай қалды да, құрылыс тоқтатылды. Алты қанат киіз үйдің ортасына ошақ қойып тамақ пісіретін, соның ішінде қыс кезінде жататын. Үстімізде жамаулы киім, аяғымызда кенеп етік, тамағымыз жартулы емес. Ол жылдардың қиыншылығы әлі де естен кетпейді, соның әсері болар, қазір аяқ бастырмайды, басқа да ауыратын жерлеріміз жетерлік-деп, еске алады.

Фашистік Германияның «Барбаросс» жоспарында қысқа мерзім ішінде Оралға дейінгі территорияны басып алу көзделді. Қазіргі архивтік

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

материалдардан белгілі болғандай жау Қазақстанға, оның ішінде мұнайға, балыққа және басқа кен байлықтарға бай біздің Атырау облысына ерекше назар аударғаны белгілі болды. Гитлерлік командование Еділ мен Жайық арасындағы территорияны басып алып, «Еділ-Жайық» автономиялық республикасын құрғысы келді. Фашистік Германияның осындай ниетін біздің өлкемізге фашистік десанттарының түсірілуі дәлелдейді. Сталинград түбінде қанды ұрыстар жүріп жатқан кезде Каспий жағалауы соғыс жағдайында деп жарияланды. 1942 жылы 1 қыркүйекте Атырау облыстық партия комитеті 5 адамнан облыстық комитетін құрды. Комитет төрғасы болып Атырау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Мырзахмет Бекжанов тағайындалды. Осы партия комитетінің басшылығымен атқыштар батальондары, ерекше әскери бөлімшелер ұйымдастырылды. Батыс Қазақстанға орналасу үшін 8-ші әуе армиясы, автобронтанктің жөндеу базалары, автотранспорт және теміржол батальондары, кіші лейтенанттар дайындайтын курстар, Сталинград майданының автотехникалық, инженерлік, химиялық, санитарлық, азық-түлік және басқа қоймалары Атырауға келді.

Соғыс кезінде жау тарапынан елді диверсиялық арандату Нарын өңірін де айналып өткен жоқ. Мұнайлы, өндірісті стратегиялық аудандарға десанттар түсіру арқылы барлаулар жасалды. 1943 жылы тамыз айының бір түнінде Тасқран төбесінен батысқа қарай десант түсірілді. Құрамында қазақ жігіттері бар топ (әскери киінген) сол маңдағы «Бірлік ту» ұжымшарының екі-үш үй отырған сүт фермасына келеді. Манаш ауылында ауылдық кеңес төрағасы болып жұмыс істеген Батырбай Бозтаев аймақтағы құқық қорғау органына дер кезінде хабар беріп, жат пиғылмен келген десанттарды құрықтауға көмтескен. Фашистік десанттарды қалай байқағандығы жөнінде Батырбай Бозтаевтың өз аузынан естіген әңгімесін толығырақ өрбітсек:

...1943 жылдың тамыз айы. Соғыстың қауырт кезі еді. Атақты Курск шайқасы, басқа да ірі қырғындар болып жатқан тұс. Аудандық атқару комитетінің шақыруымен бірер күн аудан орталығы – Новобогатта болып, кештетіп ауылға қайтып келемін. 75 шақырымдық жолды түнде өтуге тура келеді, күндіз сусыз шөлейт, әрі маса-сонасы бар, жүру қиын. Жиырма шақырымдай жердегі Қаратүбек өткеліне келгенімде шөліркегендей боп сол жердегі малшы ауылға ат басын тіредім. Шеткі күркеге келіп, кірдім. Үйде қартаң әйел мен жасөспірім ер бала бар екен. Мені көргенде олар қуанып кетті. «Япырым-ай, бір азамат көрінбес пе екен деп отыр ек», – деп кейуана жай-жапсарды ата бастады. Түрінен абыржу байқалады.

-Бүгін түсте, – деді ол, – ауылымызға түрі бөтен әскери адамдар келді, осында қонып жатыр. Өңкей қазақ жігіттері, мылтықтары, асынған басқа құралдары бар». Ел аралап келеміз. Аудан, облыс орталығы қанша жер? – деп сұрады.

Өздері ақшалы адамдар болса керек. Айран ішкен сайын он сомдықтарды ұсынады. Қорқамыз. Күдікті кісілер сияқты...

Бұл әңгіме маған үлкен ой салды. Тапа тал түсте қияң шетте неғып жүрген адамдар? Аудан бұдан неге хабарсыз? Әскери қызметшілер болса аудан өкілдері қарсы алуы тиіс қой. Әлде әскерден қашып жүрген қашқындар емес пе? Осындай шым-шытырық ойдың жетегінде отырып, бұл ауылда ер адам жоқ, кілең кемпір-шал, әйелдер, үрейленіп отырыстары мынау. Не болса да, тәуекел етіп, сөйлесуге бел шештім. Қонақтар жатқан үйге «Ассалаумағалейкум!» деп кіріп бардым. Сап-сары ала киінген өңкей жас жігіттер қазақша сәлем беріп жатыр. Өзімді «колхоздың бригадирмін» -деп аты жөнімді айтып, таныстырдым да «Ал, жігіттер жол болсын, қай жақтан келесңдер, барыс қай жақ?» -деп сұрадым.

-Астархан маңындағы әскери бөлімшеден арнайы тапсырмамен шықтық. Жолшыбай машинамыз бұзылып, тұрып қалды, жаяулап келе жатырмыз. Осы арадан облыс орталығына жетуге тиіспіз,-деді толықша келген қоңырқай жігіт, сірә, бастықтары болса керек. -Гурьев қанша жерде, қашық па?-деді.

- 80-90 шақырым болар. Демала беріңіздер, көлік жағын ойластыралық. Мен осы төңіректе боламын, қажет болсам,-дедім де, қош айтысып шығып кеттім. Түскен үйіме келген соң тағы ойға қалдым. Бұл неткен бейсеует кісілер. Әскери киімді, былғары белбеу, аспа тартпалы, қару-жарақты, басқа да құралдары бар сияқты. Тегін адам емес. Күдікті. Неде болса, ауданға хабарлауым керек,-деген ойға келдім де:

-Сен бала, атқа мін де Новобогатқа тарт. Аудандық НКВД бастығы Ниязовқа хат жазып беремін. Соны өз қолына тапсыр,-деп бақташы баланы дереу аттандырдым. НКВД қызметкерлері таң ата келіп, оларды тұтқындап алып кетті,-деп еске алады Батырбай Бозтаев.

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері жедел хабармен оқиға болған жерге келіп, олардың теріс пиғылдарын іске асыруға жеткізбей тұтқындайды.Тұтқындау кезінде алты неміс десанты екендігі анықталды. Әрқайсысында автомат, револьвер, топографиялық карта, сондай-ақ, рациялары, буда-буда кеңес ақшасы. Барлығы 222930 сом болды. Парашюттерін, басқа да мүліктерін ұшақтан түсірілген жерге көмген екен. Бұл оқиға соғыс жылдарында қандай жағдайда да ел қауіпсіздігін, оның тыныштығын сақтаудағы жан-жақты дайындықтың және тәртіп сақшыларының жанқиярлық еңбегінің дәрежесін көрсетеді. Сол кезде ішкі істер, сот, прокуратура органдарының қатарында қызмет атқарған аға ұрпақ өкілдері Таспауов Әбіше, Жиенғалиев Қуаныш, Нұрғуатов Әбіш,Әйтешов Қалақа олардың ісін жалғастырған Таңатаров Меңдібай, Зұлхашев Кенжеғали, Мұханбетов Ұзаққали және басқалардың өмірі өнеге.

Ауданның бір топ қыз-келіншектері Сталинградты қалпына келтіру, қаланы тазарту жұмыстарына қатысты. Олардың ішінде Нағима Ғабдешова, Рәзия Бегманова, Қамария Қабдрахманова, Қабира Исаева және басқалар

болды. Қанды қырғынды(сансыз өліктерді) көріп, тапсырмаларды орындау қыздар үшін ерлікпен пара-пар еді.

1945 жылы Жеңістен кейін майданға кеткен жігіттер топ-тобымен елге оралып жатты. Оның ішінен 31 новобогаттық жауынгер майдан даласында ауыр жарақат алып, мүгедек болып қайтты. Ауылда ең бір қуанышты күндер қайта басталды. Көптеген жерлестеріміз омырау толы орден-медальдармен келді. Олардың ішінде атақты Бауыржан Момышұлының көзіне түскен, 4 жауынгерлік орденнің иегері Әжігерей Қалымов (Тұщықұдық ауылынан), жауынгерлік бірнеше орден алған Минаж Нәріков (Орпа ауылынан) сияқты ержүрек Нарын перзенттері болды. Забурыннан – Омар Көшкінбаев, Құрмет Шамақов, Құрман Таңқашев (Исатайдың ұрпақтары), Рахметолла Күншекеев, Шапағат Әбілов, Ізім Хамитов, Манаштан – Әмірғали Есмағанбетов, Зейнолла Шайхиев, ІІ,ІІІ дәрежелі даңқ ордендерінің иегері Ибат Қарымов, Меңдіғали Мырзағалиев, Нәсір Нұрмашев, Жұмағазы Жиенғазиев, Жанбайдан – Есім Қоржынов, Әжіғали Сідақов, Жамбылдан – Қайырсапа Қазиханов, Иманғали Жұбанов, ағайынды Жүнісовтер ел намысын абыроймен қорғады. Ал, майдан даласында ерлікпен қаза тапқан, оралмаған боздақтар қаншама?! Олардың есімдері село орталықтарында тұрғызылған монументтерге жазылып қойылды.

Бұл тарихи оқиғалардың, ел қуанышының бесігі де аудан орталығы Новобогат болды. Аға ұрпақтың ауыр жылдардағы бұл еңбегі мен ерлігі жас ұрпақтың ауыр жылдардағы бұл еңбегі мен ерлігі жас ұрпақты патриотизм мен адалдыққа тәрбиелеуге өшпес үлгі болып қала бермек.

Еділ мен Жайық арасы,
Ежелден құтты ну еді.
Шөбін қалың өсірген

Қара жердің «буы» еді,-деп Құмар ақын жырлағандай, менің туып-өскен алтын бесігім: Ұлы екі өзен аралығындағы жалпақ жазықтық –Каспий теңізінің солтүстік жағалауы болатын, теріскей жағы байтақ Нарын құмына ұласатын. Осынау шетсіз-шексіз далада Исатай мен Махамбет батырлар мінген тұлпарлар тұяғының мөртабанындай іздері қалған, күй атасы Құрманғазының күдіретті күйлерінің күмбірлеген үні құлақтан-құлаққа жеткен киелі мекен. Мұхит шырқап әнге қосқан осынау байтақ даланы өткен ғасырларда тізеден қан кешіп, қалмақ қызыл бастарға төтеп берген қаһарман мекені бұл. «Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасқан, Қиғаш үшін қырылған ел», қырылса да қайтпаған, кейінгі ұрпақтарына ерлік салтын сақтаған ел бұл!

Бұл тарихи оқиғалардың , ел қуанышының бесігі де аудан орталығы Новобогат болды. Аға ұрпақтың ауыр жылдардағы бұл еңбегі мен ерлігі жас ұрпақты патриотизм мен адалдыққа тәрбиелеуге өшпес үлгі болып қала бермек.

Бекесов Мейірхан

10 сынып, №21

Құлсары қаласы,

Жетекшісі: Ұлғатова С.А.

Жеңіс жаңғырығы

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр.

Жеңіс! 1945 жылдың 9 мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз, Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін ұастерлеу – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендіргені белгілі.

Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар: М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси- тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз. Өйткені, олар біз үшін ,Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Отанын қорғады.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе, Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай, ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыз тарих төрінен орын алады. Біз, олардың ұрпақтары, мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түкпірінде ұстаймыз

Ғаділова Бибінұр

11- сынып, Б. Бегалиев атындағы орта мектебі,
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы
Жетекшісі: Бактигереева Жанар Мендихановна

Сен құрметте оны!

Отан үшін отқа түс- күймейсің.
Сен құрметте оны!
Түсіндін, бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты.
Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үлесіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де
Ел намысын қорғап қалды....

- деп, жерлес ақын жазушы Ә. Сәрсенбаев атамыз сонау сұрапыл соғыс жылдарынан аман оралған соғыс ардагерлерін құрметтеуге өз өлең жолдарында жырлаған болатын. Себебі жерлес Әбу атамыздың өзіде сол 1942-1947 жылдары Кеңес Әскері қатарында қызмет етіп, Ұлы Отан соғысына қатысқан аталардың бірі еді. Әбу атамыздың осы өлең жолдарын оқи отырып, мен де өз атамның әкесі менің атамды көз алдыма елесте аламын. Үлкен атам, әжемнің айтуынша соғыстан хабарсыз кеткен боздақтардың қатарына жатады.

Соғыс.., естіген құлаққа аты қандай жаман, жан түршігерліктей жаман сөз. Еліміздің қаншама боздақтарының өмірін қыршынынан қиып, анасын баласынан, жарын жұбайынан, баласын әкесінен айырған сонау сұрапыл соғыс жылдарына да міне, 71 жыл болыпты. Бүгінде сұрапыл, сойқан соғысты өз көзімен көріп, майданда жүріп қан жұтқан ардагерлердің де қатары сиреді. Арасы сиреп бара жатқан осы Жеңіс күніне, бейбітшілік өмірге қасық қаны қалғанша, болашақ ұрпақтары біздер үшін, жандарын отқада, суғада салған батыр аталарымызды біз дұрыс құрметтеп жүрмізбе?

«Біз майданда болып, белуардан қан кештік. Тылда жүріп көз жасымызды көл еттік. Күн, түн демей, жеңіс үшін тер төктік. Бұл жеңіс бізге арзанға түскен жоқ. Ел дегенде еңірегген ерлеріміздің қан майданда құрбан

болғаны аз емес. Қол-аяғын беріп, мүгедек болып қайтқан ерлеріміз бар. Ұлы Отан – туған елім, туған жерім. Ұлы Отан жалынына шарпылмаған біздің елде бір де бір отбасы жоқ. Соғыс қайғысы, соғыс мұңы әрқайсымыздың басымыздан өтті» деп, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқан болатын. Батыр Бауыржан атамыз өмірден озған бола тұрсада ол адамның жасаған ерліктері тарихымызда мәңгі жазылып қалды. Б. Момышұлы қазақ халқының қаһарман ұлы, қазақтың көрнекті жазушысы. Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Москва үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде аға лейтенант Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді. Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шығады.

Отан үшін отқа түс- күймейсің деген, нақыл сөз батыр атамыз еліміздің, халқымыздың мақтанышы, Кеңес Одағы Батыры, өсіп келе жатқан біздер сияқты жас ұрпақтарға үлгі болып отырған батыр атамыз, Бауыржан атамыздың бұл сөзі біздер үшін өмірлік ұранымыз болып келеді.

Осы шығарманы жазуға маған ой тастаған жетекшім ағылшын тілі пәні мұғалімі Жанар апай. Шығарманы жазарда апайым маған бұл шығарманың өзі үшін маңызды екендігін айтты. Себебі апаймның атасы Бақтыгерей ата 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, жеңіс күнінде аман оралған жауынгер адамдардың бірі болған екен. Бақтыгерей ата, батыр атамыз Бауыржан Момышұлының құрдасы, себебі бұл кісіде 1910 жылы дүниеге келеген еді. Мен және менің бауырларым атамызбен әжеміздің бауырында ерекелеп өскен едік. Балалық шағымызда марқұм атамыздан соғыс жәйлі әңгімелеп беруді сұрайтынбыз. Атамыздың айтуынша, ол кісі соғыста бірнеше рет жарақат алған. Украина майданына қатынасып, Германиядағы Дрезден қаласына дейін барып, сол жерден жау оғынан жарақат алып госпитальға түседі. Атам соғысқа кеткенде, әкемнің інісі Аманжол дүниеге келеген екен. Соғыста жүрген атама әкеміз сіздің соғыстан аман оралуыңызға балаңыздың атын Аманжол қойып отырмыз деп, хат жазған екен, сол тілектің арқасынан да шығар, атамыз соғыстан аман оралған екен. Атам әңгімесін айтарда ұзақ үнсіз отыратын, түнеріп отырып әңгімесін айтатын: «Үстіміздегі шинельміз малмандай су болып, күннің ыстығы мен суығына, жау снарядына қарамай алға шаба беретінбіз. Тіпті қыстың ызғарлы суығында үстіміздегі шинельміз тақтайдай болып қатып қалатын, соғанда қарамай, қыстың қақаған аязында жерге аунап жаудан жасырынып жататынбыз. Сендер соғысты, біз көрген сұмдықты көрмегейсіңдер. Сендер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бейбіт өмірде өмір сүріңдер, дейтін атам. Атамның айтқан әңгімелерінен осы үзінділері үнемі, әр жыл сайын 9- мамыр болғанда есіме түседі. Менің атам, ешқандай атақ, даңққа ұмтылған адам емес еді, кеңес одағы кезінде де, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінде қарапайым ордендерімен, медальдары мен марапатталды. Бірақ ол кісі мен үшін, менің бауырларым үшін де, «Батыр». «Атамыздың жеңісі – біздің жеңісіміз!»деп, өз сөзін аяқтай келе апайдың бетін жас жуып, атасын сағыныш пен, әрі мақтанышпен еске алатындығын айтты.

Ұлы Отанымызды қорғауға қатысқан, Отан үшін отқа түскен батыр аталарымыздың жаны жанатта болғай! Өсіп келе жатқан жас ұрпақ соғыс зардабын көмегей. Аталарымыздың тілегі қабыл болғай.

Даулетқалиева Фариза

11 сынып Ш.Уәлиханов атындағы
орта мектеп Атырау облысы, Индер ауданы
Жетекшісі: Зинулгаинова Эльмира
Зинулгаиновна

Оққа төселген от кеуде

(Кеңес Одағының Батыры Боран Нысанбаев туралы естеліктерден)

Бастауын тым әріден, ата-бабаның арманынан, олардың қанмен тасқа қашап жазып кеткен тереңде жатқан тарихынан алатын Мәңгілік Ел идеясы бүгінгі ұрпағынан қажырлы еңбекті, ешқашан таусылмайтын жігерлі де жасампаз патриоттық сезімді қажет ететіндігін Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басты бағдар тұтар ұран етуі тегіннен тегін емес. Бұл біздің мемлекетіміздің , Отанды шексіз сүюдің суалмас тамыры, жалпыұлтты біріктіруші күші, қуатының қайнар көзі. Бұл жолда біз халқымыздың «Ескерген ескісін сақтайды, Ел болған естісін сақтайды», «Ердің баласы – елдің панасы» деген даналықтарының астарына үңіле түсіп, емеуріннен ерліктің қасиетін ұғынамыз.

Ежелден батырлар мен дауылпаз ақындардың , билердің мекені танылған көне Дендердің қасиетті топырағында дүниеге келіп, сонау бір дүниежүзілік соғыстың ортасында алапат ерлікпен қаза тапқан батыр – Боран Нысанбаев еді. Күні кешегідей ғана, жер дүниені дүркіретіп кеткен,біраз жылдармен жылжып өткен, өткен ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналған Ұлы Отан соғысы бүгінгі ұрпақтың есінен кетуі тиіс емес. Қашанда Ұлы Отан соғысы болса, сол батырлармен қатар өз халқымыздың мақтанышы, жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағын алған Боран Нысанбаев ең алдымен еске түседі, оған деген құрмет сезімі жүрек иітеді, көңілді баурайды, ерлікке үндейді.

Боран Нысанбаев 1918 жылы Атырау облысы Индер ауданы Көктоғай округіне қарасты Қаңбақты елді мекенінде кедей шаруаның жанұясында туған. 1930 жылы «Бает» бастауыш мектебіне келіп, 1934 жылы бастауыш мектепті бітіреді. Бала Боран жанұясының жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмайды да, бұрынғы «Красный Октябрь» колхозынан бір отар қой алып, шопан болады. 1942 жылы 6 қаңтарда бұрынғы Есбол ауданының әскери комиссариаты, неміс фашистерінен өз Отанын қорғауға аттанады. 137-атқыштар дивизиясының 770-полкінде минометші болған.

Боран майдандағы алғашқы күндерінен бастап, өзінің тарихта ізін қалдырған батырлығынан бұрын да бірнеше рет ерлік жасап, үкімет наградасына ие болған. Боран 1942 жылы 10 тамызда өзінің немере інісі Занешке жазған хатында: «Бір күні біздер биікте орналасқан «З» деревнясынан немістерді қуып шығуға бұйрық алдық. Немістер деревняны бекініс пунктіне айналдырып алған, жер жағдайы немістердің маневр

жасауына өте ыңғайлы болды. Дзотқа орналасқан неміс пулеметін құрту қиынға түсті. Дзот бізден 200-300 метрдей жер. Мен енді гранатамен құртуды ойладым. Биікке қарай 30-40 метрдей қалғанша гранаталар алып, бауырымен жылжып келдім де, екі гранатпен жау пулеметін расчеттарымен құрттым».

Ол Орел облысы, Покровск ауданы, Лески деревнясы үшін болған ұрыста жаудың атыс ұясын жойып, сол жерде қаза тапқан. Кейін жолдастары шабуылға шығып, жаудың бетін қайтарып, Лески деревнясын жаудан азат еткен Боранның өлі денесінің қасында жаудың 28 офицері мен солдаттарының өлігі жатқан. Шындығында, ол мектептегі оқулықтан белгілі Александр Матросовтан 17 күн бұрын ерлік жасап, жау ұясын кеудесімен жауып, беліне байланған гранаталарын аз уақыт ішінде жарып үлгерген. Сөйтіп, қаза тапса да дұшпандарын жер жастандырып, Кеңес әскерінің жолын ашқан. Теңдесі жоқ ерлік көрсеткені үшін КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының 1943 жылғы 23 қыркүйектегі Жарлығы бойынша қатардағы жауынгер Боран Нысанбаевқа «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Ұлы Жеңіс мейрамының алдында Дендер топырағынан бірнеше зиялы қауым өкілдері мен жергілікті тілшілер Ресейдің Орел жерінде болып, қаза болған жерлестердің бейіттеріне гүл шоқтарын қойып қайтты. Сондай-ақ олар Орел аймағында болған күндерінде соғыстың қайғы-қасіреттерін бастарынан кешірген ержүрек те батыл, қайсар адамдармен ауызба-ауыз әңгімелескен. Елге қайтар алдында ардақты ағамыз Батыр Боран Нысанбаевтың бейітіне соңғы рет барып қайтты. Жерлестеріміз Орел жерінен мәңгі естен кетпейтін әсермен оралды.

Тәрбиенің кең салаларының бірі патриоттық тәрбиені еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзекті мәселелердің қатарына қоюы тегін емес. Елбасының 2050 стратегиялық бағдарламасының «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде «Еліміздің тұтастығын, оның тыныштығын, яғни мемлекетімізге қауіп төндіретін қандай да болмасын ішкі және сыртқы күштерінің міндетінің өз жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді» деген құнды пікірлер айтылған.

Жылма – жыл дәстүрлі түрде мектебімізде ерлікті насихаттау, дәріптеу мақсатында Кеңес Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың ерлігіне орай түрлі шаралар өткізу үрдіске айналған. Биылғы жылы да 1-10 ақпан күндері аралығында онкүндік өз дәрежесінде өтті. Онкүндік ішінде бастауыш сынып оқушылары Боран мұражайына барып, батырлардың ерлігі жөнінде деректермен танысты. Барлық сыныптарда «Ерлік – ел мұраты», «Даңқың өшпес ер Боран», «Боран батыр», «Қаңбақтыдан шыққан ер» тақырыптарында танымдық шаралар, сынып сағаттары өткізілді. Онкүндік ішінде мектеп кітапханасында «Боран есімі мәңгі жадымызда» атты бұрыш ұйымдастырылды. «Жас Ұлан» ұйымының бастамасымен 8-10 сыныптар арасында «Ер өлмейді, ерлік ұмытылмайды» тақырыбында «XXI ғасыр

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

көшбасшысы» сайысы болды. Біздің бақытты өміріміз, жарқын болашағымыз үшін өмірін қиған Боран батыр жөнінде қанша айтсақ та артық емес, өзі өлсе де артына өлместей жарқылдаған ерлік даңқы елге аңыз болып қалды. Боран ерлігі ерекше ерлік, ешқашан да ұмытылмастай ерлік.

Батыр болдың да іштегі шерді қозғадың,
Жаксы ғой шіркін қатардан ер боп озғаның.
Не айтсам екен, не десем екен сен жайлы,
Боранда туып, боранда өлген боздағым,

- деп есте қалдырады индерлік бард ақын Табылды Досымов.

Ерлердің ісі ешуақытта ұмытылмайды. Қасиетті Отаны үшін, өз халқының азаттығы мен бақыты үшін жанын пида етіп, мәңгі бақи сүйіспеншілікпен сақтайды. Дендер ауданының Зеленый елді-мекенінде Боран атындағы мектепте батырға арналған мұражай бар. Бөлмеде Боранға арналған жеке іс қағаз, 2 альбом және Боран ерлік жасаған жерінен әкелінген топырақ, снарядтың жарқыншағы бар және батырға арнап өткізілген тәрбие сағаттарының материалдары қойылған. «Боран ауылының бұрынғы көрінісі» стендісі батырдың алғаш шопан болған кезін бейнелейді. Сондай – ақ бірнеше альбомдар жасақталған. «Ер есімі - ел есінде» атты стендіде Боран ағаның ерлігін анықтаған Орел облысы, Покров ауданы, Верхно – Жерновтағы Боран атындағы 8 жылдық мектептің бұрынғы тарих-география пәнінің мұғалімі Александр Матвеевич Акулинин жинаған материалдар бар. Осы стендіде Орелге Индерден бірінші барған делегация бар. Олардың ішінде Боранның екінші апасы Құрманбике Дросковада салынған Боран ескерткішінің ашылуына шақырумен барған. Орел облысының Покров ауданы мен Боранның туып өскен селосы Зеленый селосы арасындағы қарым – қатынастың негізі – ерлікті қастерлеу. Батырдың ерлігі жас ұрпақты Отансүйгіштікке, патриотизмге, ұлы достық рухында тәрбиелеуге өшпес өнеге болды.

Есенқұлова Мадина

8-сынып, №21 мектеп

Құлсары қаласы

Жетекшісі: Измағанбетова Қ.Ғ.

Біздің көше батыры

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат - екінші дүниежүзілік **соғыс** туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, **соғыс**-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап.

Бұл тақырыпты шын мәнінде ашу үшін сол сұрапыл **соғысты** өз көзімен көрген адаммен сұхбаттасқанды жөн көрдім. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, **Отанға** деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Сондай ержүрек батырлардың бірі - менің жерлесім, Құлсары қаласының тұрғыны Әбдірахман Елубаев.

- Сәлеметсіз бе, ата! Маған сіздей **ұлы** адаммен кездескен, сіздей батырды көзбен көрген үлкен қуаныш! Менің сіз туралы, **соғыс** туралы барлығын білгім келсе де, сіздің мазаңызды ала бермей, сұрақтарымды нақты, қысқа қоюға тырысамын. Ата, сіз **соғысқа** қалай шақырылдыңыз, қандай жерлерде ұрыстыңыз?

- Сәлеметсің бе, айналайын, ниетіңе рахмет! Мен өзім жас болмасам да, сол кездер есімде жақсы сақталған. 1944 жылдың қараша айында ауданнан әскерге 96 адам алындық. Оның ішінде Ибраев Қапес, Жақсыбаев Қыдырбай, Жұмашов Тұрым, Жәңгір дейтін жігіттер бірге аттандық. Бізді Орынбордағы Андреевка деген деревняның Оңтүстік Орал соғыс округінің 13-ші атқыштар дивизиясы 361 полкіне жіберді. Ол жерде кіші командирлер дайындайтын курстан өттік. Содан соң Батысқа қарай 15 күн жүріп, Шығыс Пруссияға келіп, 120-ншы гвардиялық дивизиясының 339-ншы полкінің қарауына ендік. 3 күн жаяу жүріп, Берлиннің солтүстік қақпасынан Кенгисберг қаласының тұсынан соғысқа кірістік.

- Фронтқа алғаш жіберілгеніңізде қандай сезімде болдыңыз, қорықтыңыз ба?

- Шайқасқа алғаш кіргенімде, мен өте қатты қорқып кеттім: жау ұшақтары аяусыз атып жатты, танктер үздіксіз ағылып жатты. Біздің әскеріміз минут сайын сирей берді, аяусыз қырыла берді.

- Әбдірахман ата, ал **соғыс** аяқталғанда сіз қайда едіңіз?

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

28 сәуір күні ауыр жаралы болдым. Госпитальде жатыр едік. Бір күні соғысбiттi деген қуанышты хабар келiп жеттi. Бәрi у-шу, мәз-мейрам. Ауыр жарақаттанып, орнынан тұрудың өзi мұң болып жатқан майдангерлер қуанышы қойнына сыймады. Сондағы қуаныштан жаным шығып кетер ме екен деп ойладым. Мен де тұрып оң қолымнан жараланғанымға қарамастан, сол қолыммен елге хат жаза бастадым.

-Ата, қандай марапаттарыңыз бар?

- Мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігім үшін I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің бірнеше мерекелік медалімен, «Кеңес саудасының үздігі» белгісімен марапатталдым.

- Елге аман-есен оралған соң еңбекке араластыңыз ба?

-Соғыстан соң еңбекке араласып, 1946-1951 жылдар аралығында Калинин селолық Кеңесінде хатшы, 1952-1993 аралығында Құлсары мұнай өндірісінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде есепші, бас есепші, экономист қызметтерін атқардым. 1993 жылы сол мекемеден зейнеткерлікке қалдым.

Сұхбат соңында қарт жауынгер Әбдірахман Елубаев өскелең ұрпаққа өзінің ақжарма тілегін айтты:

-71 жылдық мереке құтты болсын. Оған жеткен де бар, жетпеген де бар. Ауданнан бірге аттанған 96-мыздың ішінен қазір бесеуіміз қалдық. Еліміз тыныш болып, әл-ауқатымыз арта берсін. Халқымыз бейбіт өмір сүрсін. Соғыс өрті ешқашанда тұтанбасын.

- Ата, сұхбатыңызға көп рахмет! Жеңісіңіз құтты болсын, аман болыңыз!

Осы сұхбаттан кейін мен адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші дүниежүзілік **соғыстың** аяқталғанына жетпіс бір жылдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғында **Ұлы Отан соғысы** екені әлемге аян.

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар,

- деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс бір жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ.

Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Бірақ, кеңес халқы міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Халқымыздың ержүрек ұлдары мен ер-азаматтары өзінің **Отанын** қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық **соғысқа** жұп жазбай тұтаса көтерілді, бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық танытты. Осындай сұрапыл **соғыс** күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек майданында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді.. «Бір минут ішінде сен **соғысқа** дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиістісің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс істетуге қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Осынау қиын күндерді қазір Әбдірахман атаның айтқан әңгімелерінен де естіп, заманның сыры мен үнін көз алдыма елестетемін.

Қазақ халқынаң ой-сезімін Әбдірахман Елубаевтың: «Фашистік құзғындар еркіндік сүйгіш халықты құлдыққа түсіруге, жерімізді, малымызды тартып алып, мойнымызға арқан салуға тырысты. Бұлай болмақ емес! Қазақ халқы бойындағы Махамбет бабамыздың айбынды рухы өлген жоқ. Біздің даламызда ержүрек жігіттер мен сәйгүлік аттар қашан да бар. **Отан соғысында** қазақтар құлдыққа түсірушілерге қарсы қасық қаны қалғанша шайқасты деп мақтанышпен айтамын!» деп қасиетті жерімізге шабуыл жасаған фашистік хайуандардың сұмдық арсыздығынан сырт қала алмайтындығын, басқыншы жауға туған жер топырағын таптатпайтындығын айтқан жалынды сөздерінен көре аламыз.

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, **Отан соғысының** лапылдаған отының ішінде жауға ойсырата соққы берген ержүрек жауынгер Әбдірахман Елубаев **Отанды** қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. Небәрі он сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгердің жалынды үні жерлестерінің жанын тебірентіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды.

Көңілгекөп тоқыған
Кәрі-құртан ашынды.
Қара қағаз оқудан
Сауатымыз ашылды,

- деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай, **Ұлы Отан соғысы**, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгінбұл мейрамды кешегі майдангерлер –**соғыстың** алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде бізге бейбіт өмір сыйлаған **Ұлы Отан соғысының** ардагерлері тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбектерімен жеңісті шыңдаған шаруалар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

аналар мен қыздар тойлайды. Осынау **Ұлы Жеңіс** күнінде **Отанымыз** үшін өзінің жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, тамыр-таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 71 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! «Ер есімі-ел есінде», -демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ!

Ержанғалиев Ерғанат

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы

Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы

Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

Жалмады талай арысты...

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75жыл өтті. Сол кездегі қазақ халқының төзімділіктері мен ержүректілігің көрсететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы отаны мен өз жері үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды шайқаста қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік көрсеткен қайсар жауынгерлеріміздің бірі- Бауыржан Момышұлы еді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам—опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өзінің келешек ұрпақтарының өз халқының намысын қорғаны, халқын шын сүйетіндігінің дәлелі болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін оятады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Ерліктің қос қанаты деп білемін Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін жырға тірек еткен шығыстың қос жанары Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтсам қателеспеймін. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, апам да, ағам да жоқ» сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп жас түлек Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар тізіміне өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қасарлығы мен ержүректілігі таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен, көрегендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих беттерінде алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің атағын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған, көптеген Қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, алғысхаттармен

марапатталған. Сұрапыл қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен Қазақ қыздары қаншама!? Әлеуметтік-тарихи өзгерістер мен құбылыстарға қашанда алдымен үн қатуға, өз үнін білдіруге әзір елгезек халық ақындары мен жазушыларының шығармалары бұл жылдары ерекше шабытқа толы болды. Олар жазушылар мен ақындардың туған халқына қалтықсыз қызмет етіп, соның мұңын шертіп жырын жырлауының айқын айғағы еді. Бұл шығармаларда жауға деген өшпенділік пен кек халықты ізгі күреске шақыру, үндеу сарыны көрінді. Әсіресе, Отанға төнген қауіп 96 жастағы суырып-салма ақын Жамбылды тыныш жатқызып қоймады. Майданның алғашқы төрт жылында ол үш мың жолдай жыр жазды. Олардың ішіндегі ең көркемі, құндысы «Ленинградтық өренім» өлеңі еді. Бұл өлең 1941 жылы 900 күн, 900 түн қоршауда қалып, елден бөлініп, қиын кезді басынан өткізген қаһарман ленинградтықтарға арналған өлең болатын. Ленинградтық өренім, Мақтанышым сен едің. Нева өзені сүйкімді Бұлағындай көремін, - деп басталатын өлең жолдары қалада радиолардан жіберіліп, әр көшеде, алаңда плакат ретінде жазылап, қала халқына, Ленинградты қорғаушыларға ерекше күш берді, орталық газеттерде және майдан газеттерінде басылып жатты. Майдандағы әскерлер де, тылдағы жұмысшылар да, аналар мен әжелер де, тіпті жас балалар да Жамбыл өлеңін сүйсініп оқыды және сол өлеңді өздеріне ұран етіп те алды. Жауынгерлер ақынның жалынды, жігерлі сөздерінен керемет рухтанып, арыстандай арпалысты, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, жігерленді. Себебі, Жамбыл бұл өлеңінде әскердің қайсарлығын, жауға деген кегі мен өшпенділігін айтады. Сұрапыл жылдары бір қолына қару, бір қолына қалам ұстаған өршіл рухты, сыршыл батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақынымыз Қасым Аманжолов болды. Буырқанған була күшке, екпінді еркелікке толы, шиыршық атып, бұлқына ойнап тұрған айбынды, қайраты, тепсініп темір үзердей ішкі қуаты сапырылыса, шайқала шапшыған ақын өлеңдерінде Отанға деген шексіз махаббатын керемет суреттейді. Ақынның осындай отты, өршіл шығармаларының бірі - «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы. Басқыншы зұлым жауға ең соңғы демі қалғанша берілмей соғысып, өмір мен өлімнің арасында тұрған, ерлікпен қаза тапқан жауынгер ақын Абдолланың батырлығын, ерлігін, суреттейтін бұл шығарма керемет ерекше айбындылықпен ұлтжандылықпен, жазылған. Шынымен де, елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады!

Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Жеңіс мейрамын бүгінгі майдангерлер – соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер тойлайды. Бір сөзбен айтқанда барлық қазақ халқы тойлайды. Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, тамыр-таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз. 9 мамыр – фашизмді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды ойлары, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Ермекова Гүлайна

10 – сынып, №4 мектеп

Тұрғызба ауылы, Жылыой ауданы, Атырау облысы

Жетекшісі: Әнесова Құрма Көпенқызы

Жеңіс туы желбіреді мәңгілік!

Шерлі жылдардың шежіресінен сыр шерткен,

Шыққан жоқ әлі ызғарлы жылдар өрті естен.

Ұмытылмайды ерлердің ісі мәңгілік,

Ұлы Жеңісті тойлайды елім құрметпен

Адамзат баласының осы дәуірге дейін өмір сүріп келген күндерінің ішіндегі ең қатыгезі, ең сұрапылы екінші дүниежүзілік майдан-Ұлы Отан соғысы екені бәрімізге мәлім. Тыныш жатқан елге тажалдай тап беріп, төтесінен төнген сұрапыл соғыс сонау мың тоғыз жүз қырық бірінші жылы басталып еді. Ал сол сұрапыл соғысқа елін сүйген батыр қаһармандар еш қорқынышсыз аттанып кете барды. Олардың соңынын аңырап ата-ана, есінен танып жары, ботадай боздап балалары қайғының қара бұлтына оранып қала берді.

Ұлы Отан соғысына 35 миллиондай адам қатысып, 20 миллионнан астамы сол соғыста ерлікпен мерт болды. Сұрапыл соғыста қазақтың мәрт ұлдары мен қыздары ерекше ерлік көрсетті. Отқа оранған соғысқа кезінде қан майданға өздері сұранып барған қос батыр қыз - Әлия мен Мәншүк, теңдесі жоқ ерлік бейнесі болған қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлы, батырлық пен қайсарлықтың үлгісін көрсете білген Сұлтан Баймағанбетов пен Төлеген Тоқтаров сынды рухты тұлғалардың ерлік істерін ешқашан естен шығаруға болмайды.

Қан құйлы соғысқа ер-азаматтармен қоса, көптеген қыздар да қатысып, асқан ерліктерімен мейірімсіз жаудың бетін қайтарып, жер жастандырды. Зеңбірек оқтаушы Алтын Уәлиева, 300-ден аса аспанға көтеріліп, көк жүзінен жауына қырғиша шүйліккен Хиуаз Доспанова, Польша жерінде ерлікпен қаза тапқан лейтенант, Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған Алтыншаш Нұрғожинова, барлаушы Рахила Ералина сынды қазақ қыздарының ұлы ерліктері туған халқының жүрегінен мәңгілік орын тепкені тарихи шындық.

Соғыс жылдары отанын қорғау үшін ерлік пен қаһармандықтың өшпес бейнесін көрсеткен қазақ батырларының ерлігі ешқашан да ұмытылмақ емес. Ұлылардың ерлігі келешек ұрпақ жадында мәңгі сақталады. Бұл қаһарлы күндер тарихта «шерлі жылдар шежіресі» атылып қала беретін болады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Біздің осындай бақытты өмір сүріп отырғанымыз- сол батыр ұл-қыздардың ұлы ерлігі, халқына осындай ғажайып өмір сыйлап, ұрпағын отансүйгіштік пен батырлыққа тәрбиелеп келе жатырған қайсар рухты бабаларымыздың ел қорғау жолындағы ерлік істерінің көрінісі.

Батырларым алып берді азат күн,
Ортасында жүріп қанды азаптың.
Ел намысын қорғады олар қасқайып,
Асқақтатып абыройын қазақтың.
Мәңгілікке жасампаздық орнады,
Қазақ елі жеңіс күнін тойлады.
Ұмытпайды батырларды ұрпағы,
Олар жайлы талай ақын жырлады.

Биылғы жылы Ұлы Жеңістің жетпіс бірінші көктемін қарсы алғалы отырмыз. Жеңіс күні! Адамзат аңсап күткен күн, жеңістің алуын жаққан күн, 1418 тәулікке созылған жанқиярлық күрестің айбынды туын жаудың ұясына асқақтата тіккен күн. Дүние жүзін түгел шарпыған екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, ел қорғаған қайсар батырларымыздың ерлігін ешкім де, ешқашан да ұмытпақ емес. Бұл мереке - жер бетіндегі бейбітшілікті жақтайтын барша ақ ниетті адал халықтардың ортақ мерекесі. Бұл жеңіс әлемді тыныштықта тербететін бейбітшілік пен әділдіктің әрқашан жеңетінін дәлелдеді. Бұл мереке Отанын қорғаған қаһарман ұл-қыздардың асқан ерлігі мен елде күні-түні бел жазбай еңбек етіп, жеңісті жақындатқан жанкешті еңбек адамдарының қалтқысыз қызметі мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қала береді.

Біз соғысты көрмесек те, фашистердің жантүршігерлік қатыгездігін кинолардан көрдік, қан майданның отқа оранған күндерін әдеби шығармалар арқылы көзімізге елестеттік. Жыл сайын жеңіс мерекесінде майдангерлермен кездесу кезінде отты жылдарды тебірене еске алған аталарымыздың айтқан естеліктерінен түсіндік.

Соғыс – адамзат үшін ең үрейлі, ең ауыр сөз. Себебі, оның астарында жазықсыз қырып-жою, қасиетті туған жерді басып алу деген қорқыныш сезімі ұялаған.

II дүниежүзілік соғыс әр қазақ отбасы үшін орны толмас қайғы-қасірет әкелді. Әділетсіз басталған алапат соғысқа Қазақстаннан түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан мыңдаған боздақтар оралмай қалды. Бірінің баласы, бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Соғыс зардаптарын азапты күйде кешірген майдан мен тылдағы қазақ халқының жанкешті тірліктері алапат соғысты ауыздықтап, жеңісті жақындатуға мол ықпал етті. Ұлы Отан Соғысы жылдары жауға қарсы атылған әрбір он оқтың тоғызы қазақ жерінде жасалды. Азық-түлік, жылы киім де вагон-вагон болып соғыс даласына аттанып жатты. Сандаған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бауырлас ұлттар бірге күш біріктіріп, жанқиярлық ерлік, табандылық пен өжеттіктің арқасында Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Солардың өшпес ерліктері арқасында Отанымыз жаудың қанды шеңгелінен аман қалды.

Жеңіс күні – ерлік пен өрліктің мерекесі. Қаһарлы жылдардағы аталарымыздың ұлы ерлігі мен Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың есімдері тарихта мәңгілік қала бермек. Отанын қорғауда өлшеусіз ерліктерімен ерекшеленген қазақ елінің Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батырларының есімі тарихымызда алтын әріптермен жазылуға міндетті.

Біздерге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт өмірімізге мәңгі шуағын шашуда.

Отанын қорғап, парызын өтеу- ер ісі,
Жеңіс дегенің- қаһармандықтың жемісі.
Ерлікпен жеткен жасампаз мынау Ұлы той,
Қайсар қазақтың өжеттігімен жеткен жеңісі.

Жеңістің туы мәңгілік желбірей берсін!

Жақсыбайқызы Қаракөз

Атырау облысы Қызылқоға ауданы, Жасқайрат ауылы
Ш.Т.Еркін атындағы орта мектебі 2 сынып оқушысы
Жетекшісі: Қалуова Раушан

Отты жылдардан естелік

Биыл Ұлы Отан соғысының басталғанына 71 жыл толып отыр. Осыдан 71 жыл бұрын фашистік германия КСРО еліне шабуыл жасады. Осы соғыс жолында қаншама қазақ азаматы елі, жері үшін барын салды. Ұлы Отан соғысы 1941-1945 жылдары болған. Бұл кез ешбір адамның есінен кетпейтіні анық. Соғыс басталысымен Қазақстан алғашқы күндерден бастап бір жұдырықтай жұмылды. Осынау жер-ананы шарпыған соғыс жылдарында елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған. Бейбіт өмірді тарту еткен қан майданда от кешкен ер жүрек жауынгерлер бүгінгі ақсақалды ардагерлер мен ақ жаулықты аналар. Олар әрқашанда құрметке лайық. Сондықтан оларға деген алғыс еш толастамасы анық. Сол кездерде қазақ ұлдарының жеңіске қосқан үлесі зор. Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік пен шыдамдылық танытты. Ұлы Отан соғысы жылдарында бірнеше Қазақстандық аталарымыз Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар өз Отанын қасық қаны қалғанша қорғады. Осы бейбіт күнді ата әжелеріміз бес жыл бойы минуттап, сағаттап күтті. Осы қиын кездерден бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ. Сол кездегі халқымыздың ер жүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін тарихта мәңгі қалатын күн. Біз Ұлы Отан соғысында жеңіске ештеңеге тең келмейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине бірліктің арқасында қаншама халық бір тудың астында бірігіп күштерін бір арнаға салды. Қаншама аналар боздақтарын айырылып, қаншама бала жетім өсті. Бұл соғысты ешкім де, ешқашан ұмытпауы тиіс. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат еткен, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде - бір үлкен шайқас болмады. Ұлы Отан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соғысынан аман оралған қариялар жыл сайын азайып келеді. Олар ұрпақтарының бүгінгі өміріне қарап, соғыс салған жараларды ұмытуға тырысады. Мен Жақсыбай қызы Қаракөз Ш. Т. Еркінұлы атындағы орта мектебінің 2 б сыныбында оқимын. Сынып жетекшіміз Қалуова Раушан апай. Менің мектебім батыр аға есімінде. Шүкір Таңатарұлы Еркінұлы 1924 жылы қазіргі Қызылқоға ауданы Миялы ауылдық Советінде туған. Ұлы Отан соғысына қатысып, елін, туған жерін жаудан қорғап, жауынгерлік «Даңқ» ордендерінің толық иегері атанған. Ш. Т. Еркінұлы Отан алдындағы борышын үлкен аброймен ақтап келгеннен кейін жоғары білімді маман, заң қызметкері болуды армандайды. 1947 жылы Қазақтың мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бірақ соғыстағы жарақат әсерінен кеміген денсаулық оқуды аяқтатуға мүмкіндік бермейді.

1949 жылы аяулы азамат, жалынды жауынгер 25 жасында дүние салды.

Ер есімі – ел есінде. Ол бұл дүниеден кетсе де, оның есімі ұмытылған жоқ. Қазақ ССР Министрлер Советінің 1977 жылы 8 июльдегі қаулысы бойынша Қызылқоға ауданының Орлыкөл орта мектебі Ш. Т. Еркінұлы атындағы орта мектеп болып аталды.

Міне, мен осындай батыр аға есімі берілген мектепте оқығанымды мақтан тұтамын. Біздің бойымызда да Шүкір ағадай еліме деген патриоттық намыс, ерлік, батырлық, тазалық бар.

Алдағы уақытта да батыр ағамыздың есіміне лайық болу үшін сабағымды жақсы оқып, үлгілі оқушы болуға бар күшімді саламын.

Жанатова Данагүл

8 сыныбы Хамидолла Наубетов атындағы орта мектеп
Атырау облысы, Исатай ауданы, Жанбай ауылы

Ұлы Жеңіс - ұлы жетістікке жетелейді

Жеңіс күні- аға ұрпақтың ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл 71 жыл! Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Бүгінде Ұлы Жеңісті алып берген аға буынның алдында әр уақытта қарыздармыз. Ұлан-байтақ даланы найзаның ұшы, білектің күшімен қорғаған аталарымыздың игі дәстүрін бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді. 1945 жылдың 9 мамыр күні өтсе де, жұртшылық жадында халықтың ерлігі мен даңқының мызғымас символы болып келеді. Тарихқа Ұлы Жеңіс болып енген айтулы күнді жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күрескен аға буын ерлігі ешқашан да ұмытылмайды. Өйкені, олар алып берген Жеңіс бүгінде бізді небір жетістіктерге жігерлендіріп, жанымызға қуат беруде, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншама адам мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңіске ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымызда көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырларымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Біздің парызымыз сол алапат сұрапыл соғыстағы Жеңістің қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге құрмет көрсету. Олар қан майданда ерлік танытып, елді жаудан қорғады. Ал, бейбіт өмірде туғандар жердің игілігіне адал еңбек етті. Қандай шаруаға да белсене қатысып, кейінгі буынға жол көрсетті. Сол зұлмат соғыстағы жеңіс болмаса, жарқын болашаққа сеніммен ұмтылған Тәуелсіз Қазақстан болмас еді. Бүгінде біз елмен бірге тыныстап, келер болашақты нұрлы ету жолында шынайы патриотизм мен қаһармандықтың үлгісін көрсетіп келеміз. Осы Ұлы Жеңісте өшпейтін ерлік үшін ардагерлерімізге шынайы алғысымызды білдіруіміз қажет. Елімізде орнаған бостандық пен тәуелсіздік үшін күрескен қан майдандағы ерліктерге мың алғыс!

Ұлы Жеңіс! Қаншама ардақты азаматтарымыздың өмірін қиған, талай отбасының шаңырағын шайқап, қайғы-қасіретке душар еткен соғыс өртінің өшкеніне ел қуануда. Уақыт өткен сайын сол кезеңдер бізден қашықтап бара жатқанымен, оның халық тағдырында қалдырған ізі көңілден кетіп, жүректен өшпек емес. Соғыс басталған сәттен-ақ, қазақстандық жауынгерлер Бөгенбай мен Қабанбайдың, Наурызбай мен Райымбектің, Махамбет пен Исатайдың ұрпақтарына лайық ұрыс салды. Сондықтан да

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңіс күніне жете алмай, қанды шайқастарда қаза тапқан батырларымыз бен соғыстан аман оралған жауынгерлерімізді дәріптеп, есімдерін ұлықтау-бүгінде тек мемлекеттің ғана емес, әрбір адамзаттың үлкен парызы.

Деректерге сүйенсек соғыс қимылдары әлемнің қырық мемлекетінің аумағында жүріп, 110 миллион адам солдат шинелін киді. Соңғы деректер бұл апатта 60 миллион адамның қаза тапқанын айтады. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 миллион адам деп есептелді. Ең қанқұйлы соғыс ретінде тарихқа енген екінші дүниежүзілік соғыс және Ұлы Отан соғысы болып танылды. Сондықтан біз Жеңістің өзіндік мән-маңызын аша түсуге тиіспіз.

Туған жерден топырақ бұйырмай, жат жерде қалған жауынгерлеріміз жау лагеріне кісенделіп, кейінгі тағдыры белгісіз болып қалған сарбаздарымыз қаншама?! Жеңіс бізге миллиондардың қанымен, мыңдаған аналардың көз жасымен келді. Соғыс жылдарында талай бала әкесіз өсті. Талай шаңырақ шайқалып, берекесінен айырылды. Талай ана майданға кеткен жарын жоқтаумен өтті. Мұның барлығы соғыс салған жараның жазылмағанын, қанды жылдар қасіретінің қаншалықты ауыр болғандығын көрсетеді. Соғыс тарихын қажет ететін дүниелер әлі көп.

Берлиннің төріне Қызыл Ту тіккен екі қазақ бар. 29 сәуірде бірінші болып Мәденов Ратуша қаласына ту тікті. Ал, отызыншы сәуір күні Қошқарбаев Рейхстагқа ту тікті. Желбіреген Қызыл Ту осылайша көптеген жауынгерлерге рух берді. «Кеңес Одағының Батыры» атағын алғандарды айтпағанның өзінде, Ұлы Отан соғысы жылдарында 201 қазақстандық Социалистік Еңбек Ері атағын алған екен. Осындай ерліктер ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Рас, біз жаһандық тарихтан бөлініп кете алмаймыз. Дейтұрғанмен, Ұлы Отан соғысы тарихына біздің де жаңаша көзқарас танытатын уақытымыз жетті. Бастысы өскелең ұрпақ соғыстың дүниежүзін фашизмнің «обасынан» құтқарғанын білуі тиіс.

Соғыс тарихы зерттеліп бітті деуге болмайды. Ашылмай жатқан сырлар, айтылуы тиіс ақиқаттар өте көп. Ендігі жерде әлемде мұндай қанқұйлы соғыс болмасын! Бірақ, бүгінгі буын қандай қиын жағдайда да жән-тәнімен Отанымызды қорғайтын жағдайда болуы керек. Сол себептен де, соғыс тақырыбын патриоттық тәрбиеде пайдаланудың маңызы зор. Қазір қазақ елді мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Олар біздің мақтанышымыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

9 мамыр бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау! Ендігі біздің міндетіміз бүгінгідей бейбіт күнді сыйлаған майдангерлерімізді, тыл еңбеккерлерін көзі тірісінде ұлықтап, зор құрмет көрсету. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін. Тарихта қалған сабақ баршамызды ойландыруы тиіс! Өйткені, ерлік даңқы өшпеуі тиіс!.....

Жолдыхайыр Перизат

9 – сынып, Мұқыр орта мектебі
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр селосы
Жетекшісі: Ерғали Маржан Ғайсақызы

Отты жылдар жадымызда
Өлген жоқсың, қатардасың,
Солдатсың сен, азамат!
Бүкіл әлем замандасың
Қадірлейтін адамзат.
Қ.Көпішев

Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ, яғни біздер, қазіргі таңда Қазақстанда алаңсыз өмір сүрудеміз. Бізге мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын соғыста қолына қару алып, қасық қаны қалғанша соғысқан аға ұрпақ сыйлады. Бейбіт жатқан елге тұтқиылдан шабуыл жасаған Германия Гитлердің «Барбаросса» жоспарын жүзеге асырмақ болды. 1940 жылы 18 желтоқсанда Гитлер «Барбаросса» жоспарына қол қойды. Бұл жоспар бойынша Гитлер Кеңестер одағына қарсы «Қауырт соғыс» ашып, 8-10 апта ішінде аяқталуға тиіс деп жоспарлады. Сөйтіп 1941 жылдың 22 маусымында таңға жуық фашисті әскерлері КСРО аумағына соғыс жарияламастан баса-көктеп кірді. Германияның шабуылы Кеңес Одағына өте ауыр тиді. 1941 жылдың күзінде неміс әскерлері Балтық жағалауын, Молдавияны, Украинаны, Белоруссияны басып алып, Ленинградты қоршады. Мәскеуге жақындады. Ленинград үшін болған шайқаста халық ақыны Ж.Жабаев жауынгерлерге «Ленинградтық өренім» атты өлеңін арнады.

1941 жылдың желтоқсанында герман армиясы Мәскеу түбінде тоқтатылып, Гитлердің «Қауырт соғыс» жоспары іске асырылмады. Мәскеу түбіндегі шайқастарда генерал И.Панфилов басқарған үш жүз он алтыншы дивизия қимылдары, атақты жиырма сегіз жауынгердің елу танкіге тойтарыс беруі, жас офицер Б.Момышұлы бастаған батальонның ерлігі әлемге жайылды. Талай нәубетті көріп, мың өліп, мың тірілген аға ұрпаққа Ұлы Отан соғысы да нардың белін майыстыратындай тауқымет арқалатты. Фашистік Германияға қарсы сол кездегі Кеңестер Одағының азаматтары ауызбірлікпен қарсы тұрып, Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Бұл Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Сұрапыл соғыс қаншама отбасын бақытсыздыққа душар етті десеңізші? Күш-қайраты бойында бұлқыған басым көбі өрімдей жастардан құралған елу миллион адамның өмірін қиып кетті. Ал жараланғандар мен мүгедек болып қалғандардың саны одан да көп. 1418 күн мен түнге ұласқан фашизмге қарсы күресте, ер етігімен су кешіп, қасық қаны қалғанша соғысқан кеңес әскерлері сапында бір миллион сегіз жүз мыңға жуық қазақстандық та болды. Бес жүздей адам Кеңес Одағының батыры, жүз

он жауынгер «Даңқ»орденімен марапатталса, алты жүз отыз мыңнан астам қазақстандық қиян-кескі ұрыстарда қаза тапты. Неміс басқыншыларын талқандауда Қазақстан халқының майданда ғана емес, тылда да көрсеткен ерлігі ұшан-теңіз. Олардың майдандағы жауынгерлерге киім-кешек, тамақ, оқ-дәрі, атты әскер полктарына жылқы және тағы басқа қажетті бұйымдарды жеткізудегі тынымсыз еңбектері ерекше болды. Тылда еңкейген кәрі ата мен әже, әйелдер,кәмелетке толмаған жас балалар уақытпен санаспай, таң атқаннан кеш батқанға дейін еңбек етті.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жанқиярлық ерлігі-Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деген болатын. Ұлы Отан соғысына қатысып ерлік көрсеткен батыр атамыз Б. Момышұлы, партизан жазушы Қ.Қайсенов, Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен қаһарман Р.Қошқарбаев, шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүк, «Қанатты қыз» Хиуаз,Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының бас кейіпкері болып бейнеленген Қ.Смағұлов, ұшқыштарымыз Н.Әбдіров, Т.Бигелдинов т.б. майдангерлеріміздің есімі біздің Отанға деген сүйіспеншілігімізді арттыра түседі.

Әлем тарихына ең қанқұйлы деген атпен енген екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталып, Ұлы Жеңіс туының желбірегеніне де биыл 71 жыл толып отыр. Миллиондардың қанымен келген Жеңістің тарихи маңызын бағалап, қадір-қасиетін дәріптеу, халқымыздың өшпес ерлігіне тағзым ету- біздің қасиетті борышымыз. Салқыны сан жылдарға созылған сол бір сұрапыл соғыстың жаңғырығы мәңгі жадымызда. Ел шетіне жау тиген шақта қолына қаруын алып, елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған, Отанға бейбіт өмірді тарту еткен, қан майданда от кешкен ержүрек жауынгерлеріміз әрқашан жоғары құрметке лайық. «Бәрі де майдан үшін,бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек еткен тыл қаһармандарының да ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес.

Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай республикалық ардагерлер кеңесі қарт майдангерлерді кездейсоқ көлденең оқиғалардан, жүрек талмасы, қан қысымы сияқты дерттерден аман сақтау үшін «Самұрық қазына» әл-ауқат қорымен бірлесіп, дабыл түймесі бар мобильді телефонмен тегін қамтамасыз етуге арналған «Өмір жолы» акциясын өткізді. Сонымен қатар «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты жинақтың кезекті томы шығарылды. Өзіміздің Атырауда облыс бойынша майдан даласында қаза тапқан, хабар-ошарсыз кеткен боздақтарға арналып мемориалды ескерткіш тақта орнатылды. Өзімнің ауылымда да майданнан оралмаған жауынгерлерімізге ескерткіш тақта орнатылған. 9 Мамыр мерекесінде ескерткіш жанында салтанатты жиын өткізіліп, оларды құрметпен еске алып, гүл шоқтарын қойып, бас иеміз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Жеңіс - барлық халықтың жеңісі. Сондықтан кешегі жауынгер, бүгінгі ата-әжелеріміздің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан-ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталады. Енді ешқашан соғыс болмасын, аспанымыз ашық болып бақытты өмір сүрейік!

Жулдасова Асем

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

ЕШКІМ ДЕ, ЕШТЕҢЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Қазақстан. Бұл мен туып, өсіп келе жатырған мемлекет. Иә, мен көзімді ашқалы осы елдің топырағына аунап, ауасын жұтып келемін. Қазіргі заманда басқа елдермен терезесі тең тұрған, қарқынды дамып келе жатырған мемлекет. Бірақ, қазір осыншама жетістікке жеткен ел бұрын қандай еді...

Иә, осыдан тұп-тура 550 жыл бұрын «Қазақ хандығы» құрылған болатын. Міне, сол сәттен бастап-ақ қазақ деген елдің қилы тағдыры басталған болатын. Қазақ өзінің егемендігі, еркіндігі жолында не көрмеді десеңші?! Тарихқа көз жүгіртсек қазақ қазақ болып қалыптасқалы талай сыннан өткенін байқаймыз. Яғни, сонау 18 ғасырдан бастап-ақ қазақтың басынан қара бұлт үйірілмеген екен. Сұм жоңғарлардан бастап, қанды көз фашисттерге дейін еліміздің байлығына, кеңдігіне қызығып өз қол астына өткізгісі келген болатын. Бұдан бөлек, қазақтың есінен кетпестей өзінің ізін салған Ұлы Отан соғысы...

Соғыс... Ол ешкімге аяушылық танытпайтын айдаһар іспеттес. Жер бетіндегі бүкіл тіршілік атаулыға өзінің ыстық жалынын шашып, бар жақсыны жалмаған болатын. Бұл соғыстың елге әкелген қасіреті шексіз еді.

22 маусымның таңы ешкімге қуаныш әкелмеген еді. Себебі, дәл осы күні барлық радиолардан фашистік Германияның Кеңес одағына соғыс ашқанын хабарлап жатқан болатын. Кенеттен басталған бұл соғыс бүкіл елді абдыратып тастаған еді. Бірақ, соған қарамастан қазақ азаматтары елін-жерін қорғап қалу үшін, ертеңгі ұрпақтың күліп атар таңы үшін майдан даласына аттанған еді.

Бұл сәттер қазаққа қиынға түскен кездер болатын. Осы жылдар аралығында талай азаматтарымыздан айырылды. Жақсыны да, жаманды да аждаһадай жалмаған бұл соғыс қазаққа көп қасірет шектірген болатын. Бірі кішкентайынан көз алдында асыр салып ойнаған, жанынан да артық жақсы көретін баласын, бірі тірегі, сүйеніші асыл әкесін, енді біреулері жан жарын алдында не күтіп тұрғанын білмесе де майдан даласына аттандырған болатын. Ерлерін қан майданға аттандырған нәзік жандыларымызда қол қусырып отырмаған болатын. Кейбіреулері ерлеріне тынбай киім токумен болды, енді біреулері қатаң күн тәртібімен күні-түні завооттарда жұмыс істеді.

Жазушы, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдиев, Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, партизан Қасым Қайсеновтардың есімі халықжадында мәңгі сақталарына шүбә келтірмес

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

едім. Олардың жас ұрпақ үшін, басын бәйгеге тігіп жасаған ерліктері ешқашан ұмытылмақ емес.

Майдан даласына тепсе темір үзетін ер азаматтарымызбен қатар, нәзік жандыларымызда қолдарына қару алып аттанған болатын.

«Ерліктің қос қанаты деп білемін,

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді», - деген өлең жолдары менің санамда сайрап тұр. Қан майданның дәл ортасында жаудың қарша бораған оқтарына, жауап қайырған қазақтың қос жұлдызы ешкімнің есінен кете қоймасы анық. Олардың еліне, халқына деген адалдығы бәрін таң қалдырған болатын. Олардың ерлігі, батылдығы әрбір қазақ қызына үлгі болып, халық жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Өжет елдің жігіті
Өшін алмай шыдар ма?
Кескілескен дұшпанын
Кесіп түспей тынар ма?
Тайынба, жолдас жауынгер,
Ел тағдыры қолыңда!

- деп Жұбан Молдағалиев жырлағандай қазақ батырлары өзінің көзін ашқалы, өніп-өскен, кіндік қаны тамған жерін сақтап қалған еді. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақ азаматтары көз жұмған болатын. Бұл дегеніңіз тұтас бір елді ел азаматтарынан айырудай көрінеді.

Биыл Ұлы жеңістің 71 жылдығы тойланбақ. Яғни, қазақ даласына қасіретін алып келген соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті деген сөз. Біз қазір бейбіт заманда, тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Иә, әрине бұның бәрі елімізді қасық қалғанша қорғаған ерлеріміздің арқасы деп білемін. Және бізге осындай бақытты балалық шақ пен бейбіт елді сыйлағаны үшін ешкім ұмытылмақ емес.

Ізбай Іңкәр

10 сынып оқушысы Махамбет атындағы орта мектеп

Атырау облысы, Индер ауданы

Жетекшісі: Таскарина Светлана Сүндетқызы

Ұлы Жеңіс - ұлылардың ұраны!

Алтын анам,Отаным! сенен аяр жаным
жоқ, сенен үркер күшім жоқ, -деп ер
қайратыңа мін дағы өрге бас!

М.Әуезов

Ұлы Жеңіс! Биылғы жыл осынау аталған ұлы мерекеге 71 жыл толмақ. Қасіретті қайғының өткеніне, «елім» деген батырлардың жалынды жеңіске жеткеніне, талай адамзат өкілінің естен кетпес езгінің зардабын,оларды қайыспай жеңген талай ардағын ұлықтап жырлағанына 71 жыл толмақшы.. Өткен күндер елесі әлі де халық жадында мәңгіге сақталыпты. Бүкіл жер шарының жарты әлеміне өзінің суық ызғарлы лебімен тоңдыра енген соғыстың ең алғашқы күндері -1941 жылдар қасіреті еді...

Халықтар бейбітшілікті сүйетін. Себебі, соғыс деген аты суық қаралы хабар баласынан ананы,әкесінен баланы аяусыз айыратын зұлматтың хабаршысы. Иә, әке құшағындағы бақытты бүлдіршіндер «асқар тауынан» адасты, көктемдей құлпырған жас өскінінен қол үзіп ана жүрек қала берді. Дәл сол кезеңде тек қазақ халқының емес, өзге ұлттар мен ұлыстардың туған өлкесіне деген сүйіспеншілігі, Отан - Ана алдындағы парыздары сыналды.Ел аузында қазақ жауынгерінің болмысын: « Арыстанның белгісі- артына қарап ақырмайды, нар түйенің белгісі- қабырғасын сөксе де бақырмайды, нағыз туған асыл ер, қанша қасірет шексе де, қайғыланып «аһ» ұрмайды»- деп шеберлікпен суреттейді. Елдің дәулеті мен сәулеті бола білген нағыз ерлер,осы сұмдыққа толы соғыс жылдарында да қақ жүректі қарс айырар оқ жалмаса да қарсы тұрды. Бұл азаматтарға міндеттелген ең ауыр жүк еді. Бірақ ер мінезді аналарымыз да сол ауыртпашылықтарды қаймықпай бірге көтерді, жас балапанының балалығын қараңғылыққа қалдырды да , тынымсыз еңбек етуді қолға алды. Жігерлі хаттар, жылы киім,жеңіске деген ізгі ниеттерімен қолдады, нөсерлі жауындай құйыла түскен оқтардан ыстық лебіз, дұға-тілектерімен қорғады. Ұлы Отан соғысы- әр халықтың Отан үшін от кешкен күресінен туындаған ұғым. «Соғыс» деген қайғылы кітап беттерін парақтар болсақ, осы бір сәттерге куә боламыз, мейлі көзіміз көрмеген болса да,жүрегіміз сезеді..

1941 жыл 22 маусым. Әділетсіз жаулап алушы фашистік Германия соғыс атты әлемдік бүлікті жария қылмастан КСРО аумағына басып кірген болатын. Кеңес Одағы тарапынан, халықтар тарапынан әділетті өз жерін

қорғаған, азаттық үшін болған Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыс бастаушы лаңкес елдің мақсаты, қысқа ғана мерзім аралығында жаулап алу мен КСРО халықтарын өздеріне тәуелді ету және шикізат, азық -түлік базасын шығаратын «қуыршақ» ретінде қарастыру болды. Көп ұлтты елдерді «тұрақсыз бірлестік» есебінде қамтып, сол арқылы барлығын «оңайға түседі» атты жеңіл көзқараспен байланыстырды. Алайда, Кеңес Одағына төнген үлкен алапаттың, оның құрамындағы әр халық үшін болар қауіптің бастамасы екенін ұғына білген барша ұлттар мен ұлыстар жаумен жан аямай шайқасып, тарихта таңбаланар ерліктер үлгісін көрсете білді. Соғыстың алғашқы жылдарындағы неміс әскерінің басымдылығы елді есенгіретті, қиындық-қатер езгідей ене түсті. Оған себеп болған жәйттарда бар еді. Тұтқиылдан болған шабуылдар, еңсесін көтере алмаған Кеңес әскері, оған қоса тиісті қаруландыру жоғары дәрежеде болмады және әскердің көптеген қолбасшылары, жоғары офицерлері бұған дейінде Қызыл Армияны «тазалау» бағытымен жазықсыз өлім құшқан болатын. Бұның барлығы орны толмас орасан зор қайғыға әкеп соқты, мыңдаған Отан қорғаушы жауынгерлерді, талай отбасының тірегін жұлып әкетті, кішкене сәби мен аналардың бәйтерегін құлатты, бақытсыздыққа душар қылды. Өркендей өсіп келе жатқан ел құлазыды... Отты жылдардың ұшқындаған шоқтары әр үйдің керегесін күйдірмей өтпеді, жоқшылық зардабын, ауыр еңбек азабын шеккізді. Осынша қиындық, азап әділет іздеуші әр адамзат баласын жеңіске жетелегендей, майдан даласын да, еңбек етуші қарапайым қазақ баласын да темірдей төзімді, болаттай қайратты етті, көзі қырағы батырдың жүрегін жігерлі рухқа толтыра түсті. «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол- Отанға деген сүйіспеншілік!», - деген ұлы сөз де елді қарумен қорғап жүрген жауынгердің қайрат-күшін нығым ете түседі. Бұл жалынды сөздерді жолдаушы, нағыз батыр, қолбасшы және елін сүйген қаһарман - Бауыржан Момышұлы атамыз еді. Иә, Отанға деген шынайы шексіз сүйіспеншілік, кез келген соғыс деген сұмдықты жоюға себеп болатын күшке ие.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқының қаһарман ұлдары да, қыздары да ел мен жерге деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Ұлы Отан соғысының алтын шежіресінде Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бегилдиновтың және өзгеде мыңдаған қазақ батырларының есімдері анық таңбаланды, құрметтелді. Әлемді шарпыған бұл соғыс қазақ деген халықтың батыр ұлт екенін баршаға мәлімдеді. От кешкен, қан жұтқан сол жылдар уақыт өткен сайын алыстауда.. Бірақ, ешкім де, ештеңе де елге үлгі болар қайратты ұлдары мен намысты қыздарының батырлық ұрандарын, ерлік істерін ұмыттыра алмақ емес! Осы ой, осы тілек бүгінгі жас мемлекеттің саналы ұрпағының санасынан өшпеуі тиіс! Келер ұрпағының болашағын

ұмыт қалдырмай, күресе білген, өмірлерін үзсе де, үміттерін үзбеген бабалар рухын еске алмасақ, ең сорлы туған ұрпақ біз болармыз, ұмыт қалдырсақ тарихымызға жасалар қиянаттың ең үлкені де сол. Сондықтан, жеңіске жасалған әр жауынгердің бір қадамы жас буын өкілі үшін мақтануға тұрарлық, құрметтеуге лайықты іс. Иә, барша халықты дүрбелеңге салған жеңіс жалауы миллиондаған адамдардың құрбандығымен, соншалық қасіретпен келген еді. Бірақ, кез келген қараңғылық тұмшалаған дауылдан соң да жарқырап күннің шығуы заңдылық.

1945 жыл 9 мамыр. Елге жерге қуаныш сыйлар Жеңіс күні келіп жетті. Жеңістің күні барша халыққа өз шапағын төкті, түнерген әлемді нұрлан-дырды. Расында да Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының жеңіске жетуі тарих сахнасында үлкен мәнге ие болды. Өз бостандығын, тәуелсіздігін сақтап қалды, сонымен қатар гитлерлік Германия мен Жапонияны жеңуде негізгі еңбек сіңірді және Еуропа халықтарын фашистік езгіден құтқарып қалды. Болашақ тәуелсіз елдің іргесін құлатпақ болған тағы бір қатерлі қару жойылды. Қазақстан бүгінде ұшы-қиыры жоқ бейбітшілік атты көкте еркін самғап ұшып келеді. Жарқын болашақ жолымен, ұлылардың даңғыл жолымен қалықтап, биіктей түсуде. Осы күнге жетпес бұрын қанша дауылды күндерді бастан өткерді, тар жол тайғақ кешті, қазақ деген жас та қорғансыз құстың маңдайынан қаншама рет азабқа толы суық күндер лебі есті. Дегенмен, қылыштары қарып өтердей, қорқынышқа толы қасіретті замандардың қаһарына төзіп, бір серпи тастап, өктем ұшқан жас құс ең әуелгі мақсаты болған, көк жүзінде қос қанатын кеңге жайып қалықтар самұрыққа айналды. Отқа оранған соғыстың ыстық жалынынан одан әрі беки түсіп, өткен күндердің аңыздай боп көрінген өкпелі тарихын қанатына орай ұшып, тәуелсіз елдің тамырын тереңге жайған алып бәйтерегіне кеп қонды. Қазақ елі-ер бабалардың туған жерге деген шексіз махаббатқа толы ықыласты ниеті мен қайыспас қайсар батырлыққа, өр рухқа толған армандардың, мақсат-мұраттың жемісі және жеңісі. Тарихтың тағылымды толғамдары елін сүйген жас өреннің болашаққа басар қадамдарының алғашқы баспалдағы болуы тиіс. Сонда ғана тарихты құрметтеп, болашақтың шыңырау биігіне сүрінбей жетері анық.

Қабдиева Ғалия

Атырау облысы, Исатай ауданы, Х. Ерғалиев ауылы
Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебінің 10-сынып оқушысы
Жетекшісі: Жеткінов Дидар

Бабалар ерлігі туралы үзік ой

Түні бойы мені ауыр зіл басып, көз ілмедім. Таң атқасын күшімді жинап, тысқа шықтым... Арайлап атқан таң. Әсем дала. Күлімдеген күн. Оң жағыма қарасам балалық шақтың қызығына түскен балалар. Сол жағыма қарасам, күйбең тіршілікпен айналысып жүрген адамдар. Аспанға қарасам қалықтап ұшқан құстар. Бәрі тамаша. Осының бәрі өмірге мән беріп тұрғандай. «Туған жердің ауасы да шипа» демекші, терең тыныс алдым да, осындай бейбіт елде өмір сүріп жатырғаныма шүкіршілік еттім! Шүкіршілік еттім де өзімді билеген белгісіз сезімді ақ қағазға түсіруге асықтым.

Ойлап отырсам, бізге осы тыныштықты сыйлаған ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз! Азаттық жолында өз жауларымен арыстандай алысып, жолбарыстай жұлысқан батырлардың ерлігінің арқасында ғана қазір бейбіт өмір сүрудеміз. Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді. Басқа емес, бір ғана Ұлы Отан соғысын айтсақ та жеткілікті. Міне, бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысындағы жеңіске жетпіс бір жыл толып отыр.

Соғыс оты тұтанған сол бір замандағы Ұлы Жеңіс еліміздің тарихында алтын әріптермен қалатыны хақ. Ел басына күн туып, шаңырақ шағылған сол сәттерде "Отан үшін отқа түс, күймейсің" дегенді жадына тоқыған ата-бабаларымыз атқа қонып, жаумен аянбай күресті. «Ел бостандығы, халық бақыты, ұлттық арман ешқашан арзанға түскен емес». Олар Отан үшін өмірлерін қиюға дайын еді.

«Тағдыр мені адамзаттың жан түршігерлік қайғы қасіретінің куәгері болуға жазса да, ақ қағаздың бетіне болат қаламсаптың ұшымен қисынды сөзді маржандай етіп тізе алатындай өнерім болмаса да, жай себеппен, менің қолым жауға сілтер қылыштың сабын ұстауға, пистолеттің шүріппесі мен жауынгердің атының тізгінін ұстауға үйренген қолыма-қаламсап та, уставтың өктем бұйрығына үйреніп қалған тілім де ырық берер емес, бірақ та сарандардың санатында қалмас үшін, өлгендердің рухы, зардап шеккен, адал солдаттарымның алдында – үн-түнсіз қалмауға, бастан кешкендерді тілсіз қағаз бетіне түсіруді өзіме парыз санаймын, өйткені ол: «ерлік елеусіз қалмасын, олжа – елге, атақ – ерге сауға» деген әділеттілік қағидасын еске салатын, шындық оқиға куәгерінің тілі болсын.» Бұл Бауыржан Момышұлының оқырмандарына жазған қолжазбасынан үзінді. Бұдан соғыстың жан түршігерлік қайғы-қасіретін, қан төккен солдаттарды, батыр атамyzдың соғыстың куәгері болғанын байқаймыз. «Ұрыста адамның барлық қасиеттері сынға түсіп, тексеріліп, бәрі де шешіледі. Ұрыс өтірікті, жалған

батырлықтың бет пердесін сырып тастайды. Ұрыста зәре-құтыңның ұшқанын жасыра алмайсың. Батылдық мүлдем жоғалады, болмаса, өзінің барлық көрінісімен тек ұрыста ғана көрінеді». «Өмір ешкімге сыйланбайды, ол жаулап алынады, өйткені ұрыс аяушылықты білмейді». Иә, Б. Момышұлының бұл сөздерін оқи отырып, елі үшін сынға түсіп жатқан өмір, секундына қаза болып жатырған адамдар, жанын қорқыныш билеген солдаттар көз алдынан өтіп жатады. Ойласам, жүрегім елжіреп, көзіме еріксіз жас келеді...

Бауыржан Момышұлының қолжазбаларында қорқыныш сезімі мен парыз сезімі қатар келетіні айтылады. «Сен өлесің, сенің жастық шағың осымен бітті, сені қазір өлтіреді, болмаса қайтіп бас көтертпейтіндей етіп жаншып тастайды, сенің денеңнің быт-шытын шығарып, бұтарлайды, сені ешкім таба да, жерлей де алмайды». «Бәлкім, мүгедек болып та қаларсың, мұның өзі жұрт жек көретін жаны мүгедек болып жүргеннен әлдеқайда артық. Мүмкін, өз борышыңды орындау жолында қаза табарсың, онда сені мәңгі есте сақтап, алғыс сезіммен айтатын, мақтанышпен еске алатын болады. Есейе түс! Алға ұмтыл!» Өмір мен өлім мәселесі, елдің тағдыры шешіліп жатқан ұрыста әр солдаттың ойында осындай екі ой арпалысып жататынын, адамгершілік сезімі жеңетіні айқындалады. Біз осындай ұлтын, жерін сүйген ата-бабаларымызды мақтан етуіміз керек!

Қазақстаннан шыққан батырларымыз қан майданда саптың алдыңғы шебінде өздерінің ержүректілігінің арқасында ерекше көзге түсе білді. Қазақстаннан соғысқа миллионнан астам қазақ азаматтары қатысты. Атап айтар болсақ, Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов, И. Панфилов, И. Журба, Г. Булатов. Бұл соғыста тек қана ерлер емес, ержүрек, батыр аруларымыз да болды. Мысалы, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова және өзіміздің жерлесіміз, Атырау облысынан шыққан, немістер «Түн аждаһалары» атаған ұшқыш батыр қыз – Хиуаз Доспанова әпкелеріміз алапат шайқаста ерен ерліктерімен дүниені таң қалдырды. Міне, осыдан-ақ олардың ел мен жерге деген махаббатын көруге болады. Қазіргі қыздардың қолына қару ұстатып көріңізші, көздері мөлтілдеп, «байтал түгелі бас қайғы» деп, бастарын ала қашпайтынына кім кепіл болмақ? Отанын қорғаған батырлардың есімдері жадымызда мәңгі сақталмақ!

Иә, біз шыр етіп дүниеге келгенде ең бірінші анамызды көріп, отбасымыздың аяулы алақанында болдық. Бізді, бәрімізді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіріп отыр. Енді соғыс кезеңіне шегінсек, ол кезде еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін еркіндікті сағынды, арқасын кеңге жайып қазақтың кең байтақ даласына қарап тамсануды аңсады. Олардың ойына таң атар атпастан соғыстың ызғары оралады. Киерге киім, ішерге ас таппады ғой олар... Көзін ашпай жатып, соғыс тауқыметін тартып, бірі анасын, бірі әкесін көрмей өсті. Соғыс шырылдап дүниеге келген қаншама сәбидің балалық шағын ұрлады десеңші?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Өмір бойы басқа елдердің қорлығын көріп, жеңіс туын көре алмай кеткен қандастарымыздың тамшылап аққан қаны қанша?

«Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деп Б. Момышұлы айтқандай, соғыс кезеңіндегі солдаттардың бойындағы ізгі қасиеттердің бірі – батырлық. Б. Момышұлының: «Ердің туы – намыс», «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады», «Жауды өлтірсең – өлімнен құтылдың, Өлтірмесең – өлімге ұмтылдың» деген сынды нақыл сөздері орынды айтылса керек. Ерлікті ту еткен батырларымыздың ерен ерлігі елеусіз қалмас! Осындай бейқам өмірге жеткеніміз сол жандардың арқасы емес пе? Мен елімді, жерімді аман сақтап қалған ата-бабаммен мақтанамын! Оларға әр минут, әр секунд сайын тағзым етуіміз керек! Отан үшін отқа түскен жауынгерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес! Күннен-күнге, жалдан-жылға, тіпті, ғасырдан-ғасырға ұлығланып жетіп отырмақ.

Өз ойымды жүрегімді жарып шыққан өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Бейбіт елді әперген аталарым,
Ұрыста қан төгіскен ағаларым,
Бас иеміз әрқашанда иіліп,
Есімдері елеулі бабаларым.
Қорғады бар жанымен елімізді,
Оңайлықпен берген емес жерімізді.
Сақтап қалды қазақтың әр қаласын
Жайнап тұрған жап-жасыл кең даласын.
Тағзым етер бүгінгі ұрпақ сіздерге,
Тыныштықты сыйлағасын біздерге.
Асқақтатып ту тігілді желбіреп,
Аспаныңда бейбітшілік көк тіреп.
Күліп тұр ғой қасында оның күнің де,
Бақытты ғой ұрпақтарың бүгінде!
Қан майданда жанын берген адамзат,
Мың алғыс саған күніне!

Лайым Алла елімізге тыныштық, тәуелсіздігімізге ұзақ ғұмыр
бергей!

Қабекеш Ақжол

Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебі 8 сынып оқушысы
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Жасқайрат ауылы
Жетекшісі: Казиева Салтанат Оржановна

Нағашы атамның естелігі

Ата мен әжемнің ойлы әңгімелерін ұйып тыңдап, санаға тоқығанға не жетсін?! Нағашы атам Қазиев Оржанның да кеудесі сыр сандыққа толы. Ол үнемі бізді әңгімеге тартады. Солардың бірін паш етейін.

Ұлы Отан соғысы басталғанда мен бес жастағы бала едім. Бір күні біздің ауылдың ортасына көп атты кісілер жиналды. Ауылдың бар адамы жиналып шулап, жылап жатыр. Тіпті, үлкен шалдарға дейін кемсендеп, әлдебір ағалармен қимастықпен қоштасып, «қарақтарым, жортқанда жолдарың болсын, Қыдыр баба қолдап жүрсін» деп бата қылып шығарып салып жатыр екен. Мезгіл желтоқсан айының іші болса керек. Жерде қар бар. Көк атты жортып, ауылдан ұзай берді. Бір кезде менің ағам Қазиев Серғазы астында өзіміздің жүйрік жирен бие, қайырылып шауып келіп мені ат үстіне көтеріп алып, сүйіп-сүйіп: «аман бол, әлі ертең сен жігіт боласың» деп маңдайымнан иіскеп, қайта жерге түсіріп манағылардың артынан шауып кетті. Ауыл адамдары кетіп бара жатқандарды көз ұшына шығарып салмай, үйлеріне қайтар емес. Мен де тосын жайға таңырқап, есік алдындағы күлдің үстіне жалаңаяқ шығып тұрғанмын. Соны байқаған ағайым мені қимай, аяп оралған беті екен. Әлі есімде. «Мына ит тоңып қалды ғой» деді. Бұл мен көрген бір көрініс. Ол кезде біздің ауыл №17 ауыл совет деп аталады. Үш кішкентай Социнал, Коммуна, Чапай атты колхоздардың басын құрайды. Орталығы біздің ауыл-Коммуна колхозы. Ол кезде біздің ауыл Мақат ауданына қарайды. Әскери комиссариат Доссорда. Жаңағы кеткендер сол жерден аттарын қайтарып өздері майданға аттанбақ. Кейін есейгенде естігенімдей бұл кеткендер шамасы 25 адам болса керек.

Менің ағам 1921 жылы туған. Бәрі қатар. Сонда майданға алғашқы аттанғандар 20-21 жастағы қылқан кескендей жастар екен ғой. Есімде қалған ағаларым Қазиев Сырғазы, Әлиев Таяр, Кішкенебаев Мәккі, Меңдібаев Темірхан, Барсаев Темір, ағайындылар Аманғалиев Нұрсұлтан, Нұрберген, Меңдіғалиев Бақыбай. Бұлардың алдында Кішкенебаев Есендияр, Үбішев Жолмағанбет, Махамбет Жайын, Құсайынов Шәки, т.б. кеткен. Бұлардан ең соңғы кеткендер Сарышев Аманғалиев Бақтығали, тағы басқалары. Осы азғантай ауылдан кеткендердің бірталайы оралмай, соғыс даласында қалды ғой. Соғыс елге де оңай болған жоқ. Бала да болсақ сезіп, ерте есейдік. Тамақ аш, киім тапшы, уайым көп, күлкі аз. Біраз уақыт өткеннен кейін елге «қара қағаз» бәле келе бастады. Пошта тасушы «теміртаяқ» атанып кеткен Жұмақұл шалды көрген адамдар хат алса қуанып, «қара қағаз» келсе жылап-сықтап,

тіпті кейбірі әлгі шалды қарғайтын да көрінеді. Соғыс жалыны шарпымаған үй болған жоқ. Кейбір үйлерден 2-3 адам кеткендер де болды. Колхоз жұмысы кемпір-шал, жас қыз-келіншек, бозбалаларға қалды. Менің есімде қалғаны сол кезде мектепке барып жүріп, колхоз жұмысына қолғабыс берген Қитаров Ғаббас, Ахманов Тұрсынбай, Аманғалиев Бисұлтан, Демешев Есенғабил, Сапарғалиев Есен, Қабдешев Жолжан, Есендияров Төлеген, т.б болды. Үйде де бос отыру жоқ. Жүн түтіп, иіріп салдаттарға жылы киім, қолғап-шұлық тоқу үлкен науқан. Не керек, ауыл адамы таң бозарып атқаннан келесі түн ортасы ауғанша ояу, қолдарынан келгендерін жасап жатады. Тіпті біз де 7-8 жасқа келгенде шөмелей тартатын атқа отырдық. Әкелеріміз солай үйретті. Адам күші жетпеді, оларға көмек керек. Шөмелей деген бір шана шөптің аумағы. Ол күнде әйелдер, ерлер шалғы орақпен шөп шабады. Қолмен жинайды. Шөмеле етіп үйеді. Сол шөмелейді атпен, сүйрейді. Ұзын сырықпен шөмелейдің астынан арқан өткізіп байлап таңып, бір ұшын аттың мойнындағы қамытқа байлайды. Соны атқа жеңіл, біз құсаған балалар пішен үйетін жерге тасимыз. Елдің ырыздығы ма, әлде жұмыс күшінің кемдігі ме, тарыны басып үлгермей біраз өнім қырманда қалып та қоятын болды. Соғыс азабы адам айтып жеткізе алмастай болды ғой. Азып-тозып елінен, жұртынан безіп, тіпті туған-туыстарының қайда еткенін білмей, бейтаныс елге украиндықтар өгіз арбамен көшіп келді. Біздің ауыл үйлері бір-бір бөлмесін беріп, ас-суын аямай, оларға қайырымдылық қолын соза білді. Біздің кішкентай үйге де бір бөлмеге Николай, Вера деген ерлі-зайыптылар кіріп, ас-суымызды бірге ішіп отырдық. Тіл білетін адам жоқ, ымдап түсінеміз. Үйренісіп кеттік. Сол бір кездегі мақал болып кеткен «Арба-телегі, қарамай шелегі» деген сөз неден шыққанын әркім әртүрлі айтады. Әйтеуір тіл білмегенсін түсінудің бір түрі болар. Соғыс бітіп, олар елдеріне қайтарда жыласып айырылды. Бірін-бірі қимай. Елдеріне барғаннан кейін «аман жеттік, жақсымыз» деген 1-2 рет хат алдық. Соғыстың екінші жылы-ақ армияға жарамсыз, мүгедек, ауру адамдар елге орала бастады. Алғашқылардың бірі болып Махамбетов Жайын ағам бір қолын беріп оралды. Содан жалғасып келе бастады ғой. Тірі келгеніме шүкір деп, қал-қадірінше той жасайды.

Біз шашу теріп мәзбіз. Бала болсақ та үлкендердің қасы мен қабағына қарап өстік. Солар жадыраса қуанамыз, жыласа мұңаймыз. Сол жылдары колхозды кемтарлау ағамыз Жұмағалиев Қанаш басқарды. Кіші басқарма Қалмырзалиев Аманғали атам, сиыр фермасын Жәния деген апай, қой фермасын Бөлекбаев Шошақ деген адамдар басқарды.

Менің ағам Қазиев Сырғазы 1945 жылы аурулықтан сапқа жарамай, елге оралған. Ол кезде Мақатпен біздің елге тұрақты қатынас жоқ. Оны Қамидолла деген ағайын түйе арбасымен алып келді. Ауылға 4-5 км қалғанда өзі алдымен жаяу жүгіріп келіп: «Сүйінші, балаң келді» дегені. Үй абыр-

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

сабыр, көршілер естіп, келіп құтты болсын айтып жатыр. Ағам үйге кіргенде мамамның құшақтап тұрып айтқан:

«Құдай берді құрмалап,

Шуда жіппен шырмалап» деген жолдар есімізде қалыпты. Соғыстың тарихта қара таңбамен қалғаны фашистерге деген елдің қарғысы мен қайғы-қасіреттен туды ғой. Көп адам оралмады. Кейбір шаңырақ ортасына түсті. Қанша ана, қанша жар қайғыдан қан жұтып, айықпас дертке шалдықты. Қанша о дүниелік болып кетті, оны анық білмесек те шындық. Жеңістің өзі майданның да, елдің де тілегіне орай келді ғой. Бір күні астында сұр айғыр, Дүйсенғали атам (жылқышы) ауыл-ауылды аралап, «соғыс бітті, сүйінші, біз жеңдік, енді азаматтар елге оралады» деген хабар таратты. Адам қызық қой, оған да жылап жатыр. Адам қуанса да, қайғырса да жылайды екен-ау. Үш колхоздың адамдары жиналып, әр колхоз өзінше сән түзеп, салт атпен парадқа шығып, қолдарында қызыл ту, келіп жетті. Митинг болды. Ұлы бәйге, тоқ бәйге, құнан жарыс, тай жарыс, жаяу жарыс, алтын қабақ, аударыспақ, ойын түрлері көп өтті. Халық қуанышты, тойды сағынып қалған екен. Қайтсін. Соғыс басталғалы жұрттың жарыла күлмегені рас қой. Сол кездегі ақсақалдардың әңгімесінің көбі мынандай еді. «Сол жылы күн тұтылып, ай қып-қызыл болып күйіп туды және көңірсіген иіс болды. Малдар мазасызданып, ауылдардың иттері күндіз-түні ұлып, тіпті құрнт-құмырсқаға дейін илеуіне мазасыз кіріп-шығатынын көрген едік» деп отыратын. Алда болатын үлкен апатты сезетін болар. Табиғаттың өзге құбылысын хайуанаттар алдымен сезеді деген шындық осы.

Бұл жазып отырғандарым кішкентай ауылда ғана болған жағдайлар. Мен өзім Шүкір Таңатарұлы Еркінов атамыздың атындағы орта мектепте оқитынымды мақтан етемін. Менде өскенде батыр атам сияқты отанымды қорғайтын боламын. Атамыз даңқ орденінің толық иегері. Менің ауылымда дүние есігін ашқан жан. Сондықтан ол кісі менің атам бәріміздің атамыз. Бәріміз атамызға ұқсап өсеміз. Әрине, зерттеуші емеспін. Тек нағашы атамнан естігендерімді мен есімдегілерді ғана сыныптас оқушыларға жеткізу болды мақсатым. Құрбыларыма айтарым, аталар мен әжелердің салиқалы ақыл-кеңестеріне құлақ асып, еңбек ету мен адамгершілік қасиетті бойымызға дарыта берейік.

Құбашева Жібек

9 сынып оқушысы Махамбет атындағы орта мектеп

Атырау облысы Индер ауданы

Жетекшісі: Кайрлиева Ардак Тулеуовна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздерінде жанған от жарқылы бар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар.
М. Әміреұлы

Соғыс жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады. Ол туралы кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс -Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан- Анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да, оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес.

Үстімде сұр шинелім,
Ақсаңдай басып келемін,
Ұмытса да достарым,
Ұмытар ма мені елім, –

деп ақын ата Қасым Аманжолов жырлағандай, елі үшін қасық қаны қалғанша арпалысқан ер мінезді ерлердің ерлігін халқымыз ұмытпақ емес, ұмытпайды да.

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тілегі,

– деп батыр Бауыржан Момышұлы айтқандай, қашан да халық адал ұлдың елге тірек болуын аңсаған. Халыққа тіреу болған да сол ер рухты аталарымыз еді.

Соғыс аяқталып, оның соңғы оғы атылған Ұлы Жеңіске де міне, 71 жыл толғалы отыр. Бұл сұм соғыс, адамдардың жаппай ерлік пен майданға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

бүкілхалықтық көмек көрсеткен патриоттық сезімдері біздің жадымызда мәңгіге қалары сөзсіз. Аталарымыздың бұл ерлігін біз еш уақытта ұмытуға тиісті емеспіз. Туған жерім Жарсуат ауылдық округі бойынша майдан даласында 200-ге жуық боздақ қаза тауып, оралған жоқ. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Солардың бірі де, бірегейі – елдің мақтанышына айналған, өмірі ұрпаққа үлгі, жауынгер-ұстаз менің атам Құбаш Мырзаұлы.

Менің атам Құбаш Мырзаұлы 1922 жылы Гурьев облысы (қазіргі Атырау болысы) Махамбет ауданының жетінші ауылында дүниеге келген. Ол 2 жасында әкесінен айырылып, анасымен қалған. Өзімен бірге туған Сағидолла деген ағасы және Айсұлу деген апасы болған. Өкінішке орай, олардың барлығы да ерте өмірден өткен. Ағасы соғыстан оралмаған. Аналары да ертерек көз жұмып, жетімдікті көп көрген. Бірақ менің атам өмірде көрген қиыншылыққа төзе білген. Ол өз бетімен көп ізденген. Он жылдықты 1940 жылы Есболдан бітірген. 1941-1942 жылдары Құрылыста бастауыш сыныбына сабақ берген. 1942 жылы соғысқа аттанған, онда ол небары 20 жаста болған екен. Атам соғыста көргендерін айта бермейтін. Есіне түсіруді қаламайтындықтан шығар. Бірақ оның әкеме айтқан бір әңгімесі есімде қалыпты. Мұны мен өз әкемнен естігенмін. Сол әңгіме менің есімде «Қызыл етік» атымен қалды.

«Бір жағы жазық дала, бір жағы ну орман. Шегінген немістер орман жағалауларына мина көміп тастаған. Аса сақтықпен бір аяқ жолмен келе жатқан жаяу әскер. Қасымда ауылдасым Молдағалиев Тұржігіт есімді азамат болатын. Кенет төбемізден ұшқан жау ұшақтарынан оқ атыла бастады, жау ұшақтары құдды бір қыран бүркіттей бізге шүйіріледі. Біз амалсыз орманға қарай жүгірдік. Қасымда Тұржігіт бауырым да ілесіп келе жатқан. Кенет дүрс еткен дыбыстан еш нәрсе естімей қалдық. Үстімізді топырақ басып қалған. Тұржігіттің аяғында қара хром етігі болатын. Көзімді ашсам сол қара етік қызыл қанға боялған күйде жұлынып менің жаныма түсіпті. Сол кезде адамдардың хабарсыз кетуі немесе көмусіз қалуы әбден мүмкін екен. Дәл қасымда жүрген жанның жоқ болып кетуі менің жаныма қатты батты, ең болмаса жерлей алмадым-ау деп мұңаятын»- дейді әкем.

Атамның көзі тірісінде Жеңіс күні – біздің отбасымыздың тойланатын айтулы мерекесі еді. Ал бүгінгі күндері мен атамды есіме алып, ойша сырласамын. Атам мен үшін – дүниедегі ең мейірбан, жан жылуы мол адам. Майдангер атамның өмірі, оның көрсеткен ерлігі – мен үшін өнеге. Ұлы Жеңіс күні қарсаңында атамды еске алу – менің парызым деп есептеймін. Атам «Тұлпардың тұяғы, асылдың сынағы десек те болады. Себебі ол жазушы Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясындағы Кеңес үкіметінің тап жауларымен күресте қаза тапқан командир Кенжебеков Мырзаның жанұясында дүниеге келген. Ол 20 жасында 1418 күн мен түнге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

созылған Ұлы Отан соғысына қатысқан. Атам маған соғыс жылдарындағы басынан кешкен оқиғаларын жиі айтып беретін. 1942 жылы 4 қаңтарда әскер қатарына алынып, бір жарым жыл ұрыс даласында болды. Алты ай Бузулук қаласында кіші командирлер даярлайтын оқуды оқып, Ленинград майданының Старая Русь бағытында ұрысқа кіреді. 1943 жылы жазда Новороссийск, Тамань қалаларын азат ету жорықтарына қатысып, Керчь бұғазы мен Қырым түбегін жаудан босатуға қатысады. Бұл жерде атам – Украина майданы, дербес Приморье армиясының атқыштар дивизиясының 691- полкінде пулемет расчетінің командирі міндетін атқарады.

Біз атамыздан соғыс жылдарындағы дәрігерлердің жанкешті еңбегі мен адамдарға деген жанашырлығы туралы айтуды жиі сұраушы едік. Сол сәтте атам сәл үнсіз ойланып, тебірене әңгімелейтін. Сол әңгімелерінің ішінде әкеме айтқан оқиғаның бірі- Валя атты 13 жасар орыс қызының поезды тоқтатып, қансырап жатқан атамның өмірін құтқаруы еді. Атам өмірін құтқарған сол орыс қызы Валя мен дәрігерлерге өмір бойы қарыздар екендігін айтып келген.

Атам 1944 жылы мамыр айында екі рет ауыр жараланып, соғысқа жарамсыз болғандықтан елге оралады. Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін

« I дәрежелі Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Г.Жуков», Қарулы Күштердің мерекелік медальдарымен марапатталған. Ұзақ жылдар бойы мектептерде мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған. Менің атам ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін 1971 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталды.

9 мамыр – «Жеңіс күні» - мен үшін бір үлкен мейрам, мереке болатын. Мен ес білгелі сол күні үйде дастарқан жайылып, соғысқа қатысқан ауыл ардагерлері бас қосушы еді. Атам ордендерін тағып, бір ерекшеленіп кететін. Өкінішке орай, атам қазір жоқ. Атам біздерге көзі тірісінде бауырмалдылық, кішіпейілділік секілді адами асыл қасиеттерді насихаттап отыратын. Оның өсиет сөздерін жадыма тоқып, жақсы адам болу- менің ата алдындағы парызым. Мен осындай адамның шөбересі болғаныма мақтанамын. Мен атамды мақтан етемін, себебі менің атам бізге бейбіт өмір сыйлады. Жас жеткіншектерге өз өнегесін бере білді. «Ер есімі- ел есінде» демекші, менің атамды мектеп оқушылары мен бүкіл ауыл халқы 9 мамыр мерекесінде еске алады. Атамды әлі ауылдастары мақтан тұтып әңгімелейді.

Міне, ата – бабаларымыз сыйға тартқан бүгінгі бақытты өмірімізді қорғау - әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз деп санаймын. «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» ұранын ту ғып ұстап, қан майданға аттанған аталарымыздың ерлігін еш уақытта ұмытпаймыз.

«Бұл өмірде әр ісіңнің жаңғырығы болады» деген Мұхтар Шаханов айтқанындай, бүгінгі тәуелсіз ел ашық аспанының кешегі жаңғырығы – отты жылдар еді. Біздің міндетіміз – солар сыйлаған ел тыныштығын сақтау.

Құрақ Гүлбарам

11 сынып, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

БАБАЛАРДЫҢ ӨР ЕРЛІГІ ҰРПАҚ САНАСЫНАН ЕШ УАҚЫТТА ӨШПЕК ЕМЕС

Тайынба, жолдас жауынгер,
Ел тағдыры қолыңда!
Тайынбасаң оқ пен от
Бөгет болмас жолыңда!

– Жұбан Молдағалиевтың рухты өлең жолдарын тілге иек ете отырып, жарқын болашақ көзімен майдангер-баба ерлігіне алғыс!

Егемендік пен еркіндіктің, тәуелсіздік пен бейбітшіліктің тәтті дәмін тату Алланың берген ең асқақ сыйы. Осынша құдіретті атауды абыроймен көтеру үшін бабам не көрмеді десеңші?! Сонау XV ғасырдағы тарих беттеріне сапар шегер болсақ, қуғын-сүргін де, аштық пен тоқырау да, сұм соғыс та қазақ бастан кешірген қасірет. Осындай сұрапыл боран секілді, барша адамзат баласын шарпыған «Ұлы Отан соғысы» да қазақ халқының азалы тағдырына жазылды. Алапат соғыстың ащы дәмін татқан баба қасіретін сөзбен айтып жеткізу емес. Жанқиярлықпен күрескен жаужүрек батырлар ерлігі азаттық туын тіктірді.

Ерлік пен батырлық – бұл ата-баба қаны мен тердің арқасында азаттық пен егемендіктің таңын атырған асыл адами қасиет. Бұл ұғым әрбір Отан қорғаған ұлы баба есіміне теңеу секілді. Осынау сұм оғыс 1,5 миллионнан аса қазақ жауынгерінің өмірін қиып түсірді. Қаншама ана жарсыз, қаншама бала әкесіз, қаншама боздақтарымыз қыршыннан кетті. Осынша қасіретті күрең күздің соңынан, көктем шуағын шашатыны айқын еді. Қуаныш жасы мен қайғы жасы қатар ағатын айтулы мерекені, міне тағы да тойламақпыз. Өкініш пен қасіретке толы сол сәттерді енді есімізге алғымыз келмесе де, аға-апаларымыздың жанқияр ерлігі еріксіз еске алдырады.

Биыл 2016-шы жыл. Қасіреті мол қилы заман шеруінің артта қалғанына 71 жыл толып отыр. Қаһарлы соғыс жылдары ұлт еңсесін есеңгіретсе де, бүгінгі күні жаңа жеңістерге, жаңа толағай табыстарға жетуге жігерлендіреді. Ұлы Отан соғысы миллиондаған баба қанын, тылдағы аға-әпкелердің терін төктірген күн. Біз бұл күннің қаншалықты ауыр жолмен келгенін ұғынып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

кана қоймай, аманат қып мойнымызға байлаған егемендікті осындай жолмен сақтау абыройлы борышымыз. Жер бауырына жастанған ата-бабаларымыздың көзі тірі болмаса да, өр рухы әрдайым биік белестерден асуға жетелейді, қайсар да қайрат шабыт алуға итермелейді. Осынша арайлы таңның қаншалықты жарық екенін болашақ ұрпақ мақтанышпен айтады.

Азалы жылдар мен ғасырға созылғандай уақыттардың әрбір қиыншылығы, әрбір қатігездігі, әрбір қасіреті соғыс жылдарындағы жауынгер баба жүрегіне жазылмас жара қалдырғаны анық. «Ұлы Отан соғысы» деп ақтық демдері қалғанша жауға ержүректікпен қарсы шапқан ер есімдері, ел есінде әлі күнге дейін сақталып келеді.

Бауыржандай батыр тұлға жаужүрек жауынгерлерін рухтандырып, жеңіске деген сенімдерін арттырып, ұлан-байтақ даланы сақтап қалды. Қазақтың қос қарлығашы Әлия мен Мәншүк те жаңа жайұалған қызғалдақтай өрбіген сәтінде қолға қару алып, Отан қорғауға аттанды. Өр мінезді қайсар аруларымыздың арқасында жаудың еңсесін еңсіретті. Және де ұшқыш аруымыз Хиуаз Доспанованың да абыройлы еңбегін еске түсірмесек болмас.

Осы тұста, Атырау өңірінің қасиетті топырағынан табан тоздырған – Боран Нысанбаев, Қайырғали Смағұлов, Хиуаз Доспановалар бүкіл Қазақстан халқы игі тұтар өр батырларымыздың бірі.

Соғыс – естіген жанның денесін түршіктірер қырғын атау. Осынша атауды жеңіп, жау тізесін бүктіре білген бабалар еңбегі балалар жадында сақталары анық. Осы еңбектің еселі күндері де Тәуелсіз Қазақстанның тарих беттеріне жазылуда.

Осы уақыт аралығында, төрт жыл бойы көрген азапың ұзақ жылдық бақытын таттырамын кім білген?! Осындай өжет халықтың ұрпағы ретінде қазалы жылдардағы әділетсіз сәттер мен сол сәттердегі төзімділіктеріңіз үшін, жанқияр әрекеттіңіз бен болашақ бақыты үшін атқарған қайсар ерліктеріңізге сансыз алғыс. Майдан алаңындағы асқақ жігер мен берік рухтың арқасында ел күнтізбесіне тағы бір мереке қосылды.

Сол жылдардағы әрбір төгілген қан мен тердің өтеуін өтеу мүмкін болмас. Алайда, егемен еліміздің даңқын асқақтатар кейінгі жас толқындар да жетіп артылады. Қасиеті де, қасіреті мол – Ұлы Отан соғысының қилы көрінісі тарих беттерінде алтын әріптермен жазылары хақ. Ал, бабалардың өр ерлігі ұрпақ санасынан еш уақытта өшпек емес.

Құрманша Жалғас

9 – сынып, Мұқыр орта мектебі
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Мұқыр селосы
Жетекшісі: Ерғали Маржан Ғайсақызы

Мәңгілік рух, өшпес даңқ

Жеңіс!
Бағаң сенің қымбат еді не деген!
Ерлік бар ма ел бағасын білмеген?
Ол- батыры, қаһарманы халықтың,
Ерлігіне лайық бағаланса демек ем!
А.Бақтыгерей

1941 жыл 22 маусым. Таңғы сағат төрт. Отыз тоғыздың тамызында шабуыл жасаспау туралы келісімді бұзған фашистік Германия соғыс жарияламастан КСРО аумағына басып кірді. Бір-ақ күнде бейбіт өмірдің астан-кестеңі шықты. Бар тірліктің шырқы бұзылып, сол кездегі Кеңес Одағының азаматтары қолдарына қару алып майданға аттанды.

Әлем тарихына қанды әріптермен жазылған екінші дүниежүзілік соғысқа жаһан халқының сексен пайызы қатысты. Соғыс өрті қырық мемлекеттің жерін шарпыса, жүз он миллион адам соғысқа қатысты. Қазақстаннан майданға бір миллион екі жүз мыңнан аса әскер алынды.

Ұлы Отан соғысы ежелден даңқы шыққан қазақ халқының қаһармандығын күллі әлемге кеңінен паш етті. Сұрапыл соғыста Бауыржан Момышұлындай даңқты қолбасшы, Талғат Бигелдиновтей қыран ұшқыш, Нұркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаровтай ержүрек жауынгерлер, Әлия мен Мәншүктей батыр қыздар жауға намысын бермеген ер халықтың даңқын асырды. Ел басына күн туған осынау қиын-қыстау жылдары қырық екі мыңнан астам атыраулық жауынгерлеріміз де бейбіт те, бақытты болашақ үшін күресті.

Бұл соғысқа біздің Мұқыр ауылынан да жүз жиырмадай азамат қатысыпты. Олар майданға үш топ болып аттаныпты. Алғашқы екі топ Мәскеуді қорғауға аттанса, үшінші топ Брянск бағытында болыпты. Атқыштар Х.Сатанов, М.Дүйсенғалиев, Ә.Аралов, Ғ.Зайыров, О.Думов, С.Табынбаев және минометчик Р.Нұрсұлтанов Мәскеу түбіндегі ұрыста ерекше көзге түскен. Курск маңындағы шайқаста Е.Ізтілеуов, Б.Жұлалиев, Есенбаев Қойлыбай мен Қойшыбай, Қасимов Сүлеймен мен Қасым немістердің жаяу және танкілі әскерлерінің күлпаршасын шығарған. Майданға аттанған жерлестеріміздің көбі елге оралмады, ал елге аман келгендері адал еңбек үлгісін көрсетіп, әр түрлі қызметтер атқарып, жастары ұлғайып өмірден өтті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Менің атам Дүзжасаров Құрманша да 1942 жылдың қараша айында соғысқа аттаныпты. Атам Сталинград шайқасына қатысып, оң қолына оқ тиіп, 1945 жылы елге оралыпты. Шындап келгенде, тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып жүргеніме атамның да қосқан үлесі зор деп мақтанышпен айта аламын.

Иә, Ұлы Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Ер азаматтар майданға аттанып, елдегі ауыр жұмыстардың барлығын әйелдер мен бұғанасы қатпаған балалар атқарды. Жер жыртып, егін салды. Әйелдер қолдарына орақ ұстап, щөп шапты. Жұмыстардың барлығы қол күшімен атқарылды. Кешке оттың жарығымен, айдың әлсіз сәулесімен қолғап, шұлық, сан түрлі жылы киімдер тоқып, майдан даласында жүрген жауынгерлерге жөнелтіп отырды.

Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық Жеңіске биыл 71 жыл. Бұл жеңіс бізге жиырма миллион адамның қанымен, тірілердің табан ет, маңдай терімен келген. Сонау Жер ананы өрт шарпыған соғыс жылдарында елі мен жерін, ұрпағының болашағын қорғаған, Отанға бейбіт өмірді тарту еткен, қан майданда от кешкен ержүрек жауынгерлер – бүгінгі ақ сақалды ардагерлер мен ақ жаулықты аналар әрқашан жоғары құрметке лайық. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс-Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп еңбек еткен тыл ардагерлерінің мейрамы» деген болатын. Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына орай Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен мүгедектерге, оларға теңестірілгендерге, тыл еңбеккерлеріне және Ұлы Отан соғысындағы жеңіске үлес қосқан Қазақстанның өзге де азаматтарына бір реттік материалдық көмек беруге республикалық бюджеттен бес миллиард алты жүз тоқсан миллион теңге бөлінді. «Ардагерлер ұйымы» республикалық бірлестігінің орталық кеңесі «Самұрық-қазына» ұлттық қорымен бірлесіп «Өмір желісі» акциясын өткізіп, дабыл түймесі бар мобильді телефонды ардагерлерге тегін тарту етті. Өзіміздің Қызылқоға ауданының орталығы Миялы селосында «Белгісіз солдат» ескерткішінде Қызылқоға аймағы бойынша Ұлы Отан соғысынан оралмаған мың төрт жүз жетпіс жеті боздақтың есімдері жазылған гранит тақта орнатылды. Өзімнің ауылымда да майданнан оралмаған жауынгерлерімізге ескерткіш тақта қойылған. Ұлы Жеңіс мерекесінде оларды құрметпен еске алып, гүл шоқтарын қойып, рухтарына бас иеміз. Аға буынның мәңгілік ерлігі, өшпес рухы ешуақытта ұмытылмайды, керісінше «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, уақыт өткен сайын жаңғыра береді.

Құтжан Қымбат

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Миялы селосы
Б.Аманшин орта мектебі, 8 сынып
Жетекшісі: Қалдаяқова А.

Ұлы Отан соғысына 71 жыл

1941 жылы 22 маусым күні таң ата фашистік Германия Совет Одағына тұтқылдан шабуыл жасады. Бейбіт өмір сүріп жатқан ел үшін бұл күтпеген оқиға болды. Соғыс кенеттен басталғандықтан, барлық ер-азаматтар алғашқы күннен бастап бір кісідей жұмылды. Олардың арасында бозбалалар мен бойжеткендер де болды. Олар өз еріктерімен майдан даласына сұранды.

Тылда да қызу жұмыстар жүріп жатты «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен аянбай, баладан еңкейген қартқа дейін еңбек етіп, өз үлестерін қосты. Майдан даласындағы жауынгерлерді азық-түлікпен, киіммен, техникамен қамтамасыз етті.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты. Аға-апаларымыз қазақтың қанға сіңген қасиеті-қайсарлық, батылдық, отансүйгіштігімен көзге түсті. Кеңес Одағының Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Маметова болды. Қазақтың қайсар қыздары жан аямай, ерлермен қатар соғысты. Жеңістің жалауын желбіретіп Рейхстагқа ту тіккендердің бірі-Рақымжан Қошқарбаев. Ал екі мәрте Кеңес Одағы батыры Талгат Бигелдинов - біздің мақтанышымыз. Жаудың тылында, партизандардың қатарында қазақстандықтар да шайқасты. Солардың бірі партизан, әрі жазушы Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін, табандылығын білмейтін қазақ жоқ шығар. Елдік пен ерлікті паш еткен қазақстандық батыр аға-апаларымыздың ерлігі - біз үшін әрі үлгі, әрі мақтаныш.

Менің туған ауылым Қызылқоға жерінен де талай азаматтар соғысқа қатысты. Үлкендердің айтуы бойынша, бір үйден 3-4 адам қатар соғысқа аттанып, бір қатарынан «қара қағаз» келіп, бір қатары хабар-ошарсыз кеткен. Нағашы әжемнің анасының айтуы бойынша, оның үш қайынысы соғысқа аттанып, үшеуі де хабар - ошарсыз кеткен екен. Ең кіші қайынының аты-Байеділ, соғыстан аяғынан жараланып келіп, қайтадан өзі сұранып майданға кетіп, содан кейін хабарсыз кеткен. Осы сияқты, не өлгені, не тірі қалғаны белгісіз, талай боздақтар елге оралмай, бір үйдің түтіні түгел сөніп, ұрпақсыз қалғандары қаншама?! Әкесінен айырылған бала, баласынан айырылған ана, жарынан айырылған жесір келіншек, ағасынан айырылған қарындас, түтіні өшкен ошақ Соғыстың әңгімесі таусылмайтын тарих. Бізге ертегідей естілгенмен, бұл соғыстың халыққа салған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

зардабының ауырлығы соншалықты, кинодан көріп, кітаптан оқып отырып, енді мұндай сұмдық оқиғаның қайталанбауын тілейсің.

Міне, 2016 жылдың 9 мамырында Ұлы Жеңістің 71 жылдығын тойлағалы отырмыз. Әрине, Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Соғыстың әңгімесін бір парақ бетке сыйдыру мүмкін емес. Сол сұрапыл соғыста, майдан даласында, 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Бұл соғыстың зардабын ешкім де, ешқашан да ұмытпауы тиіс. Батыр аға-апаларымыздың ерліктері мәңгі есімізде сақталады. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне басымызды иіп, құрметтеу- біздің міндетіміз. Бүгінде біздің бейбіт өмір сүріп жатқанымыз солардың арқасы. Мен соғысты көрген жоқпын. Мен кітаптан оқып, кинодан көргенімді, ата –анамнан естігенімді жазып отырмын. Шығармамды аяқтай келе, аспанымыздың әрқашан ашық болып, көгімізде ақ көгершін қалықтағанын қалаймын.

Жауды- жеңіп табанға сап
Жермен- жексен еткен ерім,
Қуан , қуан, кулші сақ- сақ ,
Шын жеңіске жеткен елім!

Мәлікұлы Мырзахан

Атырау облысы, Индер ауданы, Есбол селосы 9 сынып
Мұғалім: Сейтказиева Галия Самалиховна

Елімен өмірі өзектес

Қан майданнан, сұм ажалдың отынан
Аман келген, Алғыс алған Отаннан.
Жауынгердің бірі болып аттанып,
Біздер үшін Батыр болып оралған.
Ж.Шахидоллақызы

Ауданымызға белгілі үлкен әулеттің Бәйтерегі, бәздің бәріміз үшін қасиетті де қымбат жан – Сіз болдыңыз және сондай болып қала бересіз, Самалық Көке!

Сіз біздің әруақытта есіміздесіз, биылғы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 71 жылдығында Сізді ерекше мақтаныш сезімімен еске алып отырмыз.

Халқыны қалаулы, қажет кезде Отан үшін кеудесін оққа тосқан жауынгер, еңбегімен еліне елеулі, кезінде үлкенге де кішіге де қамқоршы, өз ортасында абыз қарттардың бірі болған абзал Азамат, бауырларыңыз бен ұрпақтарыңызға ұлағатты «Көке» бола білген Сіздің есіміңіз әулет мүшелерінің мәңгілік жадында болуымен қатар, әр жылдарда бірнеше ұжымшарды табысты басқара білген басшы ретінде де аудан тарихынан да өшпейді.

Көке! Біз Сіздің ұл – қыздарыңыз және олардан тараған ұрпақ екенімізді мақтан тұтамыз!

Сейтказиев Самалық, 1908 жылы туды. Туған жері Гурьев облысы, Есбол ауданы, Қаңбақты ауылы.

Әкесі Сейтқазы Туашов 1917 жылы қайтыс болды. Шешесі Туашова Ақкенже 1929 жылы қайтыс болды. Әкесінің негізгі халы – кедей, бұрынғы орыс-қазақтың байларына жалданып, малын бағып күн көрген. Шешесі Ақкенже Тума ауылындағы Әбілкәрім деген кедей адамның қызы, туыстарында сотталған ешкім жоқ.

1917 жылы әкесі өлгеннен кейін 1929 жылға дейін шешесінің қарауында болды.

1929 жылдан 1931 жылға дейін Тума ауылындағы Аралов Қалидолланың малын бағып күн көрді.

1929 жылдан 1931 жылға дейін өз шаруашылығында болды.

1931 жылы 1-қарашадан 1933 жылғы 20-ақпанға дейін Қаңбақты ауылы «Тас арал» колхозының мал шаруашылық бригадирі болып жұмыс жасады.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

1933 жылғы 20-ақпаннан бастап, «Тас арал» колхозы ажырағаннан кейін, Қаңбақты аулындағы «Құм» атты серіктестікте 1937 жылға дейін мал шаруашылығы бригадирі және соңғы кезеңде сол серіктестік басшысының орынбасары болып жұмыс жасады. Бұл жұмыстан 1937 жылғы 20-маусымда «Мәдениет» колхозының басқармасы болып сайланды. Осы «Мәдениет» колхозының басқармасы болып 1941 жылдың 23-шілдесіне дейін жұмыс жасады. «Мәдениет» колхозынан Указ бойынша 1941 жылғы 23-шілдеде Армия қатарына алынды. 1942 жылы 6-мамырда аурулық себепті Армия қатарынан елге келіп, 2 ай демалыс біткеннен кейін, 1942 жылғы 7-шілдеден 1942 жылғы 20-қыркүйекке дейін Тума аулындағы «Анда» колхозының басқармасы болып жүрген жерінен Армия қатарына қайтадан алынды. 1942 жылғы 20-қыркүйектен 1945 жылғы 15-қарашаға дейін Армия қатарында Отан соғысына қатыстым. Соғыс кезінде 2 рет медалмен наградталды. Армия қатарында болған уақытта пленде, окруженииде болған жоқ.

Атам қызмет істеп жүргеннен бері партия, Совет орындарынан ешқандай ескерту, сөгіс алған жоқ.

1940 жылдан партия мүшесі. Қарауында 7 жаным бар. Атаммен бірге туған інісі Армия қатарында болып соғысқа қатысты.

Атам сот, тергеу орындарында болған жоқ. Туғандарынан да ешкім тергеу орнында болған жоқ.

1938-1939 жылдары Қызыл Армия қатарында жүргенде Хасан және Халкин кәлдері маңындағы жапондықтармен болған шайқасқа қатынасқан.

Кеңес Одағы мен Финляндия арасындағы соғысқа қатысқан.

1941 жылдың басында елге оралған.

1941 жылдың 23-шілдесінде Ұлы Отан соғысына алынған. 1942 жылғы мамырда ауыр жараланып елге келіп емделіп, жұмыс жасаған, осы жылғы қыркүйек айының соңында қайтадан армияға шақырылған.

Бұл жолы алдымен Далалық майданда, сосын 1942-1943 жылдары Сталинград майданынында атқыштар қатарында соғысқан.

1943 жылы оң қолы мен жүректің тұсынан екі жерден, арқасынан ауыр дене жарақатын алып дала госпиталіне түскен, кейін Сочи мен Гагра аралығындағы әскери госпитальда емделген.

1943 Жазылған соң, 1944 жылдың басынан бастап, Эскадрон командирінің орынбасары міндетін атқарған. Ауыр артиллерияда (гаубица-122) болып, 1944 жылғы 7-шілдеде Курск-Орел соғысына қатысып, ауыр жараланып, 6 ай госпитальда жатқан. 1944 жылдың аяғы мен 1945 жылдың басында 2-Украин, Беларус майдандары құрамында болған. Соғысты Берлиннен 30 шақырымдай жерде аяқтаған. Осы жерден бұларды 1945 жылы мамыр айының аяғында әуелі Верхоянск, сосын Комсомольск- на Амуре қаласына апарған. Кейін Жапон соғысына қатысып, атақты Гоби

шәлін кесіп өткен Кеңес әскерінің қатарында болған. 1945 жылғы 6-8 тамызда десантниктердің алғашқы тобы қатарында жаумен шайқасқан. 1945 жылдың 30-желтоқсанында елге оралған.

Ата Рухына тағзым

Ешкім де жоя алмайды бардың ізін,
Өмірде көтердің Сен нардың жүгін.
Ел үшін еңбек етіп, аянбастан
Есінде дүйім елдің қалдың бүгін.
Қан майданда ажал- оқ төпелеген
Сақтап Алла ажалдан төтелеген,
Аман келіп, отбасы, әулетінде
Атқақа ие болдың «Көке» деген.
Тектілік бар бойында аталардан,
Кеткен жоқсын ешқашан аттап ардан.
Кеткен жоқсын ешқашан аттап ардан.
Өзіңнен анық- айқын бата алған.
Көке, Сен абыройсын бәрімізге,
Көке, Сен абыройсын бәрімізге,
Ақыл мен өсиетің Өзің айтқан
Жарауда, жарай берер әлі бізге!
Өрқашан есімізде Анамыз да,
Өрқашан есімізде Анамыз да,
Тілейміз жұмақ- пейіш өздеріңе
Құраннан дұға арнап аламыз да.

Бірде Көке безгекпен қатты ауырып қалған. Оның бөлімінде Қазақстандық бір орыс лейтенант болған, сол лейтенант Көкеме былай деген: «Беріп жатырған дәріден сен жазылмайсың. Сені госпитальға жібереді, одан шыққасын жаяу әскерге жіберуі мүмкін, ал ол жерде сенің аман қалуың екіталай. Сен артиллерияда қалуың керек. Дивизион командирі Соболевтың сөмкесінде безгектің дәрісі бар, соны қолыңа түсіруің керек». Мұны естіген Көкем Соболевтың блиндажына келеді. Оның: «Сейтқазиев, неғып жүрсін, ауруыңнан жазылып келесін бе? Деген сұрағына «жазылып келемін, жай жүрмін» деп жауап береді де жылыда отыра тұруға рұқсат сұрайды. Бір кезде Соболев блиндаждан шығып кеткен кезде ол дереу сөмкеден дәріні алып, өз блиндажына қайтады. Осы уақыт ішінде жас лейтенант жылқы етінен сорпа дайындап қояды. Көке безгектің дәрісін сорпамен қосып ішіп алады да ұйықтауға жатады. Ал, лейтенант Көкенің үстін қымтап, бірнеше шинелді қабаттап жауып тастайды. Ертеңіне таңертең Көке аурудан арылып, сауығып тұрады. Сүйтіп, жас орыс лейтенантының берген жанашырлық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

кеңесінің арқасында Көке артиллерияда қалып, кейіннен бірнеше рет жараланса да, елге аман-есен оралады.

Көке құрамында болған полк 1943 жылдың 5-шілдесінде Курск шайқасына кірісіп, бұл тарихи шайқас аяқталғанша соғысқан. Бұл ұрыста жеңіп, рухтанып шыққанымен, Кеңес Армиясының шығыны да көп болып полк ұрыстан шығарылып, құрамын толықтыруға жіберілген.

1944 жылы Көкемнің полкы Дунайды екі рет жүзіп өткен. Бірінші ретте Будапешт қаласын алған. Дунайдан екінші рет жүзіп өткенде Бухарест қаласын азат етуге қатысқан. Сол шайқаста неміс снаряды зеңбіректің қасына түсіп жарылып, зеңбіректің бүкіл расчеты қаза тапқан. Ал, Көке кеудесінің оң жағына тиген жау снарядының жарықшақтарынан қатты жарақаттанып, госпитальға түскен. Артиллерияда ауыр зеңбіректердің артында, жақын жерде орда, немесе арнайы траншеяда санитарлық атарба немесе машина тұрады екен. Кеудесінен қатты жараланса да, Көке бар күшін жұмсап, жаралылар үшін қазылған сондай траншеяға өзі еңбектеп жетеді. Бағына қарай, сол жерде санитар отыр екен, ол Көкенің кеудесін таңып лазаретке жеткізеді. Содан Кишенев қаласындағы госпитальға жеткізіліп, онда сегіз ай он күн емделеді.

Көке бұдан бұрынырақ болған Сталинград шайқасында бір деревняның маңында да жараланған. Бірде өз мылтығының оғы таусылғасын, оқ тиіп құлаған қасындағы солдаттың мылтығын алуға ұмтылып жатқанда, командирі Смирнов жүгіріп келіп, «Сейтқазиев! Немене, жараланып қалдың ба?» деп, Көкеме қолын созып еңкейе бергенде, жау оғы қақ маңдайынан тиіп, опат болған.

Көкем көп жылдар бойы ұйықтап жатқанда ұйқысырап, бірге соғысқан қарулас жолдастарын, командирі Смирновтың аттарын атап айқайлап жататын. Таңертең мен Көкеден ол кісілердің кімдер екенін сұрасам, терең күрсініп: «Олар соғыста шейіт болған адамдар ғой, маған олардың көп көмектері тиді ғой...» дейтін.

Сұм соғыстың Жеңіс туын көтерген
Атамыздың ұлылығын біз білген.
Бізден кейін шөберелер, шөпшектер
Жүрсін осы қасиетті ізбенен.
Ізгі өмірі үлгі болған баршаға
Ұрпағымен сабақтассын ғасырға:
Атамыздың өшірмейік есімін
Адал болған туған жер мен Отанға!

Наурызбай Нұрай

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА 71 ЖЫЛ

Алтын ұяң – отан қымбат,
Құт береке- атаң қымбат,
Туып өскен-елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.

Иә, отан әр адамның жүрегінде бөлек орын алады, себебі біз туған жерімізде дүниеге келіп, алғашқы қадамдар жасаған едік. Бірақ отан үшін, жері үшін қазіргі кезде ешкім тұрарлық іс қылмаған. Бірақ, 1941 жылы ағаларымыз елін қорғау үшін майданға аттанған болатын. Ападарымыз шаштарын қырқып, ерлермен қатар майданда жүруінде тура келді. Ал ағаларымыз жасына қарамай, кейбір ағаларымыз отбасысымен біразға қолтасуына тура келген.

Бұл соғыс 1941 жылы неміс әскері КСРО жеріне, сонымен қатар Қазақтан жеріне. II Дүние жүзілік соғыс бұл қазақ халқы үшін қайғылы кездер болатын. Ұлы Отан соғысы ұғымы 1941 жылы пайда болды, яки 1941 жылы 3 шілде күні Иосиф Сталиннің радио арқылы халықтыққа айтқан сөзнен соң пайда болды. Соғыс кезінде КСРО қолбасшысы Иосиф Сталин, Нацистік Германияны Адольф Гитлер басқарды. Немістер 1939 жылы КСРО халқымен жасаған келісімді бұзған болатын. Және де 1941 жылы 22 маусым күні біздің жерімізде басып кірді.

Соғыстың басында-ақ қазақ әскерлері майдан жерінің барлығында шайқасты. Тек КСРО халқы емес бұл соғыста көптеген одақтастар болды. Неміс әсері сол уақытта Еуропаның көптеген бөлігін басып алған болатын, сонда да Кеңес одағының бірлігінің арқасында жеңіс біздің қолымызда болды. Қазақстан жерінен екі млн ға жуық адам даярланған.

Сол екі млн ішінде менің атам Төлеген Қаратекеұлы болды. 1904 жылы Атырау облысының Курилькино жерінде дүниеге келді. Соғыс басталған жылдары жасы қырыққа келсе де денсаулығы мықты, жүрегінде ұл-қыздарына келу тура шарт беріп өзі майданға аттанды. Сол аттанғаннан 1944 жылы ауыр жарақатпен босату туралы келісіммен үйінен қайта оралды. Ол келісім шартта Төлеген Қаратекеұлы туралы, оның аяғының ауыр жарақатының себебінен майдан алаңынан босатылтыны анық жазылған. Бұл хат Қаратекеевтер әулетінің яғни біздің әулеттің қолында. Атамыз ерлігі мен қайраты үшін 2 медальмен марапатталды. Бірі Кеңес Одағының батыры, екіншісі батылдығы үшін. Майданға аттану, оралу және де басқада соғысқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

байланысты қол хаттар сақталған. Соғыс аяқталған соң Төлеген Қаратекеевке Сталин атынан алғысхат жіберілген. Бұл хатта Ұлы отан соғысына белсенді қатысқаны үшін алғыс жазылған. Көптеген алғыс хаттар өзінің алғашқы келбетін сақтамасада, бәрі анық бейнеленген. Төлеген Қаратекееұлы 1973 жылы жол апатынан дүниеден озды. Жол апаты болмаса мықты денсаулығымен жүз жасқа келермеді. Кім білсін...

Төлеген Қаратекеевке қарағанда көптеген жастарды күштеп әкетіп жатты. Олар оқуынан бастартып қанды майданға аттанып жатты. Аман сау келген адамдар көп болсада, қыршынан қиылған өмірлер аз болмады. Елін қорғау үшін тіпті нәзік жандылар аттанды, олар өзінің әліне қарамай ерлермен қатар майданда соғысты. Әр отбасыдан бір адамды алып, сол адамды қанды майданға жіберген. Кейбір отбасылардағы жалғыз балаларына дейін соғысқа жіберген. Сол секілді майданда ерлігімен танылған Мәншүк Мәметова отбасындағы жалғыз бала болған, соған қарамастан шайқасқа аттанған ол өзінің майданға жіберген өтінішінде былай деген: “Отбасымда менен басқа бала жоқ ағам да, апада. Сондықтан мені жіберуді өтінем... Қанша дегенмен сол соғыстың себепшісі Гитлер болды. Ол тек қана КСРО халқын қауіп төндіріп қоймай, өз әскері мен халқын қинап тынды. 1945 жылы халқының үмітін ақтамаған. Осылайша көптеген адамдардың өліміне себепші болды.

Қалай айтсамда сол сұрапыл кездер аяқталды. Еліміз, жеріміз тәуелсіздігін алды. Бүгінгі күнде соғыс деген атымен жоқ. Сонда да, елін қорғаған қарттарды сыйламайды. 9 мамырда қонақжайлық танытып ертеңгісі қуығындаған дұрыс емес. Заман деп айтамыз мүмкін бұл адам шығар, заман болмастан –ақ біз солай болған шығармыз. Сол себептен үлкендерді әсіресе ата-әжелерімізге құрмет көрсетейік.

Нұрлыбекқызы Фариза

8-сынып, Аққыстау орта мектебі
Атырау облысы, Исатай ауданы
Жетекшісі: Баделова Шолпан

Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс

«Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік.»
Бауыржан Момышұлы

Соғыс... Сұм соғыс...

Анасын баласынан, азаматты сүйген жарынан айырған, сан сәбиді жетім етіп, зар жылатқан, қаншама қаракөздің тұнық жанарына мұң ұялтқан қанішер сен емес пе ең?! Жүрегі тыныштық деп соққан, көңілі бейбітшілік деп ұрандаған әр адамның сенің атыңды естігісі келмес... Бірақ, сен барсың. Ол – ақиқат. Көңілі тар, дүниеқұмар жан барда, өкінішке орай, сен де боласың. Жегі құрттай әлемді жайпап, күйзелтесің, қиратасың, сан ғасырлар орнатқан мәдениетін күл етесің. Сені жеңер бір ғана күш бар. Ол – сүйіспеншілік. Өмірге, табиғатқа, адамдарға деген сүйіспеншілік адамды көп қауіптен аман алып қалар еді! Әттең, осы бір әдемі сезім бар адамзаттың бойынан табылып, жүрегін нұrlандырса ғой, шіркін! Дегенмен, олай емес. Адамдар сүйіспеншілік сезімін атаққұмарлық, дүниеқоңыздық жолында құрбан етуде...

...Осыдан 75 жыл бұрын да солай болған. 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңестер Одағына соғыс ашып, жеріміздің шетіне ескертусіз баса-көктеп кірді. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ кеңес халқы жан-тәнімен отанын қорғады. Әрбір жан үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншылары мен кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Ұлы Жеңісті миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталып, армандары орындалды. Дегенмен, Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында небір асыл азаматтар мерт болды. Олар жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала ата-анасын жоғалтып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыл ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміз Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Қасым Қайсенов, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Қайырғали Смағұлов, Талғат Бигелдиновтердің ерлігі кейінгі ұрпаққа өнеге. Ел басына күн туғанда етігімен су кешкен ерлермен қатар соғысқан Хиуаз Доспанова, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Ал, тылда қалған қарт аналар, әйелдер, бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, тынбай еңбек етті.

Соғыс салған жара жазылды десек те, соғыс зардабы әлі ұмытылған жоқ. Жыл сайын соғыс кезінде із-түссіз кеткен жауынгерлердің бейіті, олардың ерлігі үшін жергілікті жердегі ұлттар қойған ескерткіштер Ресей, Белоруссия, Украина жерлерінен табылып, ұрпақтары тәу етіп қайтуда. Ұлы Отан соғысында елін қорғаған жауынгерлер ерлерін аялаған елдің есінде мәңгіге қалмақ.

«Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тіzedен кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын»,

-деп Әбу Сәрсенбаев жырлағандай, ол кездегі жауынгерлердің ерлігін айтып тауыса алмайсың.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс—он бес одақтас мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Бүгінгі жас ұрпақ пен көзі тірі соғыс ардагерлері әр жылы Жеңіс күні ескерткіш тақталарға гүл шоқтарын қойып, ерен ерлігін еске алады. Биыл Ұлы Жеңістің 71 жылдығында да бұл дәстүр орныдалары хақ. Біз, жас

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеткіншек, өмірді сүюді, Отанды сүюді, оны шексіз құрметтеуді, туған жерді қорғауды ардагерлерімізден үйренуіміз керек. Олар қандай мақтауға да лайық. Тек олардың жылдан-жылға азайып бара жатқандығы ғана жаныма мұң ұялатады. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған жауынгерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Соғыстың аты соғыс қой,
Жалмады талай арысты.
Мылтықтың оғы босқа ұшпай,
Өлім мен өмір алысты.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл - сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұзын бойлы, қара сұр Момыштың ұлы Бауыржан сол кезде отыздың үстіндегі жас жігіт еді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды. Жеңістің 65 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық. Ержүрек батырдың кітаптарың оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқыңа деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т. б. шығармаларыңызды оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіңе, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығыңа таң қаламын. Шығармаларыңызда әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек.

Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұра - лары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. Бүгін сіздің арманыңыз – ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт - сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі – халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып - үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт. Осыны ойлаған кезде сіздің: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ», – деген өсиетіңіз ойға оралады. Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр.

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,
Деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар 80 мен жүздігімді,
Тарихтың түкпіріне сөз келгенде

– деп өзіңіз айтқандай, 1990 жылы кеш те болса сізге «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді. «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн» деп Елбасымыз сіздің халықпен бірге екендігіңізді толғана, тебірене айтты. Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі - Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз жылдық мерейтойы жеңістің алпыс бес жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді

Өмірзақова Інжу

9-сынып №22 жалпы орта білім беретін мектеп
Жылыой ауданы Атырау облысы
Жетекшісі: Қасанова Нұрсұлу

«Ерліктері ұмытылмас ел есінен»

Қиындық пен қуаныш қатар тұрар бір егіз,
Төзе білсек, бәрін де оңайлықпен жеңеміз.
Тар жол, тайғақ кешкен ата-бабам,
Есімдерін мәңгілік ұмытпастай жүреміз,
-деген өлең жолдарыммен,
Жеңіс күніне арналған ой
толғанысымды ақ қағаз бетіне түсірейін...

Иә, Жеңіс туының желбірегеніне биыл 71 жыл толып жатыр.
«Еліңді сүйсең ерлік істейсің» дегендей қазағымнан шыққан алып батырлар елі үшін жан пида қылды. Азапқа толы күндер, ұйқысыз түндер, бауыр еті баласы мен жан жарынан жырақта болу, әрине, өте қиын...

Аспаны ашық, отбасы, бала қамымен тыныштықта өмір сүріп жатырған еліме, кенеттен қара бұлт үйірілді. Зардабы сан мыңдаған адамның өмірін жалмады.

Сол бір төрт жыл еліме қасірет әкелді. Аналарымыз ауыр-ауыр жұмыстар атқарып, әкелеріміз, ағаларымыз майданда ел үшін талаң-тартыста болған.

Ұлы Отан соғысына қатысушы батырлардың көбі Қазақстаннан шыққан қайсар ұл-қыздарымыз болатын. «Шешінген судан тайынбас» дегендей 18-19 жасар жастарымыз соғысқа өз еріктерімен барып, тәуекел етті. Олардың сол кездегі Отанына деген сүйіспеншілігі, қайсардай мінезі келер ұрпақты патриот болуға тәрбиелейді.

Сан жылдар өтіп кетсе де, Ұлы Отан соғысының сол бір ызғарын жыл сайын еске алып тұрамыз. Бойымызға Отанға деген махаббатымыз одан сайын артып, тұла бойды шабыт билеп әкетеді.

Сол бір қанжоса соғысқа қатысушы аталарымыздың аяқ басып жүргендері жоқтың қасы. Атыраудай әсем қаладан шыққан алып, қайсар батырлар да аз емес. Б.Нысанбаев Орел облысы үшін, М.Баймұханбетов Ленинград үшін, Х.Доспанова 46-гвардиялық полкінің құрамында болса, Қ.Смағұлов сынды батырларымыз Керч үшін шайқасқан болатын.

Соның ішінде сұрапыл соғыс кезінде өлім мен өмір белдескен, түтеген оқ боранның ортасында қаншама жауға тойтарыс берген – Қайырғали Смағұлов атамның өмірі мен өмір жолы мені бей - жай қалдырмады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қайырғали атам 1919 жылдың қыркүйектің 5 жұлдызында дүниеге келіпті. Жастайынан оқу- білімге талпынып өскен, балалар үйінде жеті жылдық білім алған екен. Бір қызығы Қайырғали атамды Константин Иванович есімімен де атаған екен. 1939 жылы әскер қатарына борышын өтеп жүрген кезінде майданға аттандырылады. Айырықша батылдығы, әсіресе, Керч түбіндегі ұрыста байқалады. Қайырғали атаның жеке өзі Эльтигендегі болған ұрыста жаудың 20-ға жуық әскерін жойған. Кеңес төралқасының жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Соғыстан келгеннен кейін де одан әрі еңбек етті. 1950 жылы Алматыдағы партия мектебі жанындағы курсты бітірген. Директорлық қызмет атқарды. Батыр атамның өмірі мен ерлігі Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» шығармасына арқау болған және де «Жаңа Достар» әңгімесінен бастап Қайырғали атам бізге «Қайрош» есімімен мәлім. Шығарманың желісі жас ұрпақты адалдыққа, сабырлыққа баулиды...

«Қаһарлы қамал бұзады» дей келе, немістер өздерінің «Барбаросса» деп аталған қатігез жоспарымен шабуыл жасады. Ол, рас, алайда қанша тойтарыс берсе де, бірлікпен жұмылған күшті жеңе алмады. Әрине, залалы оңайға тимеді, көптеген жерлер шығынға ұшырады, адам қырғыны көп болды.

Бірте-бірте бәрін жөнге келтіріп, одан да мықтырақ бола түстік.

«Батырға жау жоламайды» деп айтқан халық даналары. Иә, бірлігі мықты, қайсар, батыл елді ештеңе де жоя алмайды.

Міне, бүгін 71 жыл толыпты,
Мәңгілік бақыт құсы аспаныма қоныпты.
Қалайша жырламайын Жеңіс күнін,
Тұла бойдан шығарайын келіп тұрған шабытты.
«Соғыс» сөзі бес-ақ әріп болса да,
Қалдырды мұң жүректерге қаншама.
Зардабы кетер емес ел есінен,
Тиді ғой елім деген тұлпарларға.
Еш нәрсе шешілмейді оңайлықпен,
Ең алдымен сабыр керек шыдамменен.
Жауынгерге жара да жарасады,
Елі үшін қаза тапқан ерлікпенен.

Сатенова Аружан

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

Қайсар мінез қазағым

Мен өз өмірімде соғыс дегенді көргенде, білгенде емеспін. Соғыс - деген сөздің өзі өте ызғарлы, суық деген сезім туғызады. Соғыс деген сөздің өзі артынан зұламат, азатпен қан төгілген адамдар, қираған қалаларды қалдырған тарихи жағдайларды есіме салады. Соғыс туралы тек қана көргендерім ғана бар. Мен үшін соғыстың оты, оның зардабы, өмір бойы бітпейтін қиыншылықтары секілді. Көрген киномен оқыған кітаптарымда, соғысты көрген адамдардың қаншалықты қиналатынымен оның әкелген қасіретінен қаншама ұрпақтар зардап шегетінін ойласам, осыншама қайғы мен қасірет әкелетін сөзді кім ойлап тапты екен деген ойға қаламын.

Ұлы Отан соғысы, бұл соғысты екінші дүние жүзі соғысы депте атайды. Бұл адамзат тарихында зұлымдық пен қаншерлікті паш еткен соғыс дер едім. Қырық бір миллион адамның өмірін жалмап, жүзде он миллион адам жарақат алған үлкен алапат қасірет. Осы соғыста қаншама адам зардап шегіп, мүгедек атанды. Қаншама ана жесір қалып, қаншама бала жетім атанды десеңізші. Оңай келмеген жеңісте ерең еңбегімен көзге түсіп, үлкен сый құрметке ие болған, мындаған жауынгердің ішінде өзіміздің қазақ жастары да бар. Солардың бірі Атыраулық жерлесіміз ұшқыш Хиуаз Доспанова. Өрімдей жас қыздың, үлкен алапат соғысты бастан кешіріп, өмірдің ащысы мен тұщысын ерте татады. Жаумен алысып, аспандағы шайқаста үш жүз рет болып қайтқан Хиуаз ұшақтан он төрт рет құлап, төрт мәрте ауыр жарақат алған. Есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Қазақтың жас қызы Ұлы Отан соғысында ерен еңбегімен ерекше көзге түскені үшін «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ал «Еңбек Қызыл Ту» ордені соғыс аяқталған жылдардағы еңбегінің жемісі.

Ұлы Отан соғысының батыр атағын алған Әлия Молдағолова, Мәншүк Маметова, Хиуаз Доспанова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбайев туралы осыншама қазақтың ер жүрек батырлары, кеңестер одағының он бес одақтас республиканың атынан ел қорғап, батыр атағын алды. Бұл қазақ халқының қайсарлығы, ер жүректілігі, ештеңеден қорықпайтындығын қазақ жастары осы соғыста тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Миллиондаған адамдар соғысып жүген соғыста қазақ азаматы Рақымжан Қошқарбайев рейстаққа барып, немістердің бас қаласына жеңіс туын тікті. Қазіргі қазақ жастары үшін бұл үлкен мақтаныш.

Міне биылғы жылы сол қайғы мен қасірет әкелген Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына жетпіс бір жыл толып отыр. Бұл ұлы мереке сол кезде одақтас болған, он бес республиканың бәрінде де құрметпен аталып өтуде. Бұл күнде біздің Қазақстанымызда сол бір заманда одақтас болған КСРО-ның құрамынан бөлініп өз алдымызға, егеменді ел болдық. Өз тіліміз сақталып, өзіміздің ұлттық валютамыз кең байтақ Қазақстан даласының, қазақ даласының өз шекарасы анықталып, ешкімге тәуелсіз, егеменді бейбіт ел болдық. Дегенмен де сол бір қиын кездерді бірге көрген, азап пен зұлымдықты, бірге тартқан халықтардың достығын мәңгі бірге сақтап келеміз. Біздің елде қаншама ұлт өкілдері, сол соғыс кезіндегі азаптың салдарынан маңдай тіреген болса, солардың ұрпақтары біздің елді, өз елім деп сіңісіп кетті. Өз елім деп өсіп келеді. Соғыс отының өшкеніне биыл жетпіс бір жыл толып отырған біз үшін үлкен мереке болмақ. Қайсар мінез қазағымның арқасында, осындай бейбіт, тыныш елде өмір сүріп жатырмыз.

Сатымова Айкөркем

9-сынып, Жалпы білім беретін Новобогат орта мектебі
Атырау облысы Исатай ауданы
Жетекшісі: Агисова Шынар Габбасовна

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Ешкім де ,ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс –күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ етеді, тауды жер етеді. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын ажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиохабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энекей, жағада тұр,-

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқаны, әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ұлы ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, “бірлік”. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды . Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Москва, сенің іргеңді,

Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Барлығы да сен үшін.
Саған қауіп төнгенде,
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,-

деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтармен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын айтсақ та жетеді. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғиық, қиымылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. “Ер есімі – ел есінде”, - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толғалы отыр. 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты...Кеңес Одағының тұрғындары 4жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігермен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман мен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы аямай күреске әрбір жауынгерге қарыздармыз.

Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір – бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас - түйіндей бекінді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24% жеткен. Ал екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12% болған. Осы деректен- ақ тылдағы елімізге қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Салмақ әйелдер мен жасөспірімдерге түскен. Өз халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы төмен болса да, республикамыз соғыс жылдары орталыққа 4 829 мың тонна астық, 600 мың тонна ет тапсырды.

Республика малшылары Қызыл армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамды, кейіннен саяси-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендірілгені белгілі.

Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар ман қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлесті біз мақтан тұтамыз.

Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті, екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достастығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар»-дей келе ата – бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашан жүрек түкпірімізде ұстау біздің парызымыз.

Сәтібек Айкөркем

9-сынып Ғ.Сланов атындағы орта мектеп
Атырау облысы, Қызылқоға ауданы
Жетекшісі: Жұмағұлова Айсұлу Дәулетбайқызы

Соғыстың құсы қазақ көгіне қонбасын!

Әлемде екі бірдей нәрсені ақырызаман деп атауға болатын секілді: бірі – табиғат құбылысының әсерінен болса, екіншісі адамға қайғы – қасірет әкелген сұм соғыс. Себебі барлығымызға да белгілі ғой. Соғыстың нәтежесінде екі ғана жол елдің тағдыры болып табылады. Біріншісі жеңіп бостандық алу немесе жеңіліп, біреудің өмір бақи құлы болып өмір сүру. Бұл әрине екі дүние арасы емеспе? Осы заматты да ата – әжелеріміз өз басынан өткерді. Талай тауқыметті көрсе, осынау сындарлы кезеңнен аман шықты. Елі үшін, жері үшін аянып қалмады. Халқын азат ету жолында қаққан қазықтай тік тұрып, ажалға мінді. «Майдан» атты кемеде бірге жүзіп, ұрандап, кеуделерін оққа тосты. Күн демей, түн демей, «ал, жауға» дегенде, қолдарына қару алып, тылда күресті. Айта берсең, таңды – таңға ұрып, олар туралы талай жауһар сөздерімді арнауға бармын. Сонымен қатар, мұндай көріністерді тек фильмдерден көреміз. Ал, мұның барлығы, қазақ атам жасаған ерлік.

Сол заматты көзіммен көрмесем де, үлкендердің әңгімесінен аңғарамын. «Ой, біз соғыс кезінде не көрмедік, біздің көргенімізді сендерге Алла – тағала көрсетпесін» деп қабағы сәл түсіп, күрсініп қоятын. Мысалы, менің әжем өзінің талай қиындық көргенін, біреу қатқан қара нан берсе соған риза болып қуанатындығын айтып отырады. Соның баршасы да соғыстың зардабы емес пе?! Әжем тағы бір сөзінде:

- Менің нағашы ағам соғысқа кеткенде, ол мені нағашы әжемнің қасында болуын қалапты, тілекші болсын деп. Нағашы әжем майданға кеткен баласын ойлап жылағанда, мен де қосылып жылайтынмын. Ой. дүние – ай десеңші, ақыры ағам сол кеткеннен мол кетті, - деп айтып қалды.

Басында түсінбейтінмін, кейін ұқтым.

Сол бір қарғыс атқыр соғыстан біреулер аман оралса, кей боздақтар оқ құшып, жан тапсырды. Ал артында етегі жасқа толған бала – шағасы қалды. Тіпті менің атамның өзі жап – жас кезінде соғысқа аттанып, сол күйі хабар – ошарсыз кеткен. Менің атамның есімі Дүйсен. Жеке басым, достарыма атамның соғысқа барып, ел қорғағаны жайлы баяндап отырамын. Бұл да бір тарих. Сол кездегі бір жапырақ «қара қағаздың» ішінде талай қасірет жатқаны да мәлім. Ата – бабаларымыз Берлинде соғысқан, демек, қаза тапқандардың мәйіті де сол жерде жерленбей ме?! Ой таразысына салып қарайықшы, сонда, есіл ерлерге туған елдің топырағы да бұйырмаған ба?

Дәл осы жерде, жаулықтылардың еңбегі, шеккен азабы да өлшеусіз. Сырт жұмысты да, үй шаруашылығы, бала тәрбиелеу де осы бұрымдыларға жүктелген болатын. Қазақтың қыздары осы абыройлы есімді кірлетпей алып шықты. Алладан жарының соғыстан аман оралғанын тіледі. Төрт жылы, төрт ғасырдай болып, үміт шырағын өшірмей, қазақ аруы қайсарлықпен төзе білді. Сонымен бірге соғысқа өз еркімен сұранып барып, қолдарына суық қару алған аруларымыз да аз емес. Мәселен, Әлия Молдағұлова – снайпер, Мәншүк Маметова – пулеметші, Хиуаз Доспанова – ұшқыш қыздарымыз.

Шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүк туралы айтып жатудың өзі артық. Ә.Молдағұлованың бір басына тоқталар болсақ, ол үрімдей жас кезінде, яки, он сегіз жасқа әлі толмаған шағында соғысқа аттанады. Буыны қатпаған қыз өзінің он сегіз жасқа әлдеқашан толып кеткендігін айтып, майданда фашистпен соғысуға жүрексінбегені мені әлі күнге дейін таңғалдырады. Ал, Мәншүк Маметова әйгілі «пулеметші» қыз, Х. Доспанова тұңғыш қазақтан шыққан ұшқыш қыз. Бір қызымыз қолына пулемет алып, бір қызымыз садақ алып, бір қызымыз көкке самғап, дұшпанмен айқасты. Батыр қыздарымыздың жаны жәннатта болсын!

Пах, шіркін! Алланың құдіреттілігінде шек жоқ. Бір қазақтың бағына небір дара батырлар мен ержүрек тұлғаларды бере салған. Бауыржан атамыздай нағыз жауынгердің өзі дәл осы сөзіме айғақ бола алары сөзсіз. Қазақтың маңдайына біткен, бітімі бөлек тұлға – Бауыржан Момышұлы. Халық қаһарманы ерен ерлігімен ел есінде қалды. Ол «соғыста кез – келген амалды қолдануға болады» деп тұжырым жасаған. Сонымен қатар ол өзінің керемет тактикаларымен жау жасағын жер жастандырған деседі. Бұл оқиғаны көзіммен көрмесем де, «қазақ» деген ұлы халықтан осындай өр тұлға, тәжірибелі қолбасшы, рухты батыр шыққанына күмәнім болмас еді.

Соғыс... Осы бір сөз көңілге үрей ұялататын, айтылуы суық естілетін сөз. Шағын зерттеуім бойынша, «соғыс» сөзі, «қақтығыс» немесе «қақтығыс» деген сөздерінің баламасы. Біз бұларды күнделікті өмірде қолданамыз. Ал, осы бір болмашы сөз бүкіл елге қайғы қасірет әкеледі емес пе?! Әрине, бұл сөз екі ел арасында дәнекер болмасын деп тілеймін.

Адам өміріндегі жеңіс деген қуаныш, толқыныс, алға қарай ұмтылуға керекті құрал.

1945 – жыл. Соғыс бітті... Жеңіс... Осы бағалы сөзді естіген жұрттың сезімі қандай болды екен. Бөрікті аспанға лақтырып қуанғалы міне 71 жыл. Аналар көзіне жас алып, балалары қам көңілмен әкесімен, асыл жарын сарыла күткен арулар сағыныса қауышқан сәт. Әрине, бір өкініш, көңілде кірбің қалды. Қағазға түскен сия секілді, бұл қайғы – қасірет ешқашан, ешуақытта көзден кетсе де, көңілден кетпек емес. «Қара қағаз» алған жанұялар тіректері мен жүректерінен айырылған сезімді бастан кешіргені белгілі. Ажалымен жасы келіп қайтыс болған адамның өмірден өтуінің заңдылық екенін түсінесің, ал бірақ он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздар

мен бесіктен белі шықпаған, аузынан ана сүтінің дәмі кетпеген жап – жас ұлдарымыз жау қолынан қаза тапты. Бұл, не дегенмен ауыр, үлкен қасірет.

Ел үшін ең маңызды нәрсе – тәуелсіздік, еркіндік. Және осы дүниелердің жолында талай сыннан болсын өту керек. Соғысу керек болса, соғысуға тура келетін кез болады. Міне, осылай ата – бабаларымыз «тәуекел түбі – желқайық» деп, жаудан тайсалмады. Елдің де күткені сол еді, жеңіс туын желбіретіп, ұрпаққа талай өнегені насихаттап кетті. Ендігі жерде жас жеткіншектер сол ерен ерлерімізге еліктеп, нағыз қазақтың ұландары болғай деп тілейік.

Дәл осы соғысқа дейін де, кейін де қазақ халқының көрмегені жоқ. Құдды бір ертегі дерсің. Тіпті ертегінің өзі дәл осы оқиғалардай қызықты бола алмас. Осыншама тауқыметті арта отырып, халқым бірлігі мен татулығын жоғалтқан емес. Қашанда барлығын да бірге көрді. Басқа елдің азаматтарын үйіне қонақ етіп, төрінен орын берген. Қонақжайлылықпен қарсы алып, аузындағысын жырып беріп, достық ықыласын білдірген қазақтың байырғы дәстүрі де өз жалғасын тауып келеді. Елімізде 130 – дан астам ұлт пен ұлыс бар. Ешкіммен қырықпышақ болмай мәнді де, сәнді өмір сүрудеміз. Ал бұл көрегенділіктің бәрі көпжылдық тәжірибе. Кеше ғана «Қазақ хандығының 550 жылдығын» тойлаған едік. Бұл жай ғана мереке емес, бұл бүкіл қазақтың өткені мен бүгінін саралайтын, жастарға қазақтың сан ғасырлық тарихының маңызының қандай екенін ұғындыру мақсаттарында тойланған мереке. Осының барлығы тәуелсіздігіміздің жемісі.

Ендігі ұрпақтың міндеті – мол біліммен қаруланып, кең – байтақ жерімізді теріс пиғылды жаудан қорғау. Иә, расында да, осы елдің болашағы бізбіз. Замандастырыма «біздің тәрбиелі, білімді, ізденімпаз, намысты, мақсатты, намысты болуымыз абзал. Тарихтың «алып қазаны» қайнап жатыр. Ерлік пен елдіктің «жанды толқындары» жағаға ұрып, жаны байыз таппай толқиды. Бұл толқу бостандықтың күйін шертеді. Тәуелсіз болу – ешкімге кіріптар болмау, өзіңнің «менінді» таныту, гүлдену, көркею жолында ата – баба дәстүрі мен ізгі салттарын санаңа сіңіру, өз байрағыңды көкке көтеру.

Мен жұдырықтай ғана жүрегіммен жаңа ғасыр көгінде тәуелсіздігіміздің әрі қарай да тұғырлы болатынына сенемін. Мен сенемін Қазақстанымның нұрлы да шуақты күндерінің боларына, білімді де өнегелі ұлдарының жетістіктеріне, бүкіл әлемнің «Қазақстан!» деп таңдай соғарына !

Жеңіс туы мәңгі желбіреп, әлемде соғыс болмасын, еліме ашық аспан, алтын күн тілеймін. Ұрпағы рухты, қызы инабатты, ұлы намысшыл, қарты сыйлы, ең бастысы – халқының бірлігі бекем ұлт болайық!

Сырым Алтынай

№ 19 мектептің 8-сынып оқушысы

Ерлікке тағзым

Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлинктегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ.

Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз. Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің аталарымыз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көзқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды

болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған. Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас- түйіндей бекілді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24% жеткен. Ал екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12 % болған. Осы деректен-ақ тылдағы еліміз залқына қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Салмақ әйелдер мен жасөспірімдерге түсті. Соғыс жылдары өнеркәсіпте еңбек еткендердің 50% жеңіл, сондай- ақ тамақ өнеркәсібінде 85-90%, ауыл шаруашылығында 80% астамы әйелдер болды. Жастар жұмыс істейтіндердің 35-40% құрған. Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. Бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бұл сан бірде 97, бірде 98 болып беріліп келген болатын.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті.

Соғыстың от-майданында жүріп «алты малтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар қасиетке сын болған алапат қиыншылықта өзінің азаматтық арына дақ түсірмей, тіпті дәлірек айтсақ қазақ ұлты ұландарының ерлігі мен мәрттігі, жанкештілігі мен төзімділігі туралы бүгінгі ұрпаққа жеткізген кешегі өткен Бауыржан Момышұлы мен Қасым Аманжолов,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жұбан Молдағалиев бастаған жазушылар мен ақындардың шығармашылық ерлігін, бүгінгі ортамыздағы қайырымдылық пен әділдіктің, патриоттықтың жыршысы мен күзетшісіндей Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әзілхан Нұршайықов, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев және басқаларды айту парыз.

Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз, өйткені, олар біз үшін, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Төлепбергенқызы Аяжан

11 сынып оқушысы

Махамбет атындағы орта мектеп

Атырау облысы Индер ауданы

Жетекшісі: Махметова Мерует Аскаровна

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды

Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік.

Бауыржан Момышұлы

Соғыс... Осы сөзді естігенде жан дүниемді қорқыныш сезімі билеп, жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай атқақтайды. Міне, соғыс дауылының бізден алыстап бара жатқанына да 71 жыл толмақшы. Әрине, ауызға айтуға оңай.... Бұл соғыс қаншама боздақтың жанын қиды, қаншама ананы жесір қалдырды, қаншама баланың ең бір қимас кезеңі балалық шағын ұрлады.

Ұлы Отан соғысы...Бұл сол кездегі қайсар халқымыздың ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Иә, содан бері 71 жылға жуық уақыт өтсе де ешкім де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Немене жетістің, бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақтар қимастығы мөлдіреп тұр. Аталарымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, қасық қаны қалғанша беріспей, жаудың тауын шағып, өз туымызды тігіп, жеңістің таңбасын басқан күн- Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, болашақ ұрпақтары үшін қуаныш төгілген күн. Сондықтан бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, терімен, қанымен сыйлаған Жеңіс күнін ұрпақтары ұмытпақ емес, тіпті оны тарихтың ақтаңдақ беттері де ұмытпайды. Ол- өмірдің заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күштің аты "бірлік".

Менің де атам (атамның әкесі) Тауғыстауов Нәби жас кезінде Отанын қорғауға соғыс даласына аттанып, туған жерге оралмады.

Күндегі әдетімше сабақтан үйге келсем атам үлкен қара шабаданын ақтарып отыр екен. Бір парақ қағазға үңілгені соншалықты, қасына келген адамды да байқар емес. Хатты сан рет қайталап күбірлеп оқыды да, көзінен домаланған бір тамшы ыстық жасы әбден сарғайып кеткен парақтың бетіне ағып түсті. Жалма- жан хатты бірнеше рет бүктеді де, кеудесіне қысып терең тыныс алды. Осы көрініс сірә менің жаныма қатты батып кетті білем, мен де еріксіз сарғайған үшбұрышты параққа қолымды создым. Бұл менің атамның әкесінің сонау майданнан отты жылдарда жазған үшбұрышты хаты екен....

Хат қара сиямен оқушы дәптерінің бетіне жазылыпты. Арада жетпіс жылға жуық уақыт өткеніне қарамастан жазуларды қиналмай оқуға болады. Қолтаңба да көрікті. Әріптер тайға таңба басқандай ап-анық. Хаттан көз алар емеспін. От-жалын арасынан сытылып шығып, туған топыраққа аман-есен жеткен қасиетті де қастерлі дүние ғой бұл. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы осындай үшбұрыштардың әрқайсысының қайғылы немесе қуанышты тарихы бар.

Қазақ халқы үшін қасиетті де құнды дүние - Мұхтар Әуезовтің "Абай жолы" кітабы болса, менің атам үшін де қара шабаданда сақталған осынау бір хаттың қасиеті мен қадірі ерекше еді. Атамның айтуы бойынша әкесі Тауғыстауов Нәби атамыз 1941 жылы соғыс басталғанда елдегі азаматтармен бірге соғысқа аттанған. Сол кезде артында жары мен екі баласы қалыпты. Сол екі баланың үлкені- менің атам еді. Нәби атамыз 1285- атқыштар полкі құрамында Воронеж қаласы маңындағы ұрысқа қатысқан. Сол кезде ұрыс даласында өзімен қатарлас ауылдас 3-4 жігіт болыпты. Майданнан келген хат саны екеу. Соңғы хат 1942 жылы келген. Міне сол ақырғы хаттан кейін көп кешікпей қасіретті "қара қағаз" келген. Нәби атамыз жаудан елімізді қызғыштай қорғап, майдан даласында ерлікпен қаза тапқан. Хаттың мазмұнына үңілетін болсақ: "Аман-есенбісіңдер туған ел, туған туыс. Әзірге аман, денім сау жүрмін. 26/ҮІІ -нен бастап оборонда жатырмыз. Екі жақтың әскерінің арасы 400 метр. Қасымдағы ауылдас достарымның бәрі де аман-сау. Бізге хат бір ай дегенде келеді. Сондықтан хатты жиі- жиі салып тұрыңдар. Аман-есен қауышқанша қош сау болыңыздар. 4/ҮІІІ.1942 жыл" делінген. Көз алдыма жанында қаруы, осы хатты шұқшия жазып отырған атамыздың бейнесі елестеді. Әр хаттың мазмұнына терең үңілетін болсақ, жас жауынгердің майданда жүріп-ақ, туған елге деген сүйіспеншілігін, жасаған ерлігін көруге болады. Хат жолдарынан атамыздың бауырмал, жанашыр, жаны ізгілікке толы адам екенін байқадым. Бұл хаттарда атамыздың қолдарының табы, ізі бар. Қалайша қуанбасқа?! Атамыздың қолы тиген хаттарды өз қолыммен ұстап отырмын. Қалай тебіренбессің, қалай толқымассың! Хаттағы әр жолдардың ар жағында атамыздың ыстық жанары, окоптағы қиыншылыққа толы күндері мен Жеңіске деген сенімділігі тұр емес пе?!

Иә, бұл сұм соғыс кімді жетімсіретіп, кімді жылатпады дейсіз? Талай жанның жүрегін жаралап, талай бүлдіршін баланың балалық шағын ұрлағаны сөзсіз. Құрғақ мәліметтер мен деректерге қарағанда, кескілескен ұрыс даласында әрбір әрпін әдемілеп, сөздерін жинақтап, сөйлемдерін мәнерлеп, майын тамызбаса да, жанын шүберекке түйіп отырып жазған осы хаттар- майдан алаңында болып жатырған оқиғалар туралы нақты мәлімет береді.

Соғыс жылдарындағы хаттар..... сарғайған, ескірген хаттар. Майданнан келген хат- біздің отбасымыздың құнды жәдігері. Атамыздың әкесіне деген сағынышын басатын жалғыз жұбанышы. Арада жетпіс бір жыл өтсе де, мәні мен маңызын, толқытуын тоқтатпай оқылатын бір жапырақ қағаз. Әріптері өшіп, сарғая бастаған хат беттерінде сол соғыстан үйіне оралмағандардың, оралса да, соңғы демі қалғанша соғыс жарасы кеудесіне із салған жандардың даусы естілгендей...

Хаттар мазмұнын кейінгілерге жеткізуді мен аталар алдындағы перзенттік борышым деп санаймын. Бүгінгі бейбіт өмір кешкен жеткіншектер сол хаттардың жазылу тарихына мән беріп, үлгі алса, ол да бір ғанибет болар еді. Сұрапыл жылдардағы хаттарда жазылған қасиетті сөздерді жариялау арқылы қан майданда қар жамылып, мұз жастана жүріп, ерліктің сан үлгісін көрсете білген жерлестеріміздің Отанға, отбасына, бауырлары мен туыстарына деген адалдықтарын өскелең ұрпаққа үлгі ете алсақ екен. Майдан даласынан жазылған жауынгердің үшбұрышты хаттары құнды дерек болып, санамызда мәңгі сақталатынын барша адамзат түсіне білсе ғой...

Хаттар. Майдан хаттары. Атамның хаттары. Отанын шексіз сүйген, сол үшін жанын қиған патриот жауынгердің, қазақ ұлының жүрек лүпілі, елге деген ыстық сағынышы.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске үлес қосқан ардагер аталарымыздың қаһармандық рухы ұрпақтан - ұрпаққа өнеге болады деп санаймын.

Төлеуғали Асыл

8 сынып, Н.Тілендиев атындағы
Кіші өнер академиясы, Атырау қаласы
Жетекшісі: Темірғалиева Ақтоты Болатқызы

Жеңіс алыптары

Елбасымыздың «Нұрлы жол-болашаққа бастау жол» атты жолдауында «2015 жыл-ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өтті. Қазақстанның жарқын болашағының салмақты ұрпақтары тәуелсіздіктің қандай қиындақпен келгенін білу керек деп те айта кетті.

Жетпіс жылдың жетегіне тығылған,
Сұм соғыс ол әр жүрекке сұғылған.
Балалары қимай, жылап әкесін,
Жүгірем деп соңдарынан жығылған.

Осынау өлең жолдары сұм соғыстың қианатынан, көрсеткен азабынан сыр шертетіндей. Қаншама бейкүнә сәби әкелерінен айырылып, жетім қалды. Соғыс болған жылдар аралығында көп қиындықты бастан өткеріп, отбасыларына асықты. Кейбір жандардың арманы орындалып, отбасыларына оралғандар бар, бірақ жастай кетіп, майданда жан тапсырғандары қаншама. Жау жетегінде кеткен батырларымыздың көз жасы, елім үшін деп тамған қан, аққан тер бәріде ел есінде мәңгі сақталады. Ұлы жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. 1945 жылдың 9-мамырында дәл осы қуанышты хабарды естіп халық дүр сілкінді, қуаныштарында шек болмады. 5 жыл бойы айдаһардай төнген күн, осы күні қуанышпен ашылды. Жеңіспен қайтқан жауынгерлерге алғыс жаудырып, қуаныштан көздеріне жас алып жатты. Жеңіске жетеміз деген жігер оларды аман сақтап қалды. Осы соғысқа тек ер азаматтар ғана емес, еліне деген махаббаты шексіз аруларымызда аянып қалған жоқ. Қолдарына қаруларын алып, қан майданның ортасында шайқасқан апаларымызды үлгі тұтамыз. Жазықсыз миллиондаған адамдар қаза тапты. Миллиондаған адамдар мүгедек болып оралды. Миллиондаған адамдар бет алды босып кетті. Бірақ бәрібір жеңіс туы аспанға көтерілді. Осынау соғысқа қатысқан Қазақстандықтардың қанымен, жанымен, көз жасымен келген жеңістің арқасында осындай шалқып күн кешіп жүрміз.

Қазіргі таңда қазақ жері кең байтақ, шексіз, жазира мекен. Осындай байтақ елде өмір сүріп жатырған әрбір адам бақытты. Қазіргі таңда бәрі бар, бәрі де жетеді. Тәуелсіз, бейбіт, байтақ елде өмір сүреміз. Бірақ, осының бәрі кімнің арқасында келді, қандай қиындақпен келгенін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ұмытпаған абзал. Біз үшін, келешек ұрпақ үшін деп шарық ұрған азаматтарымызды ұмытпайық.

Жеңіске 71 жыл толуына көптеген еске алулар, шерулер, мерекелер тойланады. Және де осы соғыстың ардагерлеріне сыйлықтар табыс етіліп, батырларды еске аламыз. Соғыста жандарын пидаеткен боздақтарға бас иіу біздің парызымыз. Біз жеңіс күнін жақындатқан, жан аямай фашисттерге шапқан жауынгер батырларға қарыздармыз. Олардың рухына дұға бағыштаймыз. Олар қазақ елінің қандай айбатты екенін көрсетті, елдің басынан төнген қара бұлтты ысырып тастады.

Тұралова Гүлсезім

10- сынып, Б. Бегалиев атындағы орта мектебі,
Атырау облысы, Құрманғазы ауданы
Жетекшісі: Бактигереева Жанар Мендихановна

Ұлы Отан соғысы

Соғыс. Естігенде денең тітіркеніп, жүрегің мұздап, бойың дір ете қалады. Соғыс ол күйретуші күш. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, халықты зар жылатқан, жас бүлдіршін балаларды жетім қылған, аналардың сүйеніші болған ер азаматынан, көз айым болған тірегі баласынан айырған, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын аты жаман ажал. Сондай бір қазақтың басынан өткен ауыр кезең – Ұлы Отан соғысы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта өзінің ойып тұрып орнын алған, мәңгі есте қалатын күн. Сонау 1941 жылы басталған бұл соғыс тып-тыныш жатқан қазақ ауылының тыныштығын бұзған. Ойда жоқ та жым-жырт жатқан ауыл тұрғындарына фашистік германия әскері шабуыл жасап, қаладағы, ауылдағы жас бозбала жігіттерді, ағаларды жаппай әскер қатарына қосып, тіпті апаларымыз да соғысқа аттанды. Сол бір азаттық жолындағы күрес үшін аға – апаларымыз өз жанын аямады. Олардың елім, жерім, халқым деген жүректері тек тәуелсіздік, азаттық, бостандық деп соқты. Олардың елі мен жеріне деген махаббаты соншалық өз денесін оққа тосты, жеңіс жолында аянбай еңбек етті, өмірлерін пиде етті. "Отан үшін отқа түс-күймейсің, Отан отанда ыстық" – деген мақалдар осыдан, осы аға – апалардың ерлігінен қалған тәрізді. Бұл соғыста қаншама бауырларымыз қаза тапты, отан алдындағы борыштарын ерлік пен атқарып қаза тапты. Қаншама күн, қаншама түн, аспаннан қарша бораған оқтар, зеңбіректер мен танклердің гүрсілдеген дауыстары, күннің ыстығы мен суығына, азық- түліктің аздығы, киімнің жетіспеушілігі, төсек – орынның болмауына қарамастан жеңіс деп ұрандап алға шапты. Осындай ер жүрек қазақ ұлдарының намысын, өр рухын ояту үшін, күшіне- күш қосу үшін қазақтың ақындары, әншілері, тіпті балуандары өз үлестерін қосты. Әнші апаларымыз қалаларды аралап, ар түрлі казармаларға барып сарбаздарды соғысуға шақырып өздерінің әндерін айты. Сол сияқты қазақтың аттақты балуаны Қажымұқан атамызда үлесін қосты. Ол 1944жылы неше түрлі шоуларды әр түрлі қалаларға іс-сапармен барып өзінің өнерін көрсетеді. Барлық шоулардан 100 мың сом жиналады. Осы қаржыға ұшақ сатып алып, оны Амангелді Иманов атымен атауды өтініп, Жеңіс қорына аударды. Қажымұқан атамыздың көмегіне Сталин 29-ыншы қазанда рахметін айтып хат жолдайды. Сонымен қатар ақын ағаларымыз да сарбаздарға өзінің отты жалынды алмастай өткір өлеңдерін шығарып оларға рухани қолдау көрсетіп, ел үшін, жер үшін соғысуға үндеді. Солардың бірі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жамбыл Жабаеттың "Ленинградтық өренім" атты шығармасы." Ленинградтық өренім" деген өлеңі жау қоршауында қалған қаһарман қаланың қорғаушыларына, сарбаздарына рух берді, қуат қосты, оларды жігерлендірді. Оның:

"Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көнгелі!
Жасағамын өмірді,
Жау біткенде жеңгелі.
Саудыратып сүйегін,
Топыраққа көмгелі.
Қазақстан жерінен,
Тұтанғандай ел кегі.
Жолды кернеп қол кетті,
Сендерге дем бергелі.
Нева алабын қорғандар,
Ленинградтың ерлері.
Ұрапаққа үлгі болыңдар,
Заманымның өрнегі!"

– деген жолдарынан сарбаздарға елдерінді, жерлерінді қорғандар, азамат ретіндегі борштарынды орындандар дегенді ұғуға болады. Сонымен қатар әскер қатарына, 1941-1945 жылдары майдан шебінде соғысқа қазақтың 100-ге жуық ақын – жазушылары қатысты. Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов сынды қаһарман партизандар жау тылында аянбай шайқасты. Барлық Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО бойынша 27 млн азаматынан айырылды, оның шамамен 4101 мыңы Қазақстандықтар. Сонымен қатар Ленинградты қорғауға, оның түбіндегі жау әскерлерін талқандауға Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар 310, 314-атқыштар дивизиялары қатысты. Мындаған қазақстандықтар Ленинград түбінде ерлікпен шайқасты. Қазақстан халқы Ленинградтықтарға азақ-түлік пен делегациялар жіберіп көмектесіп отырды. Фашистердің Шығыс майдандағы әскерлерінің көбіне жуығы Ленинград бағытында шоғырланды, осы елеулі күшті талқандауға кеңес әскерлері асқан ерлік көрсетті. Солардың арасында менің атам Өтеуішов Хасанда болды. Атам екінші дүниежүзілік соғыс кезінде неміс–фашист әскерлерінен Ленинградты қорғау мақсатымен 1942-інші жылы майдан шебіне аттанған. Әжемнің айтуы бойынша атам майдан шебінде қаза тапқан. Атамның нақты қай жерде қаза тапқаны белгісіз. Атамның есімі Атырау облысы Құрманғазы ауданы Еңбекші селосындағы боздақтар тақтасында жазылған. Мен өзімнің батыр атам мен мақтанамын, оның Ленинград түбінде ерлікпен шайқасқанын естігенде, кеудемді қуаныш кернейді. Міне содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтседе, еш нәрседе ұмытылған жоқ. Бізді осындай күнге жеткізген сол аталарымыздың, ер жүрек ағаларымыздың, батыр апаларымыздың ерен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

еңбектерінің, күш-қажырлығының,ерліктерінің арқасында біз осындай тамаша күнге жеттік.

Ұлы Отан Соғысында 11600 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілсе, олардың Қазақстаннан шыққандары-497, оның 97-і-қазақ.Бұл құрметті атақ алғаш рет 1941 жылдың 22 шілдесінде 19-танк дивизиясының командирі, аты аңызға айналған қазақ Бауыржан Момышұлына берілді. Сонымен қатар төрт қазақстандық ұшқыш Т.Я.Бегелдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов және С.Д.Луганский- Кеңес Одағы батыры атағын екі мәрте ие болғандар. Шығыс қыздарының арасында бұл құрметті атақты алған Мәншүк Мәметова және Әлия Молдағұлованың орындары айырықша. Сондай-ак Кеңес Одағы батырына ие болғандардың ішінде асқан ерліктерімен көзге түскен С.Баймағамбетов, Т.Тоқтаров, А.Ыбыраев, М.Ғабдуллин, Н.Әдіров, Ы.Сүлейменов және қазақ халқының аяулы ұлдары бар. Олардың ерліктерін ұрпақтар ешқашан ұмытпайды. Осылардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын көтеріп, жеңістің таңбасын басқан күн- Жеңіс күні. Бұл күннің толағы ашщы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондық бұл күн қазақ халқы үшін ең маңызды ұмытылмас Ұлы мереке. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске еш нәрсеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш- әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Қазақ елі басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер, қайтпас-қайсар, өр рухты халық. Ләйім алла басымызға енді мұндай күн туғызбасын, еліміз аман, жұртымыз тыныш, тыныштықта, тәуелсіз егеменді елде бейбіт өмір кешейік.

Шалхарова Жаннұр

7-сынып, № 9 жалпы орта білім беретін мектеп
Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы
Жетекшісі: Сыдықова Нағима Юсупқызы

«Отбасылық альбомның кейіпкері»
(соғыстың ызғары маңдайына тиген отбасы мүшелері туралы әңгіме)

... Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар,
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар.
...Көтерді бәрін ауырдың
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жарын арудың,
Соғыстан қайтқан солдаттар...
С.Мәуленов

Жылыой ауданы, Жаңатаң ауылында тұратын нағашы атамның ауылына барған сайын мен ыстық ықыласқа, шексіз мейірімге бөленіп қайтамын. Әсіресе, ұнататын ермегім- нағашы атам мен әжемнің басынан өткен естелік әңгімелерін тыңдау. Ол кісілер айтып отырған әңгімелерді естіп отырып, бейне бір ертегі тыңдағандай әсерде боламын. Ал анам, балалық шағын еске түсіргісі келе ме, ауылға барған сайын, міндетті түрде отбасылық альбомды қарайды, әрине, онымен бірге біз де отыра қалып альбом ақтарамыз.

Сондай бір альбом қарау кезінде мен альбомның алдыңғы жағына ұқыптылықпен жапсырылған ескі фотолардағы екі әйел адамның суретін көрдім де, қасымда отырған әжемнен «Мына кісілер кімдер?» деп сұрадым. Сол кезде әжемнің жүзінде ерекше бір толқыныс пайда болып: «Бұл кісілер-менің әжем мен анам» -,деп жауап берді. Мен: «Олардың аттары кім? Қашан қайтыс болған?» -,деп сұрағымды жалғастырдым. Әжем фотоларды қолымен аялай сипап: «Әжемнің аты-Ұлбала, мамамның аты-Қанымзия. Ей, арманда кеткен жарықтықтарым-ай...» -,деп ауыр күрсініп, көзіне жас алды. Барлық балалар сияқты әжемнің де әжесі мен анасын сағынатынын білетін жасқа жетіп қалсам да, неге сондай бір аяныш, өкініш сезіммен еске алғанын түсінбеген мен көкейімдегі сан сұрақты: «Осы кісілер, өзіңіздің отбасыңыз туралы айтып бере аласыз ба?» деген бір сұрақпен ғана сыртқа шығардым. Аз үнсіздіктен соң әжем менің қызығушылық танытқанымға риза болғандай, басымнан сипап отырып, төмендегі әңгімені айтып берген болатын:

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Менің әкем, Төлепов Бақтығали, 1908 жылы туған екен. Әкем 1940 жылға дейін Гурьев облысы, Талғайраң ауылында түрлі шаруашылық саласында еңбек еткен. Отбасындағы қарт әкесі мен анасының, апасы Зибаның, жары Қанымзияның жалғыз асыраушысы, тірегі болып, қандай ауыр жұмыстан аянбайтын әкем өз ортасына сыйлы, еңбекқор, салмақты адам болған екен.

1940 жылдары «Байшонас деген жерде мұнай саласына жұмысшылар қажет екен» дегенді естіп, отбасымен сол жерге көшіп келеді. Көшіп келген соң мұнай өндірісіне жұмысқа орналасып, сол салада жұмыста жүрген кезінде 1942 жылдың жаз айында Ұлы Отан соғысына аттанады. Әкем соғысқа кеткенде мен бесікте жатқан алты айлық бала екенмін, мен туған кезде атам, Оразбайұлы Төлеп, «барлық соғысқа кетіп жатқан азаматтардың жолы болсын» деген тілекпен мені атымды Жолдықыз деп қойыпты. Әкем мен анамның менен бұрын төрт баласы болған екен, барлығы кішкентай кездерінде бірінен –соң бірі шетінеп кеткен. Аңсап, сағына күткен баласы болған соң ба, әкем мені ерекше жақсы көріпті.

Жылап-сықтап, қимастықпен шығарып салған әкемнен кеткен кездері екі хат келген, екеуі де қысқа жазылған. Бірінші хатында «Қай жер екені белгісіз, бір станцияда тұрмыз. Бір жерге орналасқан соң хабарымды айтармын» деп жазған. Екінші хатында «Барар бағытымыз белгісіз, сірә, соғысқа алып бара жатқан сияқты» делінген. Содан бастап еш хабар болмаған, қара қағаз да келмеген. Әкесі мен анасы, сүйген жары өмір бойы жолына қарап күтуменен қалған ғұмырын өткізген ғой. Мен сол кезде бала болсам да, сол кісілердің баласын сағынып жылағаны, неше түрлі түс көріп, бір-біріне жақсылыққа жорытып, үміттерін үзбей, тілегін тілеп отыратындары есімде қалыпты. Әкемнен келген хаттарды үлкен кісілер көздерінің қарашығындай сақтап жүреді екен, ол кісілер өмірден өткен соң, кейінгі келіндер жоғалтып алған.

Мамамның айтуынша, отбасын асырап отырған әкем соғысқа кеткен соң, үйде қалған жандар қатты қиыншылық көрген.

Атам Төлеп сол кезде жасы 70 –тен асқан қарт адам екен, қара жұмысқа жарамсыз болған, дегенмен бар қайратын жиып, әлінің келгенінше азын-аулақ малды жайғап, үйдің сыртқы шаруасын жасайды екен. Атамның алғашқы әйелі қайтыс болған соң алған жары Оразбаева Ұлбала мен он бес жасар әпкем Зиба сол үйдегі жұмысқа жарамды адамдар ретінде колхоздың малын бағып, суын тасып, күн-түн демей қара жұмыста жүріп, табыс тапқан. Ал менің анам Қанымзия қолында жас баласы болуына, бірінен соң бірі шетінеген балаларының қайғысынан денсаулығы кеміс болуына байланысты сыртқы жұмыстарды жасай алмаған, бірақ үйде жұмыстағы енесі мен қайынсіңлісінің жағдайын жасап отырады екен. Сол жылдары киетін жөні түзу киім жоқ,

аурушаң анам үйдегі екі ешкінің жүнін түтіп, жіп иіріп дайындап, иірілген жіптен 80-ге жақындаған қарт атам бір инемен жұмысшыларға, үйдегі адамдарға қолғап, шұлық тоқып береді екен.

Әкемнің мұнай бұрғылау саласында жүріп соғысқа кеткендігіне байланысты маған ай сайын азғандай ақша шығып тұрған, сол ақша мен әжемнің тапқан шамалы табысын қосып бір үйлі жан жан баққан. Атамның туыскандарының барлығы Жайық бойында қалған, олармен қатынасуға, көмек сұрауға жағдай болмаған.

Әпкем бізге көмектесетін ер-азаматтың болғанын қалап, бір жағы өзінің жүрек қалауыменен ерте күйеуге шығып кеткен. Жездеміз жақсы азамат болып шығып, үнемі біздің үй ішімізге көмектесіп отырғанды.

Атам мен әжемнің күндіз-түні тілегені-жалғыз ұлының амандығы болып сағыныштан сарғайып дүниеден өтті. Соғыс аяқталған соң, үкілеген үміттері үзіле бастады ма, кім білсін, туған інісі Досанғалидың ұлынан туған тоғыз жасар Көптілеуді бауырына салып, немересі меніменен қатар аялап өсірді. Көптілеуден, шүкір, қазір біраз ұрпақ бар.

Шешем сол кезде жас болса да, екінші рет күйеуге шығуды тіпті ойламаған, өмір бойы «Ертең, құдай қаласа, Бақтығали келгенде...» деп армандап отырады екен. Көптілеуді де аналық мейіріммен тәрбиелеп өсіріп, соның қолында 1986 жылы дүниеден өтті.

Мен әкенің жылуын сезбей өстім, бірақ екі шешем ешкімнен кем қылмай өсірді. Ол уақытта әкесі бар бала аз болатын, сондықтан ешкім «Сенің әкең жоқ» деп кемсіткен жоқ. Тек жаныма бататыны-әкемнің еш белгісіз қалып, ең болмаса бір дерегі шықпағаны. Інім Көптілеу әкем туралы барынша мәлімет іздестіргенімен, еш дерек табылмады. Бар тапқанымыз-«Төлепов Бақтығали Байшонас ауылынан 1942 жылы соғысқа кетті»-деген «Боздақтар» кітабына енген бір ғана жол»-, деп әжем бір күрсініп әңгімесін аяқтады. Біз ұзақ ойланып отырып отырып қалдық...

Дерек бойынша, соғыстың алдында Қазақстанда 6,2 млн. адам тұрған. Соғыс жылдары қолына қару алып, майданға 1,9 млн. адам аттанған. Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар екен. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл - қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны.

Солардың бірі- аты белгісіз болып қалса да, Жеңісті жақындатуға сәл де болса өз үлесін қосқан белгісіз солдат, менің әжемнің әкесі - Төлепов Бақтығали.

«Біреудің аспандағы асылымын, біреудің жұртта қалған жасығымын...»деп, ақын Қ.Аманжолов айтпақшы, ол-біреуге белгісіз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

солдат болса, ата –анасы мен асыл жары, қызы үшін зарыға күткен, қол жетпеген аспандағы асылы.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы, Ұлы Отан соғысының басталғанына 75 жыл толуы қарсаңында жылдағыдай сол бір сұрапыл соғысқа атсалысқандарды марапаттау, белгісіз жауынгерлерді анықтау, тылда еңбек еткендердің үлесін бағамдау жұмыстары жүргізіледі.Баспасөз беттерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында соғыс және тыл ардагерлері туралы көптеген материалдар жазылады. Мүмкін менің нағашы атам туралы бір дерек шығып қалар деп биыл да іздестіретін боламыз...

Ал әзірше менің қолымнан келгені-соғыстың ызғары маңдайына тиіп, жандарын жаралаған, сағыныш пен үміт арқалап өмір сүріп дүниеден өткен осы бір жаны нәзік, рухы мықты жандардың аруақтарына бас ие отырып, осы шығарманы жазу болды. Қазіргі ең басты арманым- әкесі туралы дерек тауып, әжемді бір қуанту...